

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ»
ОҚУ ПӘНІН (10-11-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРЕПОДАВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА
«ОСНОВЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И БИЗНЕСА» (10-11 КЛАССЫ)
ПО ПРОГРАММАМ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешіміменбаспаға ұсынылды (2020 жылғы 18 қараша № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 ноября 2020 года)

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 246 б.

Методические рекомендации по преподаванию учебного предмета «Основы предпринимательства и бизнеса» (10-11 классы) по программам обновленного содержания образования. Методические рекомендации. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 246 с.

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдамада жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, оқушылардың оқу жетістіктерін дамытатын, ойлау дағдыларын қалыптастыратын, болашақта кәсіпкерлікке және мамандық таңдауға бағыттайтын оқытдың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдама педагогика саласының қызметкерлері мен оқушыларға, ата-аналарға және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

В разработке методических рекомендации по преподаванию учебного предмета «Основы предпринимательства и бизнеса» (10-11 классы) по программам обновленного содержания образования в рекомендации представлены особенности организации учебного процесса на основе обновленной образовательной программы, эффективные методы и приемы обучения развивающие учебные достижения учащихся, формирующие навыки мышления, ориентирующие их на предпринимательство и выбор профессии в будущем.

Методические рекомендации предназначены для работников сферы педагогики и обучающихся, родителей и других заинтересованных лиц.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020.

© Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2020

КІРІСПЕ

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік – шаруашылықтың маңызды қызмет түрі болып табылады. Өз ісін ақылмен саралай алатын, тәуекелге бара алатын, басқарушылық, ұйымдастырушылық қабілеті бар және алдына қойған мақсатына жете алатын адамды кәсіпкер деп, ал олардың іс-әрекеті кәсіпкерлік деп аталады. Кәсіпкерлік өз ынтасымен тәуекелге бел буа алатын, жеке табыс пен пайда табуға ұмтылған азаматтардың қызметі.

Кәсіпкерлік кез келген адам айналыса алатын әрекет түрі. Табысты кәсіпкер болу үшін білім, іскерлік, қабілеттілік, күш-жігер, жауапкершілік, табиғи дарын болуы керек. Әйгілі ғалым Б. М. Теплов «Әрбір кішкене жұмыстан түпкі мақсатқа жетудің баспалдағын көре білу – адамның идеалы болуының ең жақсы көрсеткіші» деген болатын. Басқару саласындағы ірі маман Макс Вебер бизнесті ақыл-ойдың дәнін себуші ретінде бағалаған. Атақты ортағасырлық араб ғұламасы Ибн Халдун кәсіпкерлікті «Адамдардың өз мүмкіндігі мен адал еңбегі арқылы молшылыққа кенелу іс-әрекеті» деп сипаттады. [1]

XX ғасырдың 1930 жылдарында кәсіпкерлік терминін Австриялық экономист Йозеф Шумпетер зерттеген болатын. Ол «Кәсіпкер – бұл жаңа ойды немесе өнертабысты жаңа өнімге айналдыратын адам» деп анықтама береді.

Нақтылай келсек, кәсіпкерлік – бұл нарыққа және өндіріске жаңа тауар мен кәсіпкерліктің моделін құрастыруда туындайтын шығармашылық ой. Шығармашылық ой динамикалық және ұзақ мерзімді экономикалық өсуге алып келеді.

Президент Қ.К. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлердің жаңа толқынын қалыптастыру және білім берудің барлық деңгейлерінде «Кәсіпкерлік негіздері» пәнін енгізу қажеттілігін атап өтті. Кәсіпкерлік жаңа инновация арқылы өндіріс мүмкіндігін жоғары деңгейге көтереді. [2]

Осыған байланысты елімізде кәсіпкерлік пен бизнестің қыр-сырымен жастарды ерте бастан баулу, кәсіпкерлік, экономикалық құбылыс, замануи жағдайлардағы кәсіпкерлік, маркетинг, кәсіпкердің өзін-өзі жетілдіруі мақсатында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні енгізілді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні оқушыларды кез-келген уақытта өз бетінше шешім қабылдай алуға, ізденімпаздыққа, белсенділікке, тәуекелшіл, жігерлілік пен жауапкершілікке жетелейді.

Оқушы кәсіпкерлік пен бизнестің мәнін және ерекшеліктерін түсіне отырып, бизнеске қатысты қолайлы жағдайды тиімді пайдалана білу, уақытты пайдалана алу, ерік-жігердің мықты болуы, мақсат қойып, оған жете білу, іске бағыттала білу және бастаған істі аяғына дейін беріле істей білетін кәсіпкердің маңызды кәсіби қасиеттерін бойына сіңіріп, меңгеруіне мүмкіндік алады.

Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге «Атамекен» ҰКП жетекші әдіскерлерінің, сарапшылары мен бизнес-жаттықтырушыларының зерттеулері мен тәжірибесі енгізілді.

1. «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША (10-11-СЫНЫПТАРДА) ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Соңғы жылдары әлемдегі экономикалық жағдайдың өзгеруі нәтижесінде мектеп түлектері арасында кәсіпкерлікке тиімді және қолжетімді білім алу мәселесі ерекше қызығушылық тудыруда. Жаңартылған білім берудің оқыту технологиялары «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің білім беру бағдарламасына енгізілген.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай бүгінгі таңда жастардың кәсіпкерлігін дамыту басты міндет болып табылады.

Осыған байланысты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін жүргізетін мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнама өткізілді. Сауалнама мәліметтері бойынша, пәнге деген қызығушылық танытқандардың саны екі есе көп болды. Зерттеу нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқан оқушылардың 72% - ы мектепте кәсіпкерлікті оқытуды қажет деп санайтынын көрсетті. Осыдан мектеп оқушыларын болашақта кәсіпкер болғысы келеді деген қорытынды жасауға болады. Бірақ сауалнама жүргізілген бұл мектептерде кәсіпкерлік білім берілмейді, олардың кәсіпкерлікке қатысты тиісті білімі жоқ. Осы мәліметтер негізінде жоғары сынып оқушыларын кәсіпкерлікке оқытудың түрлі тәсілдері мен технологияларын қолдана отырып, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін енгізу туралы шешім қабылданды.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі түсініктері мен заңдылықтарын зерделеуге, білім алушыларда бизнес-ойлауды қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі заманғы жағдайларда болашақ дербес өмір сүру үшін дағдыларды жасауға бағытталған.

Оқу материалының мазмұны оқу процесін геймификациялау (ойын техникасы), жобалық оқыту және кейстік жұмыс қағидаттарына негізделген.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің бағдарламасы нарық сарапшылары мен жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерді, «Атамекен»ҰКП сарапшыларын тарта отырып әзірленді. Бұл оқу процесіне нақты қазақстандық бизнесмендердің тәжірибесі негізінде кәсіпкерлік қызметтің барлық қажетті аспектілерін және пәнді оқытудың үздік халықаралық практикасын енгізуге мүмкіндік берді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқушыларға кәсіпкерлік ортаға енуге және іс жүзінде қандай да бір тауарды немесе қызметті өндіру, команданы ұйымдастыру, өз өнімін ілгерілету, тұтынушылар мен серіктестерді анықтау, бизнеске салық салу, қала және ауыл жағдайында бизнесті кеңейту бойынша өз жобасын іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу курсы аяқтағаннан кейін оқушылар өз компанияларын құруға және бизнесті бастауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларға ие болады.

Бағдарлама қолданбалы сипатқа ие, ол үшін маркетинг, экономикалық теория, дизайн ойлау сияқты бөлімдер енгізілді

Бағдарлама үш жыл бойы жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде мұғалімдерге арналған бірқатар оқулықтар мен нұсқаулықтар жазылды, пән мұғалімдерін қайта даярлау үшін тренингтер өткізілді, мұғалімдерден, ата-аналардан және мектеп оқушыларынан кері байланыс жиналды, екі тілде тегін курстар өткізіліп, пәнді онлайн-геймификациялау үшін интернет-ресурс құрылды.

Бұл оқу процесіне нақты қазақстандық бизнесмендердің тәжірибесі негізінде кәсіпкерлік қызметтің барлық қажетті аспектілерін және пәнді оқытудың үздік халықаралық практикасын енгізуге мүмкіндік берді, және бұл бағдарламаны басқа пәндерден ерекшелігін көрсетеді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары сынып оқушылары үшін экономика мен бизнес негіздерін зерделеуді практикаға бағытталған тәсіл, кейстер және жалпы кәсіпкерлікті зерделеу кезінде пайдаланылатын басқа да әдістер арқылы енгізген жөн.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні аясында кәсіпкерлік, экономика, менеджмент, маркетинг негіздері бойынша базалық білім алу және оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды, белсенді өмірлік ұстанымды, сондай-ақ қазіргі нарықтық жағдайларда одан әрі дербес қызметті ұйымдастыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру көзделген.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» сабақтарында оқушылар қаржылық сауаттылық, өз қаржы ресурстарын басқару мәселелерін меңгереді, өздерінің шағын оқу стартабын өз бетінше ұйымдастыруға тырысады, банк жүйесінің, қор нарығының жұмыс істеуін, халықаралық бизнес мүмкіндіктерін зерделейді. Барлық көрсетілген экономикалық тақырыптар жалпы білім беру процесіне енгізілген, сондықтан оқушылар алған білімдерін практикада іс жүзінде тексеріп, қолдана алады. Өздерінің стартап-жобасын ұйымдастыра отырып, олар оны практикада жүзеге асырып, гранттық қаржыландырудың түрлі конкурстарына және жастар кәсіпкерлігін қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатыса алады.[3]

Қазіргі заманауи мектеп тұжырымдамаларында үнемдеуді, қаржы сауаттылығын, менеджментті және кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыруда төмендегі мақсаттарды бөліп алуға болады:

- үнемдеу және қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейін қалыптастыру еліміздегі қоғамдық өмірдегі болып жатқан өзгерістерге оқушылардың әлеуметтік бейімделуі үшін, сол сияқты түлектерді кәсіпке бағыттау үшін қажет;

- қоғамдық және жеке өмірде жауапты үнемдік пен қаржылық шешімдер қабылдауда практикалық дағдылар қалыптастыру.

Осы мақсатта елімізде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні экономикалық білімнің негіздерін үйрете отырып, нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде оқушыларға қажетті білім беретін пән болып енгізілді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін әзірлеу жұмысының жобасын «Атамекен» ҰКП 2014 жылы бастаған болатын. Жобаға ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Атамекен» ҰКП бірлесе отырып, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» атты жаңа пәнді 10 және 11 сынып оқушыларының оқу бағдарламасына енгізіп, оқытылу көзделді.

Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан өзгерістердің жылдам әрі қарқынды даму үрдісі оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы екпінді жылжуды анықтайды. Біз «ертеңгі күнді» болжай алмаймыз, ол мүлдем біз ойлағандай болмауы да мүмкін. Сондықтан бүгінгі оқытудың басты құндылығы-академиялық ақпараттың көлемін есте сақтау емес, оқушылардың бойында ақыл-ой мен дағдылардың белгілі бір түрін қалыптастыру болып табылады. Әлемдік жаһандану дәуірінің келуімен практикалық тұрғыда кез-келген салада білімге қолжетімділік қамтамасыз етіледі, сондықтан олар көбірек анықтамалық сипатқа ие. Білімге деген негізгі құндылық мәні практикалық қажеттілік барысында беріледі және осы мағынада дұрыс білімді табу, белгілі бір тәсілмен өңдеу және қолдану мүмкіндігі зор рөл атқарады.

Белгісіздік жағдайында кәсіпкерлік идеяларды жүзеге асыру мен жылжытудың қолданыстағы жағымды мысалдары сананың белгілі бір форматын және жоғарыда аталған дағдыларды сәтті қолданудың көрсеткіші болып табылады. Бұл ұстанымды көптеген елдер бұрыннан қабылдаған. Еуропа елдеріндегі балаларға арналған кәсіпкерлік 1919 жылдан бері оқытылып келе жатқаны белгілі.

Кәсіпкерліктің оқу пәні ретіндегі ерекшелігі – оған басқа пәндерді оқытудың классикалық әдістері сәйкес келмейді. Тек материалдық бөлігін зерттей отырып, кәсіпкерлікті теориялық тұрғыдан үйрену мүмкін емес. Логика мен идеяға бағынатын, саналы және талданған, түзетілген және қайталанатын әрекеттерді орындау кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға әсер етеді.

Кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру барлық оқушылардың жаппай бизнеспен айналысуын білдірмейді, бірақ олар болашақта мықты мемлекеттік қызметкер, кез-келген саланың менеджері, бас менеджер немесе орындаушы менеджер маманы бола алады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні оқушыны ЖОО-ға түсу сәтіне дейін қызметтің қажетті саласы мен форматын өзінің толық ұғынуына итермелеуге, ішкі болып жатқан процестер, нарықтың кез келген субъектісі үшін міндеттер мен әсерлер туралы түсінік беруге, өмірдің түрлі жағдайларында қажет болатын қосалқы мамандық беруге бағытталған.

Оқулықтың қалыптасуы инновациялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылды. Мысалы, краудсорсингтік формата құрылған бұл оқулық диалог алаңын құрастыруға және әркім өз білімін ұсынуға, біршама жүйелі білім жинақтауға мүмкіндік алады. Оқулыққа енеген жаңа кейстер мен жаттығулар да оқушылардың білімін тереңдетуге ықпал етеді.

Қазақстандағы алғашқы «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні оқулығы жалпы білім беретін мектептер шеңберінде қоғамдық сананы

өзгертуге және жігерлілік пен шешім қабылдай алуға, саналылық пен жауапкершілікке бағдарлауға мүмкіндік беретін, оқушылар мен ата-аналардың қызығушылығын тудартын пән.«Егер біз болмасақ, кім?»- бұл мәселе әркімнің санасында болып және әркімнің өз деңгейінде, өз мүмкіндіктерінің шегінде ортақ болашағымызды қалыптастыруға күш салатындай болуы тиіс. Оқушылардың осындай нақты ақыл-ой көзқарастары мен іс-әрекеттерінен Отанға деген патриотизмді қалыптастыруға болады.

Оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесі оқушыларға шын мәнінде пайдалы, практикалық және шынайы өмірге бағдарлайды. Мектеп өзекті құралдарды ұсына отырып, балаларды шынайы өмірге дайындауы керек.

Пәнді оқытудың басты мақсаты – кәсіпкерлік ойлауды мектеп қабырғасынан дамыту.

Халықаралық бағдарламалардың тәжірибелеріне қарағанда бұл бағдарлама интерактивті болып шықты және геймификация қағидалары мен бизнес-кейстерді зерделеуге негізделген: 40% – теория, 15% – бизнестен нақты мысалдар, 45% – ойын түріндегі тәжірибелік тапсырмалар енгізілген. Неліктен геймификация алынды? Себебі, кәсіпкерлік – бұл әрекет, тәжірибе арқылы оқып, түсіну.

Оқулықтың әрбір бөлімі өзінше қызықты материалдан құралады. Тәжірибелі мамандардың жобаға қатысуы арқылы, сабақ тақырыптарына байланысты кәсіпкердің өмірінен мысал келтіруге болады. Мысалы, маркетинг саласын жақсы меңгерген кәсіпкер дәл осы сабақта өзінің тәжірибесімен бөлісетін болса, оқу процесі тиімдірек болары сөзсіз.

Бұл пәнде тек қана экономика негіздері ғана емес, менеджмент, маркетинг, бизнес, кәсіпкерлік негіздері терең оқытылады. Қоғамдағы кәсіпкерліктің дамуын зерттеу барысында қоғамдағы азаматтардың бес пайызында ғана кәсіпкерлік қабілеті бар болып шықты. Сондықтан да ерте бастан мектеп оқушыларының кәсіби ойлау қабілетін дамыту керек деген тұжырым жасалды.

Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – жастарды бизнеске баулып, оларға кәсіпкерлік, экономикалық құбылыс, замануи жағдайлардағы кәсіпкерлік, маркетинг, ойлау дизайны, кәсіпкердің өзін-өзі жетілдіруі, даму стратегиясы, стартап акселератор және өз идеясын жүзеге асыру үшін жасалатын кәсіпкер әрекетінің бизнес – жоспарын пайдалану. Сонымен қатар жарнама жасау туралы базалық білім беру болып табылады.

Оқу мақсаттары болашақ жастарды:

- өз елінің патриоты және жауапты азаматы болуға;
- қоғамның және өз игілігіне өзінің мүмкіндіктерін барынша әсерлі пайдалана алуға;
- өз бетінше шешім қабылдауда белсенді, ынталы болуға;
- дәлелдемелі талдау жасауға және әсерлі ұсыныстарды шынайы, жүйелі ойлай алуға;
- өзіндік жеке тұлғасын дамытуға және өздігінен білім алуына, өзін өзі тәрбиелеуге бағытталған..

Оқушыларға экономика және қаржылық сауаттылық негіздерін оқыту-қазіргі заманғы оқыту бағдарламасына деген сұраныс, оны жалпы білім беретін мектептерге ендіру, яғни экономикалық тұжырымдамалардың жиынтығы, сол сияқты осы тұжырымдамаларды оқытудың тереңділігімен анықталады.

Бағдарлама мектеп тұжырымдамасы экономикалық және қаржылық білім берудің мақсат және міндеттеріне сәйкестендіріліп, қазіргі заманғы қажетті экономикалық және қаржылық сауаттылық бойынша оқушылардың бұрынғы алған білімін заманауи білімдерімен ұштастыруын қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Оқу пәні инвариантты компоненттің стандартты деңгейіндегі таңдау пәні болып табылады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сыныптарында оқыту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асыралады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінің геймификациясы (ойын техникасы) принциптеріне және кейстік жұмысқа негізделген.

Геймификацияны (ойын техникасын) кеңінен қолдану материалды түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, сондай-ақ келешекте шынайы жағдайларға лайықтауға болатын алғашқы пайдалы дағдыларды қалыптастыруға бейімделген.

Кейстік (жағдаяттық) оқыту әдісі бір жағдайға стандартты емес тәсілдемелерді қолданып, креативтілік танытуға шынайы мүмкіндік береді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы бойынша оқыту PBL (Project Based Learning) әдістемесі негізінде құрылған. Бұл термин «Жобалық оқыту» деген мағынаны білдіреді. PBL әдістемесі әр оқушының оқу процесіне белсенді қатысуын анықтайды. Бұл ретте мұғалім барлық процесті үйлестіреді, бірақ оқушыларға шығармашылық пен дербес шешімдер қабылдау үшін еркіндік береді, сонымен қатар оқушылар әр түрлі мәселелер бойынша сарапшылардың рөліне еніп, өздерін сынап көреді.

Әдістеменің негізгі ұғымы – «Жоба». Оқушылар пәнді оқытудың 11-сыныбының бірінші және екінші тоқсанында осындай «Жобаны» дамытуы тиіс. Алдымен олар өз командасына мамандарды тартуға тырысатын стартаптың негізін қалаушысы рөлінде өзін елестету керек. Содан кейін олар басшылар, маркетингтер, зерттеушілер сияқты өз стартаптарымен жұмыс істейтін болады. Оларға өз клиентін зерттеуге, өз өнімінің прототипін жасауға, серіктестерді табуға және т.б. көптеген әрекеттер жасауына тура келеді.

Оқушылар тапсырмаларды алып, оны орындау уақытын білетін болады. Қандай өніммен айналысу керек, оны жылжыту үшін қандай әлеуметтік желіні таңдау қажет, олардың бизнесі үшін кім үздік серіктес бола алады. Осындай

сұрақтарға алдын ала қайсысы «дұрыс» екеніне нақты жауап берілмейтіндіктен, мұндай тәсілде «дұрыс-дұрыс емес» позициясының соңғы нәтижесінен бұрын, командалық жұмыс, команда мүшелерінің жобаға тартылу дәрежесі, олардың көрсеткен ерік-жігері мен ынтасы, олардың іс-әрекеттерінің жалпы бағыты мен қисындылығы бағаланады.

Нақты мәселеге шоғырлану оқушыларға қысқа уақыт ішінде зерттелетін мәселенің көптеген қыр-сырын білуге мүмкіндік береді. Осы әдістеме бойынша егер жұмыс стилі және тәсілін шектемей, нақты нұсқаулықтар, жұмысты бағалау критерийлері, шектеулі уақытты беру арқылы кез келген адамды белгілі бір жұмысқа дайындауға болады.

Жобалық жұмыс оқушыларға материалдың едәуір бөлігін қамтуға, өз жобасын жасау арқылы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Әдістің артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

- *Командалық жұмыс.*

Оқушылар командада жұмыс істеуге үйренеді, бұл оларға болашақта университетте немесе еңбек ету кезінде пайдалы;

- *Коммуникативтік дағдылар.*

Оқушылар бірлесіп жұмыс істейді, сондықтан оларға командада тиімді қарым-қатынас жасау өте маңызды.

- *Сөздік қорды дамыту.*

Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар тілдік қорын жаңа сөздермен айтарлықтай толықтырып үлгереді, сонымен қатар жобамен тығыз жұмыс істеу кезінде зерделенген сөздер қарапайым оқып жаттағанға қарағанда жақсы меңгеріледі.

- *Нәтижеге бағдарлану.*

Еңбек процесі барысында жұмыстарды орындау мерзімі қатаң есепке алынатындықтан көптеген мектеп түлектеріне жұмыс процесіне бейімделу қиынға соғады. Оқушылар күйзеліске, толқуға ұшырап, асыққаннан жұмыс сапасы төмендеп, мерзімінде орындалмай қалуы мүмкін. PBL әдісі бойынша жұмыс уақыты қатаң шектеледі, ал командалық орындау кезінде жұмысты бағалауда сынақ алынады. Сондықтан жобамен жұмыс кезінде оқушылар қатаң дедлайндарға (ағ. «deadline» – тапсырма орындалып бітуі қажет соңғы мерзім) үйреніп, жұмыс сәттерін еңсеріп, орындалатын жұмыстың сапасына нұқсан келтірмей, нәтижеге шоғырлануға үйренеді.

- *Міндеттерді бөле білу, тапсырмаларды беру (делегирлеу) және сенім білдіру, көшбасшылық қасиеттер.*

Жобаны орындау кезінде оқушыларға команда мүшелері арасында міндеттерді дұрыс бөлу қажет, өйткені олардың әрқайсысында әр түрлі күшті және әлсіз жақтары, түрлі интеллект, мотивация және темпераменттерге ие. Біреулерге сандармен жұмыс жасауды немесе ұсақ-түйек бөлшектерге мән берілетін жұмыстарды сеніп тапсыруға болады, енді біреулері монотонды жұмыспен айналыса алмайтын шығармашылық тұлға, кейбіреулері бір мезгілде бірнеше міндеттерді орындай алады, бірақ бір мәселеге шоғырлану кезінде қиындықтарға тап болады. Команда мүшелері рөлдерді өзара бөлуге, бір-біріне

сенім білдіруге үйренеді. Сондай-ақ олар кімнің көшбасшы рөлін атқара алатынын түсінеді және өздері де көшбасшылық қасиеттерге ие болуға тырысады.

- *Жауапкершілік.*

Әр команда мүшесінің өз жауапкершілік аймағы болғандықтан, өз міндеттерін орындамау команданың барлық жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Жұмыстың бағалануы командалық болғандықтан, жұмыстың өзіне тапсырылған бөлігін жақсы атқару әр адамның мүддесі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, PBL әдістемесін енгізгеннен кейін оқушылардың оқу процесіне қатысуы ұлғайып, сабаққа деген белсенділігі артады. Мұғалім оқушыларға тек қана көмектеседі, тәлімгерлік бағыт пен кері байланыс орнатады, бұл ретте оқушылардың шешім қабылдау процесіне араласпай, олардың өздері қандай да бір дұрыс шешім қабылдауларына ынталандырады, яғни білім беру процесіне жауапкершілік оқушылардың өзіне жүктеледі.

PBL әдісі қандай да бір қосымша құралдарды немесе техникалық жабдықтарды талап етпейді. Бірақ мұғалімнен ынта-ықыласты, шығармашылық көзқарасты, қалыптан тыс ойлауды және оқушыларға қатысты кеңесші-тәлімгер позициясын атқаруды талап етеді.

Нәтижесінде оқушылар нақты міндеттерді, бизнес өмірінен алынған кейстерді шешуге үйренеді. PBL оқушыларға олардың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді және оқушыларға өзінің шынайы жобаларымен командада нақты жұмыс жасау туралы түсінік береді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің ерекшеліктері:

- Қазақстанның кәсіпкерлігі тәжірибесі мен ерекшеліктерінің, даму тарихы мен қалыптасуының негіздеріне сүйене отырып, оқу пәнін құру;
- өмірлік саналы ұстанымдарды және өз әрекеті бойынша жасаған таңдауына жауапкершілікпен қарау ұстанымын қалыптастыру үшін коучингтік тәсілдемелерді қолдану;
- Қазақстандық және әлемдік нарық жағдайларындағы кадрлық үрдістер тұрғысынан талап етілетін ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту міндеттері:

- оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру;
- оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;
- оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;
- бизнес-идеяларды ойлап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;
- бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршеңдігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

- зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Оқу бағдарламасындағы оқу материалдары оқулықта сондай-ақ, оқушылардың онлайн форматта жұмыс жасауына жағдай жасалып құрастырылған. Бұл платформа оқулықпен тығыз байланысты: оқушы оқу материалдарындағы тақырыппен, қосымша материалмен, оның ішінде бейне материалдармен танысады, белгілі бір тақырыптар бойынша форумдарда басқа оқушылармен өзара әрекеттеседі, өз жобаларын жүргізеді және отандық өндірушілер ұсынған онлайн бөлімдерде тиісті жазбалармен таныса алады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің 10-сыныпқа арналған оқу пәнінің мазмұнындағы тоқсанға сәйкес 4 бөлімді қамтиды. [4]

«Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік» атты 1-бөлім оқушыларды «Кәсіпкерлік және бизнес» пәні негіздерімен, қажетті терминологиямен таныстырады, экономика және тұлға құзыреттілігі арқылы кәсіпкерлік мәнін қарастырады, кәсіпкерлікті бизнес терминінен ажыратуды үйренеді. Бұл бөлімде оқушы пәннің толық мазмұнын түсінеді және кәсіпкерліктің мәнімен ажыратады, өзінің бүгінгімен болашағы үшін маңыздылығын анықтайды.

«Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік» атты 2-бөлім оқушыларды кәсіпкерліктің әр түрлі формаларымен таныстырып, заманауи кәсіпкерлікте қандай инновациялар мен трендтер бар екенін және өз ісін ашу үшін қандай қадамдар жасау керектігін біледі, стартап ұғымдарымен, бизнес-модельдерімен және стартап идеологиясымен танысады. Бұл бөлімде оқушылар бәсекелестіктің не екенін және бәсекелестік стратегияларының түрлерін, баға қалыптастыру құрылымын сипаттауды, баға саясатының мәнін түсінуді және баға стратегияларын ажыратуды үйренеді.

Сонымен қатар ойын формасы негізіндегі теориямен параллель кәсіпорындардың құрылу алгоритмі және түсінігін қосатын компания менеджментімен танысады. Оқушы идеяларды генерациялаудан бастап ұйымдастырылған компанияны басқаруға дейінгі барлық кезеңдерден өтеді, креативтілік, талдау және идеяны құру, топты, жарғы, компания құрылымын құру, оны тіркеу сияқты және т.б. дағдыларды қалыптастырады. Оффлайн ойындар бақылаушы-қадағалау мемлекеттік органдары және жетекшілер рөлін ойнайтын оқушылар құрамын жұмылдыру арқылы процесті симуляциялау деңгейінде оқу тобы шеңберінде өткізіледі.

«Әрекеттегі маркетинг» атты 3-бөлім FMCG секторының нақты жұмыс істеп тұрған отандық тауар өндірушілері негізінде тауарларды жылжыту маркетингін зерделеуді қарастырады. Оқушылардың біріккен топтары нақты өндірушіні және оның ұсынатын өнімдері ішінен біреуін таңдайды. Алынған білім мен дағдыларды қолдана отырып, оқушылар жаңа тауарларды игеру немесе көлемін арттыру мақсатында өнімді баламалы жылжыту бойынша креативті идеяларды қалыптастырады.

Нарыққа шығу және түрлі бәсекелес стратегияларды жүзеге асырумен байланысты компанияның сыртқы экономикалық қызметімен танысады. Маркетинг және экономика саласындағы материалдармен қоса, оқушылар онлайн ойынның виртуалды бәсекелес ортасына түседі, ол жерде бір-бірімен бәсекелесе отырып, бір өнім түрін ұсынады, мәліметтерді талдау арқылы, түрлі маркетингтік қадамдар қабылдайды.

«Дизайны ойлау» атты 4-бөлім бизнес-шешімдерді іздеуге клиентке бағытталған дизайн-ойлау сияқты тәсілдің ерекшеліктерін қарастырады. Тоқсанның басында мұғалім ұсынған тізімнен бизнес-мәселені таңдап, оқушы дизайн-ойлау әдіснамасын: эмпатияны, талдау мен синтезді, идеяларды ойлап табуды, прототип жасау мен тестілеуді қолдана отырып бүкіл тоқсан бойы жұмыс жасайды. Оқушылар өндірушілермен өзара іс-әрекет жасауда және жобалау жұмыстарын орындауда нақты тәжірибе алады. Бұл өндіруші үшін де тиімді, себебі ол компаниясы туралы ақпараттың жариялануы және өнімдерінің бүкіл Қазақстан бойынша тегін жарнамалануына мүмкіндік алады. Ал мемлекет экономикасы үшін – бұл отандық өндірушіні қолдау. Оқушылардың біріктірілген топтары нақты бір өндірушіні және оның өніміндегі белгілі өнімді таңдайды. Алынған білімді және дағдыларды қолдану арқылы оқушылар өнімді қайта позициялау баламасы бойынша креативті идеялар құрады және көлемді үлкейту мақсатында форматты жылжыту немесе нарықтағы жаңа тауашаны жауалап алады. Оқушылар өз жұмыстарын Қазақстандық интернет сегментінде өндірушінің ресми хэштегтерімен белгілейді.

Оқушылар оқу порталында орналасқан отандық тауар өндірушілердің тізімінің ішінен бүкіл Қазақстанды өз тауарымен жабдықтайтын компанияны, сондай-ақ оған сату дүкендеріндегі тауарлар бойынша таныс жергілікті компанияларды таңдауға құқылы. Оқушылар жобалау жұмыстарын орындау және өндірушілермен қарым-қатынаста шынайы тәжірибеге ие бола алады.

Тоқсан қорытындысы бойынша тауарлары жобаға айналған отандық тауар өндірушілер ең үздік жұмыс байқауын өткізеді және үздік жоба тобының оқушылары Қазақстан территориясындағы кәсіпкерлік жазғы демалыс лагеріне жолдама ала алады.

Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні басқа бағыттарға басымдықтар бере отырып, оқыту процесіне арналған әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Академиялық білімнің орнына практикалық дағдыларды алуға үлкен назар аударылады, бұл оқушылармен өзара іс-әрекеттің белсенді түрлерінің басым екенін көрсетеді. Оқыту процесінің өзі Life-long learning (өмір бойы үздіксіз оқыту) тұжырымдамасына жауап беретін тұрақты және тиімді мінез-құлық үлгісін қалыптастыра алатын табиғи және үздіксіз құбылыс болып табылады. [5]

Оқу пәнінің 11-сыныптағы білім мазмұны 4 бөлімді құрайды:

«Стартап акселератор-1» және «Стартап акселератор-2» атты алғашқы екі бөлімі бизнес-моделдеумен таныстырады, сондай-ақ стартап жобаның құрылуы кезінде қажетті болатын әлеуметтік дағдыларды қалыптастырады. Оқушы кәсіпкерлік білімге ие бола отырып, өз бизнес-идеясын қалыптастырады және оны бизнес-акселератор принципі бойынша нақты бизнеске айналдыру үшін қажетті құралдарды меңгереді және күнделікті, іскерлік, жеке өмірдегі отбасылық-тұрмыстық міндеттерді жүзеге асыру үшін қолданылуы мүмкін идеяларды шынайылыққа айналдыру тәжірибесіне ие болады.

«Кәсіпкердің өзін-өзі жетілдіруі» атты 3-бөлімі оқушыларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыратын әлеуметтік дағдыларды дамытуды жалғастырып, отбасының жеке қаржылық жоспарын тиімді үйлестіре білу жолдарын үйретеді, банк жүйесімен және халықаралық нарықпен таныстырады. Бөлімнің негізгі ерекшелігі — оқушылар демо-шотты пайдалана отырып, Қазақстанның қор биржасының (KASE) нақты мәліметтері негізінде ойын платформасы арқылы инвестициялау дағдыларын меңгереді. Сол арқылы талдай білу қабілеті артып, оқиғалардың мәнін, олардың экономикалық көрсеткіштерге ықпалын түсінеді. Аталған жұмыс аналитикалық қабілеттілікті дамытады, жағдаяттардың мәнін және олардың экономикалық көрсеткіштерге әсер етуін түсінуге үйретеді.

«Даму стратегиясы» атты 4-бөлімі білімалушылардың назарын нарықтың даму болжамдарына аударады. Мақсат қою дағдыларын, бизнестің ауқымымен, халықаралық бизнеспен, жеке стратегиямен, масштабтаумен танысуды үйретеді. Қазақстан өнімінің халықаралық нарыққа шығу стратегиясының жеке пайымын қалыптастырады. Бұл бөлімде тұтынушылар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекет және қоғамдық ұйымдар жүзеге асыратын шаралар кешенімен танысады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінде бизнес және кәсіпкерлік іс-әрекетті байланыстыратын процестер жайында жеткілікті, толық түсінік алып, оқушылардың жалпы бағдарлама бойынша жұмысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектептегі таңдау пәнінде енген «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні оқытудың маңыздылығы: «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік», «Замануи жағдайлардағы кәсіпкерлік», «Әрекеттегі маркетинг», «Ойлау дизайны», «Кәсіпкердің өзін-өзі жетілдіруі», «Даму стратегиясы», «Стартап акселератор» тақырыптары кеңінен талданып, оқытылады.

Сабақ барысында оқушылар бизнес жүргізуде түрлі жағдаяттардың шешімін табуға тырысады. Коммуникациялық машықты арттыратын іскерлікке баулу бизнес-ойындар мен жаттығулар оқушыларға ерекше әсер қалдырады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні арқылы жоғары сынып оқушылар дұрыс шешім қабылдаудың маңыздылығы мен алдында тұрған жауапкершілікті түсінеді. Үлкен өмірге қадам басып, болашақ мамандықты дұрыс таңдау жасауына көмектеседі. «Кәсіпкерлік және бизнес

негіздері» оқу пәні уақытты бағалау, көшбасшылық машықтарды игеру, маркетингтік талдау жүргізу, жобаға бизнес-жоспар жазуды үйретеді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік қызметтің негізгі ұғымдарымен таныстыруды, өз әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін құзіреттілікті дамытуды, сондай-ақ келешекте өз бизнесін құру және оны тиімді басқаруды қарастырады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу курсы келесі қағидаттарға негізделген:

- модульдік тәсілдеме
- білім берудің түйін нәтижелеріне акцент қою
- теорияның тәжірибемен байланысы
- оқушыға бағытталған интерактивті білім беру
- кәсіби біріктіру перспективасы
- гендерлік теңдік

Пәннің миссиясы келесі құзіреттіліктердің дамуына ықпал ететін кәсіпкерлік парадигманы құру:

- *Білім* – жеке, кәсіби немесе кәсіпкерлік қызметтегі мүмкіндіктерді көрсетуге жеткілікті және қажетті білім беру. Адамдардың шынайы қоғамдағы өмір сүру ортасы және жұмысымен таныстыру. Кәсіпкерлік саласындағы білім заманауи деңгейде даярлануы керек.

- *Дағды* – өз бойына менеджмент саласының дағдыларын жинаған (мысалы, басқару және делегациялау, тиімді жоспарлау, анализ, сендіру, топта жұмыс істей білу, бағалау және тіркеу) тиімді тұлғалар концепциялары негізінде құралады. Сондай-ақ білім беру курсы аясында адамдардың алдында сөйлей алу дағдылары, өз бойындағы күшті және әлсіз жақтарын табу, тәуекелді бағалау және жауапкершілікті қабылдау.

- *Мінез-құлық* – «Жатқан тастың астында су шықпайтындығына» үйрету және өмірде түрлі салаларындағы қызметтердің проактивтілігімен ерекшеленетін бастамашылдық позицияны құру. Қойылған мақсаттардың азын-аулақ жетістіктері тізбегі арқылы уәж және табандылықты бекітуге мүмкіндік беру. Оқушылардың санасында жағымды тәжірибе құру.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің негізін базалық құзыреттер құрайды. Базалық құзыреттілік – бұл білім, дағдылар, мінез-құлық модельдерінің әмбебап бірігуі, олардың көмегімен оқушылар өзін-өзі дамыта алады. Білім беру жүйесінде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің негізгі құзыреттері:

1. *Кәсіпкерлік құзыреттер* –кәсіпкерлік кез-келген жағдайды, оның ішінде нарықтағы жағдайды талдай білуді және шарттарға сәйкес келетін тиімді әрекеттерді қолдануды қамтиды. Ол жеке және қоғамдық мүдделер туралы

толық хабардар болуды, жағымды және жағымсыз нәтижелер үшін жауапкершілікті қабылдауды, стратегиялық көзқарасты, уәждемені қалыптастыруды қамтиды.

2. *Өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру* – оқулық материалдары оқушыға өз қалауы мен қызығушылығының призмасы арқылы болашаққа жаңа көзқараспен қарауды, алдын-ала алған дағдылар мен білімнің өзі қалаған болашаққа жетуге қандай рөл атқаратындығы туралы көзқарасты қалыптастыруды ұсынады. Бұл өзін-өзі бағалау, қоғамдағы өзіндік мінез-құлық үлгісін талдау, өзін-өзі тану, дарындылығын анықтау және оны жүзеге асыру; кәсіби және әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі анықтау; өз өмірін жоспарлау, жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру және дамыту сияқты бұрын таныс емес тақырыппен жұмыс істеуге талпындырады.

3. *Стратегиялық құзіреттіліктер, іс – әрекет дағдысы* – оқушыларға жедел операциялық мәселелерді шешуге ғана емес, сонымен қатар операциялық жоспарлаудың көкжиегіне қарап, оған қарсы саясатты қалыптастыруға үйрету. Ол үшін оқушыларға проблемаларды анықтау, шешім табу, жүйелі шараларды құру, нәтижені жүзеге асыруды және бағалауды үйрену, әрекеттерді түзету, болжамды нәтижелермен салыстыру, дұрыс құралдарды таңдай білу және серіктестерді тарту қабілеттерін дамытуды көздейді.

4. *Математика, жаратылыстану және технологиядағы құзыреттілік* – нақты құбылыстармен бірге түрлі жағдайларды ескере отырып, есептерді шешу қажеттілігі. Оқытылған параллель пәндерге олардың практикалық қолданылуы тұрғысынан ерекше қызығушылық тудыруға ықпал етеді. Оқушылар математиканы «үйрену керек» болғандықтан емес, мүмкін болатын бизнесті есептеу үшін қажет болғандықтан да қызығушылық таныта бастайды. Оқу тапсырмалары оқушыны қарапайым болып көрінетін құбылыстармен, дүкендегі тұтынушылардың қарапайым мінез-құлқын, тұтыну жағдайларын және сатып алынатын тауарлармен байланысын мұқият зерттеуге жетелейді.

5. *Үздіксіз білім алуды үйрену* – объективті қажеттілік туралы түсінік қалыптастыруда үздіксіз білім үнемі жаңарып отырады, мұнда бақыланатын өзгерістерге үнемі бейімделу сабақтастығы, жаңа технологияларды енгізу, жеңілдету немесе тиімділікті арттыру мақсатында процестерді үнемі жетілдіру қажеттілігімен анықталады. Үнемі үйрену дағдылары – болашақта оқушының жеке өміріне белгілі бір із қалдырады. Бұл тұжырымдама жаңа нәрселерді үнемі қадағалап отыруға, өзін және шындықты өлшеуге, жаңа білімді қолдануға және мінез-құлық үлгісіне біріктіруге үйренеді. Сайып келгенде, бұл көшбасшылық бейімділігі бар тиімді тұлға қалыптастыруға жетелейді.

6. *Ана тіліндегі қарым – қатынас құзыреттілігі* – жаңа материалдарды зерттеуге, өз вокабулярын байытуға, ана тілінде сөйлеуге және кәсіпкерлік терминологияларды ана тілінде қолдануға мүмкіндік береді.

7. *Диджитал құзіреттілік* – оқулықта тақырыпты тек компьютерлік техниканы ғана емес, сонымен қатар жеке гаджеттерді, іздеу машиналарын қолдануды және интернет мүмкіндіктерін сенімді пайдалануды қамтиды. Осы іс-әрекет аясында оқушылар БАҚ-ын алға жылжыту, мультимедиялық

технологияларды қолдану, логикалық және сыни ойлауды қалыптастыру бойынша негізгі нақты қолданбалы дағдыларды игереді. Оқыту шеңберіндегі ойын процестері виртуалды кеңістіктегі нақты уақыттағы онлайн-өзара әрекеттесуді де қамтиды.

8. *Мәдениетаралық өзара қарым-қатынас құзыреттілігі* – бағдарлама шеңберінде халықаралық бизнес пен стратегиялар, сондай-ақ оны қолдану кезінде халықаралық мысалдар пайдаланылды. Бұл оқушыға бүкіл әлемге танылған мәдени ұлттық құндылықтармен және жалпы адамзаттық құндылықтармен танысуға және байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл мәдениетаралық кеңістікке жақындасу мен кірігу, құндылықтардың ортақтығын түсіну және сонымен бір мезгілде өз бірегейлігін түсіну процесіне әкеледі, өзінің түп тамырын, мәдени негіздерін, отбасылық және қоғамдық дәстүрлерін іздеп, оны қабылдауға әкелуі тиіс.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығын құрастыру барысында қолданылған критерийлер:

Ақпараттылық – оқулықта әр тақырып бойынша ақпарат терең іріктеліп және жинақталып құралған. Қосымша мәліметтер ұсынылған.

Көрнекілік – оқулықта толықтай құнды ақпараттармен толықтырылған суреттер, графикалар, кесте және т.б. енгізілді.

Түсініктілік – оқулық тілі оқушыға түсінікті, анық, практикамен байланыс сақталған. Соның ішінде көптеген терминдер және ұғымдар олардың өмір сүріп жатқан шынайы өмірімен байланысты. Мысалы, оқушыға «Вайн» деген не екенін және «вайнерлер» деген кім екенін түсіндіру қажет емес. Мұнда оқытушылардың өздеріне, керісінше заманмен қатар жүруді үйренулері керек;

Ғылымдық – базалық ғылыми жаңалықтар енгізілген және қолданбалы ғылымдарды зерттеуге және ашу үшін сілтемелер жасалған Белгілі пікір ұсынылған жағдайда, оқулық мәтінінде бар альтернативті пікірлер және позициялар көрсетіледі;

Өзектілік – аталған оқулықтың ерекше сипаты. Оқулыққа арналған материалдар нарық «алаңынан» тікелей краусорсинг арқылы жиналған және әлі де жиналуда. Осы шақтағы компаниялардың шынайы кейстері, мамандармен бүгінгі шынайылықтан алып жазған білімдері және әдістемелері - осының барлығы оқулықтың өзектілігін көрсетеді;

Қызықтылық – мысалдар шынайы оқиғалардан, өмір жағдайларынан алынды, оқушылардың тілінде сөйлеу арқылы олардың қызуғышылығын ояту;

Логикалық – материалдардың ретпен берілуінде және әр тақырып бірінен кейін бірі туындай отырып байланысқан. Мысалы, материалда, кәсіпкерлік жолына жаңадан түскен Әмірдің бизнестегі оқиғасы пайдаланылған, кәсіпкерлікті ашуының себеп-салдарына байланысты қамтамасыз ете отырып, оның орындау әрекеті ретпен беліленген.

Іскерлік – оқулықтың екінші жарқын сипаты. Оқулықтағы материалдар әртүрлі стартап акселераторлардың оқыту тәжірибесімен үйлесуі, онда адамдар курста білім алып, жай бизнес идеядан бірінші келісім-шарт немесе инвестицияға дейінгі барлық кезеңдерді өтеді.

Толықтылық – оқулық толықтай стартап мәдениеті және менталдылығының жалпы концепциясы және философиясынан тұрады.

Ерекшелігі – оқулық барлық процедуралар мен ережелер Қазақстанда бұрын-соңды болмаған тәжірибе негізінде, краудсорсинг принципі бойынша құрылды. Оқулықта жаттықтырушы құзыреттілігіндегі арсеналдан алынған ойын технологиялары, психология мектептерінен алынған– коучингтен, шетелдердегі жоғарғы оқу орындарындағы және т.б. оқыту әдістемесінен алынған кейс-стадилер қолданылған.

Жобалар

Жобалар – теория және тәжірибенің бірлесуі негізінде орындалып, қорытындысында қандай да бір өнім пайда болатын берілген бағыты бар зерттеулер.

Кейстер

Нақты жағдаяттарды зерттеу (Casestudy, шынайы өмірдегі («кейстер») қиындықтармен, мәселелерді жеңуге үйретеді, оларды бақылау, түсіну, интерпретациялау немесе тіпті шешу үшін қызмет етеді. Әдетте «Кейс» шынайы өмірдегі кәдімгі жағдайды көрсетеді. Нақты жағдайлар әдісіне қойылатын талаптар: диагностика немесе шешуді талап ететін мәселелі жағдайдың болуы; қойылған мақсаттарға сәйкес келуі; оқушыларды мотивациялау. Кейстік талқылаудың мәні шешімдердің жоғары нұсқалығы, мұнда бірде бір дұрыс шешімнің болмауы.

Жаттығулар және міндеттер

Жаттығулар – әрекеттердің саналы және жүйелі қайталануын, зияткерлік және тәжірибелік дағдыларды құруға арналған операциялар немесе процедураларды, жетістіктерді жақсартуды болжайды. Жаттығулар әртүрлі типті болады: кіріспе, ағымдағы, бекітуші, тексеруші, жеке, топтық, бағытталған/жартылай бағытталған/шығармашылық. Олар көбіне тәжірибеленетін әдістерді пайдалану кезіндегі процедуралар ретінде қолданылуы мүмкін.

Проблематизациялау (мәселелерді шешу әдісі)

Бұл шешуі мүмкін бірнеше ұқсас шешімдер ұсынылатын мәселелік жағдай презентациясы. Айқын емес және күдік немесе сенімсіздік туғызатын проблемалар, дұрыс шешім/шешімдер табуға деген әуестік және қызуғышылық тудыруы керек. Заманауи дидактикалық тәжірибедегі проблематизациялау ең құнды әдістердің бірі болып табылады, себебі ойлауға, мәселені дербес шешуге бағдарлайды. Дискуссия барысында қолдану арқылы оқушыны мәселені шешетін тиісті жауап іздеу қалпына жетелеу. Қайшылықты, бір мәнді шешуге келмейтін қиын мәселені сипаттайтын мәселелік жағдайды құрудан басталады. қабылданған білім мен жаңа жағдаят арасында қайшылық тудыруы керек.

Мәселелік жағдайды құру үшін келесідей сипаттармен жабдықтау керек:

- оқушы үшін когнитивтік қиындық көрсету, оны шешу шынайы ақыл-ой жігерін талап етеді.

- оқушыны әрекет етуге мәжбүрлейтіндей (іздеу, бөгеттерді жеңу, шығару,

өзі білетінмен және белгісіздіктің арасындағы байланысты орнаты, шешім табу, қабылдау) қызығушылығын тудыру, таңдандыру, шабыттандыру,

- қатысушының әрекетін шешім бағытына, шешу әдістерін табуға бағыттау. Мәселелік жағдайды алдын ала алынған білім мен тәжірибені жандандырмай шешу мүмкін емес.

Мәселелерді шешу логикалық ойлау, индукция, дедукция, интуиция, аналогия әдістері, сондай-ық ерік және батылдық қасиеттерін іске қосады.

Мәселелік жағдайды құру және шешімді іздеу үшін зерттеу белсенділігін құру үшін төрт фундаменталды кезенді қарастыру қажет:

1. *Мәселенің қойылуы.* Алдымен мәселелік жағдайды құру, фактілерді баяндау, жалпы алғандағы байланыстың себеп-салдарын көрсету. Бірінші сұрақтарды алғаннан кейін нақтылаушы ақпарат ұсыну. Нақты айтқанда мәселенің шешуін жалпы түрде айту, ал оқушылар оларды өз еріктерімен тереңіненмәнін аша түседі.

2. *Мәселе туралы ақпаратты мұқият зерттеу* және оны қайта құрылымдау. Проблематизациялау бұл жерде фундаменталды зерттеуге жақын келеді. Мұнда тыңдаушылар дербес жұмыс атқарады: білімдерін жаңартады, олар қажет және қолайлы деп таныған белгілі мәліметтерді салыстырады және орнықтырады, ақпарат көлемін шектейді.

3. *Мүмкін болатын шешімдерді іздеу.* Оқушылар құрғақ күйдегі материал қалдықтарын жинап алады және базалық сипаттарын табады, логикалық байланыстарын құрады (белгілі процестің немесе құбылыстың пайда болу шарттарын тексереді, мәселені шешу бойынша гипотезалар жасайды, қолжетімді тәсілдермен тексереді).

4. *Нәтижеге ие болу және бағалау.* Әр гипотезаны талдау кезінде нәтижелерді салыстыру керек. Қорытындысында оқулықта ұсынылған идеялармен салыстырылатын неғұрлым қолайлы шешім таңдалады.

Бұл әдіс оқушының белгілі ішкі позициясын құру кезінде өте пайдалы:

а) оқушының барлық аспектілері пайдаланылады (ақыл, еріктік сапалары, эмоциялар), зейін және талпыныс іске қосылады.

ә) өзінің жеке көзқарасын құру кезінде дербестік және батылдық насихатталады.

б) қызметтің белсенді стилі рухында тәрбиеленеді.

в) танымдыққа мотивациялайды және осы процестің тұрақтылығына ықпал етеді.

Қызығушылық – күнделікті өмірге қатысты мәселелер немесе сұрақтар оқушының қызуғушылығын тез тудыратыны тәжірибеден көрініп байқалды. Бірақ проблематизациялау стратегиясы әмбебап емес. Проблематизациялау әдісін талқылау әдісімен, кейстерді талдау, мәтінді оқу және талдаудан өткізу, туындату арқылы оқыту және т.б әдістерімен қатар қолдануға болады.

Бұл оқулық өзінің табиғаты бойынша өзгеше және краудсорсингті пайдалану арқылы өңделу форматынан бастап (қоғамның әлеуеттігін пайдалану), оқыту мазмұнына дейін енген және оқулықтың өзгешілігі оның барлық түрінде сақталған.

Кәсіпкерлік академиялық тұрғыдан емес, әрекет ету арқылы үйретуге бағытталған. Сондықтан оқулықтағы теориялық материалдың үлесі жалпы көлемнің 30%, ал, қалған бөлігі практикалық тапсырмалар, тақырыптық ойындар және т. б. құрайды

Оқу бағдарламасында коучинг әдісі қолданылады, ол оқушыларға үлкендердің кәсіпкерлік пен бизнестің дұрыстығы немесе қателігі, өзектілігі немесе немқұрайлылығы туралы субъективті, авторлық пікірін күштеп игеруді емес, керісінше оқушының пәннің мәнін түсінуін және оған жеке көзқарастың қалыптасуына байланысты өз таңдауы арқылы психологиялық жауапкершілікті қабылдауды қамтиды.

Кәсіпкерлікті экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның құзыреттілігі ретінде қарастыратындықтан, тренингтік оқыту форматын да қолданылды. Ол дағдыларды игерудің жоғары интерактивтілігін қамтамасыз ету мақсатында біріктірілген, бұл пәннің негізгі мақсаттарымен қатар мамандандырылған білімді қолдану дағдыларын (hardskills) алуға, сонымен қатар оқушыларға көрінбейтін, тиімді тұлғаның әлеуметтік дағдыларын (softskills) қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жасөспірімдерді өмірге дайындайды және қоғамда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге жақындатады (мақсатты дұрыс қою, идеяларды қалыптастыру, идеяны тыңдаушыға жеткізу, тиімді командалар құру және т.б.). Сонымен қатар, мектеп бітірген кезде жасөспірім қалаған қызмет саласын нақты түсініп, мамандықты саналы түрде таңдайды деп болжам жасауға болады.

Геймификация принципін (ойын техникасы) кеңінен қолдану материалды қабылдауды жеңілдетуге ғана емес, сонымен қатар кейінгі өмірде нақты жағдайларды масштабтауға болатын белгілі бір пайдалы бастапқы дағдыларды дамытуға бағытталған.

Кейс (жағдаяттық) оқыту әдісі де процеске біріктірілген, өйткені ол плюрализмге (көптеген пікірлер), шығармашылықтың көрінісіне, сол жағдайға бейстандарттық көзқарастарға нақты мүмкіндік береді.

Сонымен, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бағдарламасын оқытуда жаңартылған білім берудің заманауи оқыту әдістерін кеңінен пайдаланған жағдайда ғана жоғары жетістікке жетуге болады. Әдістемелік ұсынымдаманың екінші бөлімінде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша оқытудың жаңартылған әдіс-тәсілдері мен формаларын қарастыратын боламыз.

1.2. Шетелдік мектептерде кәсіпкерлік негіздеріне оқытудың ерекшеліктері

Қазіргі уақытта жастардың іскерлік белсенділігін қалыптастыру мәселесіне шет елдерде де айтарлықтай көңіл бөлінуде. Көбінесе дамыған елдерде, атап айтқанда АҚШ, Англия және Франция елдерінде мұғалімдер мен кәсіпкерлер мектеп тәрбиесінің потенциал мүмкіндіктері, оны шешу мәселелері әлі де қолданылмай келеді деген пікірде. [6]

Қазіргі заманғы жағдайда көптеген кәсіпкерлер қызметкерлерден аналитикалық және жүйелі ойлау, бастамашылдық және коммуникативтілік, жауапкершілік пен шешім қабылдай алу дағдыларының болуын талап етеді. Мұндай қасиеттерді мектеп деңгейінен бастап қалыптастыру керек. Алайда мектепте кадрларды даярлау мәселесіне талап етілмей, тек оқу жетістіктеріне назар аударуға басымдық танытылады.

Бүгінгі таңда мектеп алдында тұрған міндеттерге тек оқыту ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаны қалыптастыру, мамандыққа бағдарлау, жылдам өзгеретін қазіргі қоғамда жұмыс істей алатын, қоғамдық өмірге дайындық енуі керек. Мектептің оқу жоспарлары және оларды жүзеге асыру формалары тым академиялық болмауы да мүмкін және ол нақты өмірмен байланысты болуы керек. Әрине, шетел мектептерінде дамыған оқытудың жеке бағыттары мен кәсіпкерлікке деген көзқарастар отандық жалпы білім беретін мектептер үшін де қызығушылық тудырады.

АҚШ-тағы білім беру үшін «Мансапқа бағытталған білім беру» (Career Education) тұжырымдамасы жетекші болып табылады. Бұл тұжырымдама жалпы білім беретін мектептегі барлық оқу курстарының мазмұнын кешендік принципінә сәйкес ұйымдастыруды қарастырады және оқушыларды ауқымды, жалпы еңбекке және политехникалық дайындығына көшуді бейнелейді.

«Мансапқа бағытталған білім беру» бағдарламасының негізінде кәсіпорындар мен мекемелердің заманауи қызметкерлеріне қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағдылар мен жеке қасиеттерді бірізділікпен қалыптастыру жатыр. Жаңа жұмыс жағдайларында өз бетінше білім алу және бейімделу дағдыларын қалыптастыратын педагогикалық технологияларға басты рөл беріледі.

Case-study әдісі немесе нақты жағдаяттар әдісі (ағылшын тілінен case – жағдай, жағдаят) – нақты міндеттері – жағдаяттарды шешу (кейстерді шешу). арқылы оқытуға негізделген проблемалық-ситуациялық белсенді талдау әдісі. Нақты жағдаяттар әдісі (case-study әдісі) ойын емес имитациялық белсенді оқыту әдістеріне жатады. [13]

Case-study әдісінің тікелей мақсаты – оқушылар тобының бірлескен күш-жігермен істің нақты жағдайы туындайтын кезінде және практикалық шешім шығаруда case-жағдаят талдау; процестің аяқталуы – ұсынылған алгоритмдерді бағалау және қойылған проблема тұрғысынан ең үздігін таңдау болып табылады.

Қазіргі уақытта case-studyдің Гарвард (американдық) және Манчестер (еуропалық) классикалық мектептері бар. Бірінші мектеп аясында әдістің мақсаты – ең дұрыс шешімді іздеуге үйрету, екіншісі – мәселенің көп нұсқалығын шешуді ұйғарады. Американдық кейстер көлемі жағынан үлкен (мәтіннің 20-25 беті, оған қоса 8-10 беті иллюстрациялардан тұрады), ал, еуропалық кейстер 1,5-2 есе қысқа.

Кейстерді жинау және тарату бойынша көшбасшы 1973 жылы 22 жоғары оқу орнының The Case Clearing House of Great Britain and Ireland бастамасымен құрылған; 1991 жылдан бастап ол European Case Clearing House (ECCN) деп аталады. ECCN – бұл коммерциялық емес ұйым, ол кейстерді ұсынатын және оны пайдаланатын әлемнің әр елдерінде орналасқан ұйымдармен байланысты. Қазіргі уақытта ECCN құрамына 340-қа жуық ұйым, олардың ішінде Гарвард бизнес мектебі, Лозаннадағы менеджментті дамыту институты (IMB), Швейцариядағы INSEAD, Франциядағы Фонтенбло, Испания мен Барселонадағы IESE, Англиядағы Лондон бизнес мектебі, сондай-ақ Кранфилдтегі менеджмент мектебі енеді. Бұл ұйымдардың әрқайсысының өздерінің кейстер топтамасы және оларды таратуға ECCN құқығы бар.

Бүгінгі таңда case-study әдісі оқытуда жетекші орындарға ие болды, шетелдік тәжірибеде бизнес – білім беру белсенді қолданылады және оқушыларға типтік мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Гарвард бизнес мектебі бизнесті оқытудағы case-study әдісінің басымдығын сақтай отырып, оқу уақытының 90% - ға жуығын нақты кейстерді талдауға бөледі. Гарвард әдістемесі бойынша ситуациялық оқыту – бұл бейнематериалдарды, компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып тыңдаушылардың қарқынды тренингі болып табылады. Гарвардтың немесе кез-келген басқа бизнес-мектептің студенті орта есеппен өзінің оқу барысында жүздеген кейстерді «өңдейді». Жыл сайын Гарвардта жүздеген жаңа кейстер, әдістемелік құралдар шығарылып, кейстер топтамасына толықтырулар енгізіледі. Жағдаяттық оқытуды қолдануда Солтүстік Американың әйгілі университеттерінің бірі – Батыс Онтарио университеті (Канада) де қолданады.

Case-study әдісі (немесе жиырмасыншы жылдары жазылғандай «қиын оқиғалар әдісі») өткен ғасырдың 20-жылдарында біздің еліміздегі кеңес партмектептерінің экономика пәні оқытушыларына белгілі болды. 1926 жылы қыркүйекте экономика пәні бойынша оқытушылар конференциясы болды, онда оқытудың түрлі әдістері мен оқыту әдістемесі, соның ішінде жоба әдістері немесе қиын оқиға әдісін қолдану мәселелері қарастырылды. 1924 жылдың қазанынан 1925 жылдың қазанына дейінгі кезеңде кеңес партмектептері оқытушылары Гарвард университеті ұйымының американдық экономикалық журналдардың бірінде (Harvard Business Review) – қиын оқиғалар әдісімен танысты.

КСРО-да case-study әдісін экономика пәні оқытушылары жақсы түсінгенімен, ол ұзақ қолданылмады. Оған деген қызығушылық XX ғасырдың соңында ғана пайда бола бастады.

Соңғы жылдары ресейлік білім беруді модернизациялау курсына байланысты Ресейдің Жоғары мектеп жүйесінде оқытудың жаңа тиімді әдістері іздестірілуде.

Case-study әдісін жоғары кәсіптік білім беру практикасына енгізу проблемасы қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады, бұл екі процеске байланысты:

- ең біріншісі білім беруді дамытудың жалпы бағытынан туындайды, оның нақты білім алуға емес, кәсіби құзыреттілікті, ақыл-ой іс-әрекетінің дағдылары мен біліктілікті қалыптастыруға, жеке адамның қабілеттерін дамытуға бағытталған, олардың арасында оқуға, ойлау парадигмасын өзгертуге, кең көлемде ақпаратты өңдеуге ерекше назар аударылады;

- екіншісі маманның сапасына қойылатын талаптардың дамуынан туындайды, ол бірінші тенденцияның талаптарын қанағаттандырумен қатар, әртүрлі жағдаяттарда оңтайлы мінез-құлық қабілетіне ие болуы керек, дағдарыс кезінде жүйелілік пен тиімділікпен ерекшеленуі тиіс.

Қазіргі уақытта оқытудың белсенді әдістері, соның ішінде case-study әдісі Ресейдің бірқатар жетекші экономикалық университеттерінде экономикалық

кадрларды дайындауда кеңінен қолданылады. Экономикалық мамандық студенттерін оқытуда case-study әдісін қолдану оқытылатын пәндерге танымдық қызығушылықты арттыруға, экономикалық заңдарды түсінуді жақсартуға мүмкіндік береді және зерттеу, коммуникативтік, шығармашылық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Case-study әдісінің ерекшелігі – нақты өмірдегі фактілерге негізделген проблемалық жағдай жасау.

Case технологиясына негізделген оқу процесі тиімді болуы үшін екі шарт: жақсы құрылған кейс және оқу процесінде оны қолданудың белгілі бір әдістемесі қажет.

2.4 Бизнес кейстер негізінде оқу сабақтарын өткізу

Бизнес-кейстермен оқыту XX ғасырдың басында Гарвард университетінің бизнес мектебінде (ағылш. «case» - «портфель» немесе лат. «casus» - «күрделі») қолданыла бастады.

Сонымен бірге оқушылар нақты ұйымдардағы күрделі жағдайларды қарастырып, олардан шығу жолдарын ойластырады.

Әдістің мәні, оқушыларға нақты шешімі жоқ тапсырмалар (кейстер) беріледі. Тиісінше, олар мәселені және оны шешу жолдарын анықтауды немесе проблема анықталған кезде күрделі жағдайдан шығудың нұсқаларын жасауды талап етеді. [14]

Case-study әдісінің жалпы сипаттамасы

Case-studies – оқу сабақтарында кейіннен талдау мақсатында нақты материал негізінде арнайы әзірленген нақты оқу жағдайлары. Жағдаяттарды талдау барысында оқушылар «командада» әрекет етуге, талдау жүргізуге және басқарушылық шешімдер қабылдауға үйренеді.

Case-study әдісінің идеялары (ситуациялық оқыту әдісі) өте қарапайым:

1. Бұл әдіс шындық плюралистік болып табылатын пәндер бойынша білім алуға арналған, яғни қойылған сұраққа нақты жауап жоқ, бірақ шындық деңгейіне сәйкес келетін бірнеше жауаптар бар; оқыту міндеті бірден классикалық схемадан ауытқып, бір ғана емес, бірнеше шынайы жауаптарды алуға және олардың проблемалық өрісіне бағдарлауға бағытталған.

2. Оқытуға басты назар дайын білімді игеруге емес, оны әзірлеуге, мұғалім мен оқушының бірлесіп құрылуына аударылады; демек, case-study әдісінің дәстүрлі әдістерден түбегейлі айырмашылығы – егер оқушы мәселені талқылау барысында басқа оқушылармен және мұғаліммен бірлесіп шешетін болса, білім алу процесінде демократия болғаны.

3. Әдісті қолдану нәтижесі тек білім ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызмет дағдыларына да байланысты.

4. Әдістің технологиясы: белгілі бір ережелерге сәйкес, нақты өмірде болған нақты жағдаяттың моделі жасалады және оқушыларға қажет білім мен практикалық дағдылардың жиынтығы көрсетіледі; сонымен бірге

мұғалім жетекші, сұрақтар тудыратын, жауаптарды жазатын, пікірталасты қолдайтын, яғни бірлесіп құру процесінің менеджері рөлін атқарады.

5. Жағдаяттық талдау әдісінің артықшылығы – білім алу және практикалық дағдыларды қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың құндылықтар жүйесін, кәсіби ұстанымдарын, көзқарастарын, өзіндік кәсіби түйсіну мен дүниетанымды дамыту.

6. Case-study әдісі дәстүрлі оқытудың классикалық кемшіліктерін «кұрғақтық», эмоционалды емес материалды – эмоциямен, шығармашылық бәсекелестікпен күресумен байланысты жақсы ұйымдастырылған кейстердегі пікірталастар театр қойылымын еске түсіреді.

Case-study әдісі – теориялық білімді практикалық есептерді шешуге қолдануға мүмкіндік беретін құрал. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік ойлауының дамуына, балама көзқарасты тыңдау және ескеру, өз ойларын дәлелдей білуіне ықпал етеді. Осы әдіс арқылы оқушылар аналитикалық және бағалау дағдыларын көрсетуге және жетілдіруге, топта жұмыс істеуді үйренуге, қойылған мәселенің ең ұтымды шешімін табуға мүмкіндік алады.

Қазіргі оқытудың интерактивті case-study әдісі оқушылардың теориялық ұстанымдарын игеруді және материалды практикалық пайдалануды меңгеруді қамтамасыз ете отырып, жағымды көзқарасқа ие болады; бұл оқушылардың кәсіби дамуына әсер етеді, олардың есеюіне ықпал етеді, оқуға деген қызығушылық пен жағымды уәжді қалыптастырады. Сонымен қатар, case-study әдісі мұғалімнің ойлау тәсілі, оның ерекше парадигмасы ретінде әрекет етеді, ол басқаша ойлауға және әрекет етуге, шығармашылық әлеуетін жаңартуға мүмкіндік береді. Case – нақты бизнестен алынған мысал – бұл оқиғалардың шынайы сипаттамасы ғана емес, жағдайды түсінуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық кешен.

Жақсы ұйымдастырылған кейс келесі талаптарға сай болуы керек:

- туындының нақты қойылған мақсатына сәйкес келуі;
- күрделіліктің тиісті деңгейінің болуы;
- экономикалық өмірдің бірнеше аспектілерін суреттеу;
- бүгінгі күнге өзекті болуы;
- типтік жағдайларды суреттеу;
- аналитикалық ойлауды дамыту;
- пікірталас тудыру;
- бірнеше шешімге ие болуы.

Бизнесте біржақты дұрыс шешімдер жоқ деп болжанады. Case-study әдісімен оқытудың мәні – әркім өзінің білімі, практикалық тәжірибесі мен түйсігі негізінде нұсқаларды ұсынады. Мысалы, біреу үшін компания басшысының отбасылық жағдайын өзгерту маңызды емес, ал басқа оқушы өз тәжірибесіне сүйене отырып, бұл фактіні өте маңызды деп санауы мүмкін.

Case-study әдісінің өзіндік белгілері мен технологиялық ерекшеліктері бар, оны басқа оқыту әдістерінен ажыратуға мүмкіндік береді.

Case-study әдісінің белгілері:

- әлеуметтік-экономикалық жүйе моделінің болуы;

- ұжымдық шешімдерді әзірлеу;
- шешімдердің көп баламалылығы;
- жалғыз шешімнің түбегейлі болмауы;
- шешімдерді әзірлеудегі бір мақсаттың болуы;
- қызметті топтық бағалау жүйесінің болуы.

Case-study әдісінің технологиялық ерекшеліктері:

1. Бұл әдіс зерттеу аналитикалық технологияның белгілі бір түрін білдіреді, яғни зерттеу процесінің операцияларын, аналитикалық процедураларды қамтиды.

2. Case-study әдісі ұжымдық оқыту технологиясы ретінде әрекет етеді, оның маңызды компоненттері топта (немесе кіші топтарда) жұмыс істеу және өзара ақпарат алмасу болып табылады.

3. Оқытудағы case-study әдісін синергетикалық технология ретінде қарастыруға болады, оның мәні топты жағдаятқа ену процедураларын дайындау, қалыптасқан тиімді білімді көбейту, инсайтқа бөлену, жаңалықтармен алмасу және т. б. әсерлерін қалыптастыру болып табылады.

4. Case-study әдісі жеке, оқушылардың топтық және ұжымдық даму, түрлі тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру процедураларын қоса алғанда, дамытушылық оқыту технологияларын біріктіреді.

5. Case-study әдісі жобалық технологияның белгілі бір түрі ретінде әрекет етеді. Жобалық оқыту технологиясында оқушылардың бірлескен іс-әрекеті арқылы болған мәселені шешу процесі жүрсе, ал case-study әдісінде тиімді іс-әрекеттің нұсқаларын түсіну үшін бір уақытта техникалық тапсырма және ақпарат көзі ретінде әрекет ететін кейс негізінде проблема мен оны шешу жолдары қалыптасады.

6. Case-study әдісі «табысқа жету» технологиясының маңызды жетістіктерін шоғырландырады. Онда оқушылардың әрекетін жандандару, олардың жетістіктерін ынталандыру, оқушылардың жетістіктерін атап өту бойынша іс-шаралар қарастырылады. Бұл әдістің негізгі қозғаушы күштерінің бірі ретінде, тұрақты позитивті мотивацияны қалыптастыру және танымдық белсенділікті арттыруда жетістікке жету болып табылады.

Case-study әдісінің негізгі функциясы - оқушыларға аналитикалық жолмен шешуге болмайтын күрделі құрылымданбаған мәселелерді шешуге үйрету.

Кейс оқушыларды шынайы жағдаяттармен бетпе-бет қалдырып, олардың іс-әрекетін жандандарады, аналитикалық және коммуникативтік қабілеттерді дамытады. Case-study әдісін қолдану «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінде кеңінен қолданылатын материалды қарапайым ұсынуда артықшылықтарға ие. Алайда, кейстер дәрістерді алмастыра алмайды. Мәскеудегі американдық бизнес және экономика институтының (AIBEc) оқытушысы Питер Эксманның айтуынша, барлық уақытты тек нақты мысалдарды талдауға жұмсауға болмайды, өйткені бұл ұқсас мәселелерді шешуге стереотиптік, біржақты көзқарасты қалыптастырады және оқушы жалпылаудың жоғары деңгейіне көтеріле алмайды. Кейстер практикада

кәсіпкерлік мәселелерді қалай қолданылатынын көрсетеді; егер теориялық «толтыру» болмаса, мұндай жаттығулардың айтарлықтай мәні болмайды.

Кейстер сабақтарда қолданылатын тапсырмалардан ерекшеленеді, өйткені оқытуда тапсырмалар мен кейстерді қолдану мақсаттары әртүрлі. Тапсырмалар оқушыларға жеке теорияларды, әдістерді, қағидаларды үйренуге және қолдануға мүмкіндік беретін материалды қамтамасыз етеді. Кейстер арқылы оқыту оқушыларға түрлі дағдылардың кең жиынтығын алуға көмектеседі. Кейстерде көптеген шешімдер және оған әкелетін көптеген балама жолдары бар. Case-study әдісі оқытудың «озық» белсенді әдістерінің біріне жатады.

Case-study әдісінің артықшылықтары:

- проблемалық оқыту принциптерін қолдану – нақты мәселелерді шешу дағдыларын алу, топтың бір проблема аясында жұмыс істеу мүмкіндігі, ал оқу процесінде өмірде шешім қабылдау механизміне еліктеу, ол өмірлік жағдаяттардағы терминдерді есте сақтау мүмкіндігі туады, өйткені ол терминдерді білу мен түсінуді ғана емес, сонымен қатар олармен жұмыс істеуді, мәселені шешудің логикалық сызбаларын құруды, өз пікірін дәлелдеуді талап етеді;

- командада жұмыс істеу дағдыларын алу (Team Job Skills);
- қарапайым талдау дағдыларын қалыптастыру;
- презентациялау дағдыларын алу;
- пресс-конференция дағдылары, тұжырымдай білу, сұрақ-жауапты дәлелдей алу.

Кейс дерек көздері

Кейс мұғалімнің ғылыми-әдістемелік қызметінің нәтижесі болып табылады. Зияткерлік өнім ретінде оның зерттеу көздерін төмендегідей ұсынуға болады:

- кейс мәселелері мен фактологиялық базасы – қоғамдық өмірдегі барлық сюжеттің алуан түрлілігінің қайнар көзі болып табылады;
- білім беру – case-study әдісіне интеграцияланған оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды;
- ғылым – бұл шағылысу кешені ретінде кейстің үшінші қайнар көзі; ол аналитикалық белсенділік пен жүйелік тәсілмен анықталатын негізгі әдіснамаларды, сонымен қатар кейс пен оны талдау процесіне біріктірілген көптеген басқа да ғылыми әдістерді анықтайды. Кейстің негізгі қайнар көздерінің қатынасы әртүрлі болуы мүмкін. Бұл тәсілдеме кейстерді олардың негізгі қайнар көздерінің әсер ету дәрежесіне қарай жіктеуге негізделген. Бұл жағдайды төмендегідей бөлуге болады:
 - нақты өмірлік жағдайларды көрсететін практикалық кейстер;
 - оқыту кейстері, олардың негізгі міндеті – оқыту;
 - зерттеу қызметін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу кейстері.

Жоғарыда аталған кейстердің қайнар көздері негізгі немесе бастапқы болып табылады, өйткені олар кейске әсер етудің маңызды факторларын анықтайды. Сонымен қатар, жоғарыда сипатталған негізгі дерек көздерден

туындау сипатындағы кейстерді қалыптастырудың қайталама көздерін бөліп көрсетуге болады:

1. Идеяларды ұсына алатын көркем және публицистикалық әдебиет, ал кейбір жағдайларда гуманитарлық пәндер бойынша кейстердің сюжеттік құрылымын анықтайды. Публикациялардан алынған үзінділер, кейске БАҚ-дан жедел ақпаратты қосу кейсті айтарлықтай өзектендіреді, ол оқушылар тарапынан қызығушылықты арттырады. Көркем әдебиет пен публицистиканы қолдану кейске мәдени функция береді, оқушының адамгершілік тұлғасын дамытуды ынталандырады.

2. Кейстерді қалыптастырудың қайнар көзі ретінде «жергілікті» материалды пайдалану. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, компания мен оның өнімдері оқушылар үшін белгілі бір жеке мәнге ие болған кезде әртүрлі компаниялардың қызметі туралы кейстерді неғұрлым терең және қызықты талқылау орын алады. «ASU», «Samsung», компаниялары туралы кейстер «Pillows.kz», «Fly Arystan» және тағы басқалары, егер оқушылар арасында осы компанияларды білетін оқушылар болса, үлкен қызығушылықпен талқылайды. Сыныпта «Samsung» компаниясы туралы кейстерді талдау барысында, осы компанияда өндірілген тауарлар оқушылардың үйінде болған кезде жақсы талданады. Ұлттық нарықта белгілі бір орны бар компаниялардың тәжірибесін және сол компаниялардың тауарлары мен қызметтерін мүмкіндігінше кейс арқылы көрсету.

Егер мектептегі оқушылар отандық, жергілікті компаниялар туралы кейстерде сипатталған оқиғалар мен олардың мазмұнын жақсы білсе өздерін сенімді сезінеді, шетелдік тұтынушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін талқылау оларға қиындық тудырады. Жергілікті материалға немесе жергілікті кәсіпкерге негізделген кейстерге талқылау жүргізуде мұғалім сенімді түсіндіреді, өйткені ол аймақты да, кәсіпорынның өзін де жақсы біледі. Мұндай жағдайларды талқылау кезінде жергілікті кәсіпкерді немесе кәсіпорын өкілін сабаққа шақырудың ерекше мүмкіндігі зор. Мысалы, «Rocket Study» кейсін талдау кезінде Нұр-сұлтан қаласының оқушыларына кейстің бас кейіпкері және «Rocket Study» ағылшын тілі мектептері желісінің негізін қалаушы Арслан Даримовтың өзін шақырып сұхбаттасуға болады.

3. Кейстің ғылымилығы мен күрделілігі статистикалық материалдармен, нарықтың жай-күйі туралы ақпаратпен, кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық сипаттамасымен және т.б. қамтамасыз етіледі; сонымен қатар бұл материалдар жағдаяттарды диагностикалау үшін тікелей құрал ретінде рөл атқаруы мүмкін және жағдаятты түсіне алатындай маңызды көрсеткіштерді есептеу материалы ретінде әрекет ете алады. Статистикалық материалдар кейстің мәтінінде немесе қосымшада орналастырылады.

4. Кейске арналған сапалы материалдарды белгілі бір мәселеге арналған ғылыми мақалаларды, монографиялар мен ғылыми есептерді талдау арқылы алуға болады. Ғылыми мақала әдетте кез-келген мәселені терең қарастырумен сипатталады; ғылыми монография зерттеу тақырыбына жүйелі, жан-жақты сипаттама береді; ғылыми есептің ерекшелігі – материалдың өзектілігі мен жаңашылдығы.

Ғылыми жарияланымдар case-study әдісінде екі функцияны орындай алады: біріншісі – ғылыми басылымдар мен олардың фрагменттері оларды мәтін мазмұнына қосу арқылы кейстің құрамдас бөлігі бола алады, ал екіншісі – кейсті түсіну үшін қажет әдебиеттер тізіміне енгізілуі мүмкін.

5. Кейстер үшін материал көзі интернет ресурстары болып табылады. Бұл дереккөз айтарлықтай ауқымдылығымен, икемділігімен және тиімділігімен ерекшеленеді.

Кейс құрылымы және оның құрылу принциптері

Кейстерді құрудың келесі негізгі кезеңдерін бөлу:

1. Кейстің дидактикалық мақсаттарын қалыптастыру. Бұл кезең оқу пәнінің құрылымындағы кейстің орнын анықтауды, осы жағдайға арналған пәннің бөлімін анықтайды; мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыруды; оқушылардың білімі, іскерліктері мен дағдылары үшін «жауапкершілік аймағын» анықтауды қамтиды;

2. Проблемалық жағдайды анықтау;

3. Мәтінде орындалуы керек негізгі тезистерден тұратын кейстің бағдарламалық картасын құру;

4. Бағдарламалық картаның тезистеріне тікелей қатысы бар институционалдық жүйені (фирма, ұйым, ведомство және т.б.) іздеу;

5. Кейстің бағдарламалық картасының тезистеріне қатысты институционалдық жүйеде ақпарат жинау;

6. Мектептің қызметін көрсететін жағдаят моделін құру немесе таңдау; оның шындыққа сәйкестігін тексеру;

7. Кейс жанрын таңдау;

8. Кейс мәтінін жазу;

9. Кейстің дұрыстығы мен тиімділігін диагностикалау; осы кейстің тиімділігін анықтау үшін қандай да бір схема бойынша құрылған әдістемелік оқу экспериментін жүргізу;

10. Кейстің соңғы нұсқасын дайындау;

11. Кейсті оқыту практикасына енгізу, оны оқу сабақтарын өткізу кезінде қолдану, сондай-ақ оны оқытушылық қауымдастыққа тарату мақсатында жариялау; егер ақпаратта нақты фирма бойынша деректер болса, жариялымға рұқсат алу қажет;

12. Кейсті қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарды дайындау: оқушыларға арналған тапсырманы және кейсті талқылау және таныстыру үшін мүмкін болатын сұрақтарды әзірлеу, кейсті талқылау кезінде оқушылар мен мұғалімнің болжамды іс-әрекеттерін сипаттау.

Кейс:

- қызықты, қарапайым және түсінікті тілде жазылуы керек (қажет болған жағдайда компания өкілдерінің мәлімдемелерін ұсынған жөн);

- «драмамен» және мәселелігімен ерекшелену;

- мәселенің «түйінін» экспрессивті түрде анықтау;

- жағымды және жағымсыз мысалдарды көрсету;

- таңдалған оқушылар контингентінің қажеттіліктерін қанағаттандыру,

қажетті және жеткілікті ақпараттармен қамту.

Мәселенің анықтамасы мен біліктілігі жағдаят моделін құру процесінде өте маңызды орын алады.

Кейстерді 5 кезеңде шешу ұсынылады:

Бірінші кезең – жағдаятпен және оның ерекшеліктерімен танысу;

Екінші кезең – негізгі проблеманы (негізгі проблемаларды) анықтау, шынайы әрекет ететін факторлар мен тұлғаларды анықтау;

Үшінші кезең – «миға шабуыл» үшін тұжырымдамалар немесе тақырыптар ұсыну;

Төртінші кезең – шешім қабылдаудың салдарын талдау.

Бесінші кезең – кейсті шешу – бір немесе бірнеше нұсқаны ұсыну (әрекеттер тізбегі), проблемалардың туындауы, олардың алдын-алу және шешу механизмдері.

Бизнес кейспен әр түрлі жұмыстарды істеуге болады.

1-ші нұсқа: оқушы белгіленген мәселе бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты өзі табуы тиіс.

2-ші нұсқа: оқушыға жағдаятты толық сипаттай алатын және шешім табуға мүмкіндік беретін сұрақтар беріледі.

3-нұсқа: оқушыға жағдаят сипаттамасы берілген мәтінді талдау мен анықтау үшін жүзеге асырылған қадамдар ұсынылады.

Бұл ретте бизнес кейс әдісі бірқатар оқыту міндеттерін шешеді:

- практикалық маңызы бар мәселелерді шешу үшін белгілі бір жағдайға қол жетімді білімді қолдану дағдыларын игеру. Яғни, оқушыларға жұмысты қатаң жоспарланған схема бойынша жүргізу қажеттілігі туралы идеялар ауыртпалығын күштемей, олардың жұмысын бастау қажет болатын түпкілікті нәтижені түсіну;

- оқушылардың ақпаратты сыни талдау дағдыларын дамыту және өмірде қойылған міндеттерді шешу үшін әр түрлі, бір-біріне қайшы келетін ақпаратты пайдалану әдістерін ұсыну;

- оқушылардың басқа адамдардың пікірін қабылдау қабілетін және командада жұмыс істей білуін дамыту;

- оқушылардың өзіндік стандарттан тыс шешімдерді өз бетінше қабылдау қабілетін дамыту.

Бизнес-кейспен жұмыс істеу кезінде мұнда нақты дұрыс шешім жоқ екенін есте ұстаған жөн. Оқулықта белгілі бір кәсіпкер жасаған келесі қадамдар айтылса да, онда бұл мүмкін болатын шешімдердің бірі ғана. Сіздің оқушыларыңыз шынайы шешім болатындай шешімінің түпнұсқасын ұсына алады. Осылайша, сабақта процесті басқара отырып, оқушыларды оқулықта көрсетілген жалғыз шешімді табуға емес, мүмкіндігінше көп нұсқаларды ұсынуға және олардың орындылығын дәлелдей білуге ынталандыру керек.

Сонымен қатар, сабақта оқушылардың іс-әрекетін бағалау кезінде сәтті жұмыстың көрсеткіші дұрыс жауап табу емес, шығармашылық көзқарас, топта жұмыс істеу қабілеті, қолда бар және жаңа ақпаратты пайдалану және өңдеу қабілеті, сыни ойлау және жағдаятқа кеңінен қарау мүмкіндігі болып табылады.

«Илон Маск» кейсі

Мақсаты:

- практикада тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін қажетті ресурстармен және факторлармен танысу;
- тауарлар мен қызметтерді өндіруге қажетті ресурстар мен факторлардың арасындағы айырмашылықты түсіну.

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде – оны талқылау және өзара әрекет ету үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру керек. Кейс проблемаларының шешімдері ерекше және нақты болуын қадағалау қажет.

Кейс тапсырмасында шешімдердің әртүрлілігі мен сабақ барысының баламалылығына жол беріледі.

Оқушыларда дебаттарды ұйымдастыру үшін қолдануға болатын қарама-қарсы көзқарастар болуы мүмкін. Сіз олардың пікірлеріне қатысты жеке баға бермейтініңізді көрсетуіңіз керек, сонда әр түрлі көзқарастарға жол бересіз және пікірлерін айтқаны үшін оқушыларға алғыс білдіріңіз. Ис-әрекеттің мәні - барлық алынған ақпаратты ескере отырып, оқушылардың мәселеге деген жеке көзқарасын қалыптастыру.

Оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар:

1-тапсырма

Zip 2-ні іске қосу кезінде Илон Маскта қандай ресурстар болғаны туралы ойланыңыз. Ол ресурстарды өндіріс факторларына қалай өзгерте алды?

Илон Маскта Zip2-ні іске қосу кезінде қаржылық ресурстар болды – бұл ұлының идеясына сенген әкесі берген капитал еді. Сонымен қатар, ол өзінің және ағасының еңбек және ақпараттық ресурстарына ие болды. Олар, сайып келгенде, кіріс әкеліп қана қоймай, тұтас индустрия туралы түсінікті өзгерткен оның жобасының табыстылығына әкелді.

Илонға мүлдем жаңа өнім ойлап табудың, өз күшімен оны жасаудың, пікірлестер командасын жігерлендіріп, пайдаланушыларды бұған дейін болмаған нәрселерді пайдалануға сендірудің, нарықтың негізгі ойыншылары — The New York Times және Pulitzer Publishing-нің өнімін пайдалануға тартудың сәті түсті.

Мұның барлығы оқушылардың жеке еңбек және ақпараттық ресурстары (білімі, шеберлігі мен дағдылары) болған жағдайда олардың өте көп нәрсеге, соның ішінде қажетті қаржыны тартуға қол жеткізе алатынына сендіруі тиіс.

2-тапсырма

X.com (PayPal) стартабын іске қосуға қандай ресурстар мен өндіріс факторлары тартылғанын және нәтижесінде ол неге сәтті болғандығын талдап көріңіз.

Бұл жағдайда өндірістің басты факторы Илон Масктың кәсіпкерлік қабілеті болды. Атап айтқанда, оның жақын арада адамдардың қандай өнімдер мен сервистерді талап ететінін болжау үшін болашаққа көз жүгірте білуі. Тәуекел ету қабілеті – өйткені, Илонда пайдаланушылардың оның сервисіне

сенім артып, өз ақшаларын аудару үшін электронды жүйелерді пайдалана бастайтынына кепілдік болған жоқ. «пошта» және «ақша аударымдары» сияқты ұғымдарды біріктіре отырып, стандарттан тыс және креативті ойлана білу қабілеті болды.

Сыныппен талқылау нәтижесінде Илон Масктың кәсіпкерлік қабілеттерінің тізімін кеңейтіңіз. Оқушыларда пайда болған барлық идеяларды көрнекілік үшін тақтаға жазуыңызға болады.

3-тапсырма

Space X-ке тартылған өндіріс факторларының тізімін кеңейтіңіз.

Илон Масктың жаңа стартап үшін қажет болған барлық өндіріс факторларын оқушылармен талқылай аласыз.

Жер: яғни кеңсе, зауыт және ғарыш айлағын салуға арналған алаң.

Капитал: қаржы құралдары, жабдықтар, үй-жайлар, бағдарламалық қамтамасыз ету және т. б.

Еңбек: компанияға тартылған қызметкерлердің үлкен штаты: инженерлер, бағдарламашылар, ғалымдар, дизайнерлер, жобалаушылар, талдаушылар және т. б.

Кәсіпкерлік қабілеттер: өзінің SpaceX стартапында Илон Маск қандай мінез-құлық сипаттары мен тәжірибе қолданғанын талқылаңыз.

Ақпарат: бағдарламалау, инженерлік, ғарыштық ұшулар және т. б. саласындағы кең білім.

4-тапсырма

Электрмобильдерді өндіру үшін қандай ресурстар мен факторлар қажет екенін талдаңыз.

Өндіріс факторлары мен ресурстарын көрсете отырып, Илон Маск олардың бизнес сызбасын өзгерте отырып, өз стартаптары үшін бұл тізімді әр уақытта қайта қарайтындығына назар аударыңыз. Әрбір жаңа бизнес үшін Илонға өндіріс технологиясын қайта ойлап табуға тура келеді, өйткені бұл іспен оған дейін ешкім айналыспаған, яғни автокөліктің сырт көрінісін ғана емес, оны өндіру үшін жаңа станоктар, энергия жұмсаудың жаңа технологияларын және т.б. ойлап табудан бастауға мәжбүр.

Бұған қоса, оқушылардың назарын Илон Маск электр энергиясының стандартты емес көздері – автокөліктерге арналған отын, күн батареялары және т. б. сияқты электр энергиясы есебінен ресурстар тізімін белсенді кеңейтетініне аудартыңыз. Яғни, ол ресурстардың стандартты тізімімен шектелмейді және оны дерек ретінде қабылдамайды, оны үнемі жаңа идеялармен толықтырады.

5-тапсырма

Илон Масктың бизнес-кейсі не үйретті? Өндіріс ресурстары мен факторлары туралы енді қандай тұжырым жасай аласыз?

Оқушыларға Илон Маск туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріңіз. Кейс ресурстарды іздеуге және оларды өндіріс факторларына түрлендіруге қажетті жаңа стандартты емес тәсілдерді іздеуге шабыттандыруы тиіс. Әлемдік бизнес-аренада керемет жетістікке қол жеткізген Африкадағы қарапайым баланың тарихы, кез келген табысты бизнестің негізінде, ең алдымен, оның

негізін қалаушының кәсіпкерлік ойы, содан кейін ғана қаржы немесе материалдық ресурстар жататынын көрсетеді.

«Yuframe» кейсі

Мақсаты:

- сұраныс пен ұсыныс арасындағы байланысты бақылау.

Бизнес-кейсті талқылау кезінде сіздің міндетіңіз – оны талқылау және өзара іс-қимыл жасау үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру. Кейс проблемаларының шешімдері ерекше, қарапайым болмауын өтінізіз. Бұл тапсырмада шешімдердің баламалылығына және сабақ барысының ауытқуына жол беріледі.

Оқушыларда дебаттарды ұйымдастыру үшін қолдануға болатын қарама-қарсы көзқарастар болуы мүмкін. Сіз олардың пікірлеріне қатысты жеке баға бермейтінін көрсетуіңіз керек, сонда әр түрлі көзқарастарға жол бересіз және пікірлерін айтқаны үшін оқушыларға алғыс білдіріңіз. Іс-әрекеттің мәні - барлық алынған ақпаратты ескере отырып, оқушылардың мәселеге деген жеке көзқарасын қалыптастыру.

1-тапсырма

Вайнерлер көрерменнің/тұтынушының қандай сұранысын қанағаттандырады? Тұтынушы үшін олардың өнімінің (вайндарының) маңыздылығы неде?

Сіз мектепке автобуспен күнделікті үйреншікті бір ғана жолмен сабаққа, жұмысқа барасыз, сондықтан сізді жолдағы күнделікті көрініс жалықтыруы мүмкін. Осындайда уақытты қысқарту және оны қызықты ету үшін вайндарға жаңа бағыт смартфон және ондағы жылдам ғаламтор қажет болды.

Бұл шындыққа айналғаннан кейін, адамдарда уақытты қысқарту үшін қысқа және қызықты роликтерге сұранысы пайда болды. Дәл осы сұранысты вайндар қанағаттандыра алды.

2-тапсырма

Неліктер вайнерлер 25 жасқа дейінгі жастар? Бизнесінің ерекшелігі вайнерлердің жасына байланысты ма?

Сапалы және қызықты вайнды түсіруге (ал басқасын аудитория ұнатпайды немесе мақсатқа лайық емес) сценарийді жазудан бастап, оның хэштегтері бар әлеуметтік желілерде пайда болуына дейін шамамен 12 сағат кетеді: ересек адамдарда мұндай бос уақыт жоқ, бұған қоса, ересек адамдар мұндай шығармашылыққа соншалықты бейім емес және мұндай әлеуметтік желілердің (вайндарды таратудың негізгі арналары) белсенді пайдаланушылары болып табылмайды.

3-тапсырма

Неліктен вайнерлердің негізгі мақсатты аудиториясы жоғары сынып оқушылары мен студенттер болып табылады? Вайн секілді форматтың қандай ерекшеліктері дәл осындай мақсатты аудиторияны тартады?

Балаларда, әдетте, смартфондар жоқ, бұған қоса, олар мұндай әзілді әлі түсінбейді. Вайндар жастардың өміріндегі тұрмыстық жағдайларды оларға түсінікті тілде жеткізеді, оларды алаңдататын тақырыптарды қозғайды, оларға таныс фильмдерді, әндерді және т.б. көшіреді.

4-тапсырма

Yuframe жетістігі неліктен Елдана Сатыбалдиевамен бірлескен жобасынан бастау алды? Қазіргі әлеуметтік желілердің қандай заңы мұндай ықпалды мүмкін ете алады?

Елдананың жеке жеткілікті көрермендер аудиториясы болды, Yuframe вайны оның пайдаланушыларының назарын аударды, олар Yuframe аккаунтын көріп, оған лүпіл қоя бастады, осыдан кейін жастардың танымалдығы тез өсе бастады.

5-тапсырма

Неге жарнама берушілер Yuframeге назар аударды? Әлеуметтік желілердегі жарнаманың қандай артықшылығы бар? Қандай кәсіпкерлерге/компанияларға бұл қызық болуы мүмкін?

Сіздің мақсатты аудиторияңыз — студенттер мен жоғары сынып оқушылары. Олардың ең жиі шоғырланатын жерін қайдан табуға болады? Әрине, ғаламтордан. Онда аудитория миллиондап саналады. Сізге тек - жастар уақыт өткізетін әлеуметтік желілерден тиісті арнаны табу және оның иелерімен жарнама туралы келісім жасау ғана қалады. Yuframe-ге коммерциялық ұсыныс жасай бастаған компаниялар осындай ойда болды. Егер тереңірек қарайтын болсақ, қазіргі заманауи студенттер мен оқушылар 5 жылдан кейін осында жұмыс істеуге, төлемге қабілетті болады. Егер олар қазір қандай да бір сервиске немесе қызметке көңіл аударып қана қойса, болашақта олардың пайдаланушылары болары хақ.

6-тапсырма.Неге product placement компаниялары қызықты болып табылады? Компаниялар өнімі жай ғана әлеуметтік желіде пайда болғаны үшін неліктен ақша төлеуге дайын?

Айтқанымыздай, Yuframe аккаунтында Instagram-дағы 2,9 млн жазылушылаы бар, олар әрбір жаңа вайнның пайда болуын тағатсыздана күтуде. Олар үшін Арман, Адина, Карина және Расул - сүйікті кейіпкерлер мен еліктеуге лайықты жандар. Егер олар белгілі бір иіссуды пайдаланса, белгілі бір мейрамханаларға барып, белгілі бір фирманың киімін кесе, бұл заттардың барлығы бірден сұранысқа ие болады және Yuframe-ге ұқсау үшін көрермендер сондай өнімдерді сатып ала бастайды.

7-тапсырма

Неліктен жарнама берушілер Yuframe жастарының жеке аккаунттарындағы жарнамаға қызығады?

Егер тіпті жасырын түрдегі жарнама: «Бүгін Х мейрамханасына бардық, уақытты керемет өткіздік. Сервис пен тағам – жоғары деңгейде», жастардың аккаунттарында пайда болса, product placement-тегі схема жүзеге аса бастайды. Олардың әрқайсысында Yuframe негізгі аккаунтындағыдай жазылушы көп

болмаса да (Арманда – 518000, Адинада – 576500, Каринада - 962 400), олар айтарлықтай аудиторияны қамтиды.

8-тапсырма

Бір бренд тәңірегіндегі вайнның сюжеті бар және компанияның аккаунты мен геолокациясы көрсетілген жарнама неліктен жарнама беруші үшін қызықты болуы мүмкін?

Product placement секілді мұндай жарнаманың өз ерекшеліктері бар. Ол жасырын емес, ашық. Мұнда көрермендердің жарнама өнімін байқамау мүмкін емес. Сонымен қатар, ол тікелей компанияның аккаунтына жібереді. Өнімге қызығушылық танытқан пайдаланушы бірден компания сайтына кіріп, ассортиментпен толығырақ таныса алады. Әйтпесе, өніммен танысуды кейінге қалдырып, содан кейін оны ұмытып кету қаупі де болуы мүмкін.

Геолокация бірден пайдаланушыға қажет болған жағдайда сонда кіріп, өнімді тікелей көруі үшін, осы компанияның дүкенін табуға көмектеседі.

9-тапсырма

Вайнерлер командасының әр мүшесі қандай қызмет атқаруы керек екенін талдаңыз.

Yuframe командасының мүшелері жұмыстарды өзара қалай бөліп алатынын болжаңыз. Әрбір жобаның идеялық шабыттандырушысы болуы керек.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бірыңғай жетекшісіз компаниялар тез құлдырайды. Yuframe-де бұл функцияны Арман орындайды – бұл вайн жарай ма, жарамай ма, түпкілікті шешімді сол қабылдайды. Ол монтажбен айналысады – дубльдерді өзара біріктіреді, оларға музыка жазады т.с.с. Сонымен қатар вайнерлер командасында тартымды қыз бала болуы тиіс – бұл образсыз көптеген вайндар жарамсыз болар сөзсіз. Вайндардың негізгі тұздығы – әзіл. Командада креативті идеялар мен әзілдерге жауап беретін адам болуы тиіс.

Сонымен қатар, жарнама берушілермен байланысқа және қаржылық мәселелерге жауап беретін менеджер болуы қажет.

10-тапсырма

Сіздің ойыңызша, қаралым санына негізделген жарнама қалай жұмыс істейді?

Бұндай жарнама Instagramда болуы мүмкін бе? Youtube әрбір роликтің көру санын белгілейді, демек, жарнама беруші оны қанша адам көретінін дәл есептей алады. Сонымен қатар, Youtube-те роликті көру кезінде пайда болатын қалқымалы жарнама бар. Пайдаланушы оны өшіре алады, бірақ бәрібір көзінің қиығымен өнімді көріп, оған назар аударады.

11-тапсырма

Yuframe командасы өзінің жаңа бизнес желісін бургерлік деп атауды неге шешкенін талдаңыз.

Уақыт өте келе «Yuframe» сөзі жобаның атауы ғана емес, дербес брендке айналды. Бұл бренд қазірдің өзінде танымал, әрі табынушылары болғандықтан, бургерлер желісі деп аталған Yuframe командасы өз ғимараттарын

жарнамалаудың қосымша шығындарынан құтылды – олардың атауы өз-өзін жарнамалайды.

12-тапсырма

Неліктен мейрамхана ашуға шешім қабылдау арқылы Yuframe бургер пішімін таңдады? Бұл таңдауды жобаның мақсатты аудиториясымен қалай байланыстыруға болады?

Жоғарыда айтқанымыздай, жобаның мақсатты аудиториясы – жастар мен студенттер. Әдеттегідей, оларда көп қаржы жоқ, өйткені олар оқуда, толыққанды жұмыс істеп, қаражат таппайды. Сондықтан қымбат мейрамханаларға немесе дәмханаларға бара алмайды. Бургерхана – жастар арасында танымал мейрамхана форматы, сабақ арасында сол жерден арзан бағаға тамақтануға болады.

«Экстремалды атлетика» кейсі

Мақсаты:

- кәсіпкерлік қызмет түрлерін ажырата білуді үйрену;
- ел экономикасындағы шағын және орта бизнестің рөлін түсінуді үйрену;
- кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандарын ажырата білуді үйрену.

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде – оны талқылау және өзара әрекет ету үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру керек. Кейс проблемаларының шешімдері ерекше және нақты болуын қадағалау қажет.

Кейс тапсырмасында шешімдердің әртүрлілігі мен сабақ барысының баламалылығына жол беріледі.

Оқушыларда дебаттарды ұйымдастыру үшін қолдануға болатын қарама-қарсы көзқарастар болуы мүмкін. Сіз олардың пікірлеріне қатысты жеке баға бермейтініңізді көрсетуіңіз керек, сонда әр түрлі көзқарастарға жол бересіз және пікірлерін айтқаны үшін оқушыларға алғыс білдіріңіз. Іс-әрекеттің мәні - барлық алынған ақпаратты ескере отырып, оқушылардың мәселеге деген жеке көзқарасын қалыптастыру.

1-тапсырма

Жастардың немесе креативті кәсіпкерліктің өмірінен мысал келтіріңіз – бизнес болашақ кәсіпкердің әуестігінен немесе хоббиінен өсіп дамиды ма?

Егер оқушылардың жауап беруі қиындық тудырса, теориялық сабақта олардың бизнес кейстерін еске сақтауды сұрай аласыз, мұнда Эмина Аскеровтың, Жібек Караманованың немесе Repas мысалдарын келтіруге болады. Сіз сондай-ақ олардың қандай хоббиі әлеуетті түрде бизнеске айнала алады деген сұрақ қоя аласыз немесе бірнеше оқушыны хоббиін айтуды және аталған хоббидің бизнеске өзгерте алатын қадамдарды талдай отырып, бүкіл сыныппен ой-талқы өткізуді өтіне аласыз.

2-тапсырма

Неліктен Василий Кочетков, Вадим Винокуров және Тимур Артюхин өздігінен экстремалды спортпен жай ғана айналысу идеясынан бас тартты

және «Экстремалды атлетика» Қоғамдық бірлестік құруды шешкен бірнеше себептерді атаңыз. Сіз мұнда қандай плюстар мен минусстарды көресіз?

Жеке іс ашудың барлық плюстары мен минустары бұдан әрі сабақта талқыланады. Аталған кезеңде оқушылар өздерінің болжамдарын айтуы тиіс. Оқушылар оқулықта ұсынылған тізіммен салыстыру үшін, оларды тақтаға жаза аласыз.

3-тапсырма

«Экстремалды атлетика» жобасының ақшаға айналуы ненің есебінен болды және алынған қаражаттың қандай нәрсеге бөлінетінін талдаңыз.

Жобаның мазмұны әрі қарай талқыланады. Сіз оқушыларды пайда табудың өзіндік нұсқаларын ойлап табуға ынталандырып, 2-тапсырмада көрсетілген жауаптардағы әрекетерді қайталай аласыз. Олардың барлық жауаптарын сіз оқулықта көрсетілген нұсқалармен салыстыру үшін тақтаға жаза аласыз. Бәлкім, оқушылар одан әрі көрсетілмеген қызықты және бірегей идеяларды ойлап табады.

4-тапсырма

Бір ұйымдастырушылық-құқықтық нысан шеңберінде бизнес-қызметті жүргізудің барлық плюстарын талдаңыз. Мысал ретінде кез келген басқа жастар, креативті немесе басқа бизнесті пайдаланыңыз. Төмендегі аталған плюстарды үш санатқа топтастырыңыз:

- 1) бизнес үшін плюстар;*
- 2) мемлекет және экономика үшін;*
- 3) қоғам үшін.*

Тапсырма креативті тәсілдемені ұйғарады. Тапсырмаға жауап беру кезінде сіз кәсіпкерлік қызметінің әртүрлі ұйымдастырушылық құқықтық нысандарына қатысты бөлімнің теориялық материалына сүйене аласыз. Егер оқушылар өздігінен басқа бизнесті атай алмаса, онда оларға көмектесіңіз. Мысалы, шаштараз қызметтері.

1) Бизнес үшін плюстар: салон ашу мүмкіндігі, жалдамалы жұмыскердің еңбегін пайдалану, фрилансер шаштараздан гөрі көбірек клиенттерді тарту, жарыстарға қатысу, салон базасында курстарды ұйымдастыру және т.б;

2) Мемлекет және экономика үшін плюстар: салықтар алу, басқа салондармен бәсекені дамыту, жұмыскерлерді жалдау есебінен жұмыссыздық мәселелесін шешу, жеткізушілермен жұмыс және т.б;

3) Қоғам үшін плюстар: бәсеке есебінен үздік сервис, әртүрлі салондар арасында таңдау мүмкіндігі, қызметтердің үлкен спектрі.

«Қане, бірге, барайық!» кейсі

Мақсаты:

- стартап ерекшеліктерін ажырата білуге бағыттау;
- оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту.

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде – оны талқылау және өзара әрекет ету үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру керек. Кейс проблемаларының шешімдері ерекше және нақты болуын қадағалау қажет.

Кейс тапсырмасында шешімдердің әртүрлілігі мен сабақ барысының баламалылығына жол беріледі.

Оқушыларда дебаттарды ұйымдастыру үшін қолдануға болатын қарама-қарсы көзқарастар болуы мүмкін. Сіз олардың пікірлеріне қатысты жеке баға бермейтініңізді көрсетуіңіз керек, сонда әр түрлі көзқарастарға жол бересіз және пікірлерін айтқаны үшін оқушыларға алғыс білдіріңіз. Іс-әрекеттің мәні - барлық алынған ақпаратты ескере отырып, оқушылардың мәселеге деген жеке көзқарасын қалыптастыру.

1-тапсырма

Неліктен осы кезеңде Бақдәулет Исаевтің жобасын стартап деп атауға болады? Қандай стартаптар ерекшеліктерін сіз онда белгілей аласыз ?

Бақдәулет Исаевтің жобасы стартаптың жобасына сәйкес келеді: «жоғары белгісіздік жағдайларда қызмет көрсету немесе жаңа өнім жасайтын ұйым». Қалада алдағы оқиғалар туралы ақпарат беретін мұндай сайт болмағандықтан, Бақдаулеттің өнімі жаңа болды және ол қолданушылар арасында танымал бола ма, жоқ па оны білмеді. Сонымен қатар, стартап клиенттің іздейтін мәселесінен туындайтыны белгілі. Бақдәулет осымен айналысты – ол қалалық іс-шаралар туралы ақпараттармен танысуға болатын қоғамдық мәселенің шешімін іздеді.

2-тапсырма

Стартап және компания үшін монетизация (пайда табу) тетіктері немен ерекшеленеді?

«Кәне, бірге барайық !» мысалында өзіндік тұжырымыңызды бейнелеңіз. Компания немен ақша табатынын айқын біледі – өндіріспен, қызметтерді сатумен және тағы басқа. Стартап оның өнімі сатылатынына әлі сенімді емес, стартап алғашқы уақытта тек болашақ пайда табу нұсқаларының негізін қарастырып қана тегін жұмыс істейді. Бақдәулет меншікті жобасын тегін бастады, оны дамытуға өзінің ресурстарын салды және тек кейіннен, стартап табысты болған соң, пайда таба бастады.

Тапсырма креативті тәсілдемені ұсынады. Оқушыларды әртүрлі ұсыныстар айтуға ынталандырыңыз және оларды тақтаға жазып алыңыз. Оның ішінде, сіз сыныпты командаларға бөле аласыз және әрбір командаға неғұрлым көбірек «Кәне, бірге барайық!» дамыту нұсқаларын ойлап табу міндетін қойып, жарыс ұйымдастыра аласыз.

4-тапсырма

Бақдәулет стартаптың табысты болу үшін қандай дағдыларды дамытты? Неліктен?

Аталған сұраққа жауап үшін бірінші тоқсаннан өндіріске тартылған кәсіпкерлік құзыреттерге арналған сабақтарды еске алу пайдалы болады. Оқушылар осы түсініктерді пайдаланып, тапсырмаға жауап бере алады. Сондай-ақ стартапер жобаны дамытудың бірінші кезеңдерінде өздігінен әртүрлі функцияларды орындауы тиіс екенін жеке атап өту қажет. Сөйтіп, Бақдәулет

өзінің стартабында басқарушы, контент-менеджер, SMM-менеджер, жарнама жөніндегі менеджер, бухгалтер, хатшы және тағы басқа функцияларын орындады.

Кесте1

Көрсеткіш	Қәне,бірге барайық
1. Құндылық ұсынысы	
2. Тұтынушылар сегменттері	
3. Тарату арналары	
4. Клиенттермен өзара әрекеттесу	
5. Пайда көздері	
6. Басты ресурстар	
7. Басты серіктестер	
8. Басты қызмет	
9. Құнның құрылымы	

5-тапсырма

«Кәне,бірге барайық!» дамудың сатысының масштабтау опцияларын ұсыныңыз.

6-тапсырма

Тағы:

а) аталған жағдайда стартапты таратудың қандай арналары «Кәне, бірге барайық!» үшін жарамды;

б) қандай тұтынушылармен өзара әрекеттесуді жақсартуға болады;

в) қандай жаңа басты серіктестерді тартуға болатыны жайлы талдаңыз.

5 және 6-тапсырманы орындаған кезде сондай-ақ сіз одан соң оларды оқулықтан алынған нұсқалармен салыстыру үшін, оқушыларға ұсынылған барлық нұсқаларды тақтаға жаза аласыз. Бәлкім, сіздің оқушыларыңыз оқулықта аталмаған бірегей идеяларды ұсынады.

7-тапсырма

Стартаптардың қандай ерекшеліктері, бизнес-модельдері «Кәне, бірге барайық!» стартабының толыққанды әрі табысты компанияға айналдыруға көмектескенін толықтырыңыз.

Аталған сұраққа жауап беру үшін тақтаға немесе флипчартқа келесі кестені алдын ала суреттеуге пайдалы болады.

Оқулық мәтінінің стартаптар бизнес-модельдеріне қатысты теориялық бөлімін тағы бір рет оқып шығыңыз. Соңа соң оқушылармен бірге «Кәне,бірге барайық!» стартабының көрсеткіштерін 74-ке дейін жазып, кестені толтырып шығыңыз. Кесте дайын болған кезде, оқушылардан «Кәне, бірге барайық!» стартабы неліктен пайдалы және табысты болғаны жайлы жалпыланған тұжырым жасауды сұраңыз

«Астау бизнесі» кейсі

Мақсаты:

- оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру;
- жаңа идеялар туындата білуге жетелеу.

Қазақстанда ет тағамды барлығы жақсы көретіні ешкімге де кұпия емес. Бұл кез келген қазақстандық отбасының дастарханындағы ең қажетті тағам. Бүгінде мейрамханаларда, дәмханаларда ғана емес, сонымен қатар көптеген қазақстандықтардың үйлерінде де астауды мерекелік дастархан жаю барысында пайдаланады. Бұл әдемі әрі ерекше көрінеді. Біздің заманымызда астау жасау жаңа тыныс алып, халықтың салт-дәстүрін насихаттайтын тренд болды. Астау қазақ экожүйесінің басты құндылығы болып табылады. Онда ет ұзақ уақыт бойы суып кетпейді, ал әрленген ағаш астау мерекелік үстелге ерекше сән береді.

Идея:

Мектепте білім алып жүрген уақыттан бастап Талдықорған азаматы Абзал Бегімбетов ағаштан түрлі қобдишаларды және кәдесыйларды жасап, оларды туыстарына, достарына, көршілеріне сыйға тартуды ұнататын. Осыдан бірнеше жыл бұрын қалалық дүкендердің бірінде Абзал тойларда ет тағамы берілетін ағаш астауға назарын аударды. Абзал қайтсе де астауды жасауға үйренуді шешті. Өкінішке орай, цехта Абзалды үйретуден бас тартты. Содан кейін ол осындай өнімді жасайтын бір кәсіпкермен кездесті. Келіссөздерден кейін ол цехтың бірін жалға алып, жұмысшыларды жалдап және өндірісті бастап кетті. Бұл саладағы шеберлер өте көп болып шықты. Жас жігіт тәжірибелі ағаш шеберлердің жұмысын бақылап, үйреніп алады.

Алайда барлығы бірдей өнімді өндіруді, жылжытуды және өткізуді ұйымдастыра алмайды. Талдықорған қаласына оралғаннан кейін жас жігіт алдымен үй жағдайында ағаш астауларын жасай бастады.

Сұраныс

Көп ұзамай оларға сұраныс артып, жаңа бастаған кәсіпкер жеке кәсіпкерлігін тіркеп, Балпық би ауылында шағын шеберхана ашып, кейін облыс орталығында цех ашты. Осылайша қазақ ұлттық дәстүрлерімен әуестену үш жыл бойы тұрақты табыс әкелетін бизнеске айналды. Ай сайын 5 адамнан тұратын шеберлер, әр түрлі формадағы 100 – ге жуық бұйымдар жасады, бірақ оларға деген қажеттілік әлдеқайда көп – 400 дана болды. Тапсырыстар көбейіп, өткізу мәселесі туындаған жоқ: барлық өнімді көтерме бағамен Нұр-сұлтан, Алматы, Қостанай қалаларының бизнес-серіктестері сатып алуда.

Қаржыландыру

Кәсіпкер «Табыс» жеке кәсіпкерлігін тіркеген соң, 2017 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде ағаштан жасалған ұлттық ыдыс-аяқ өндірісі жобасымен мемлекеттік гранттар конкурсына қатысты, Абзал миллион теңге алып, құрал-жабдықтар сатып алып, цехты кеңейтті. Бүгінде кәсіпкер цехында бес адам жұмыс істейді, олар күн сайын астауды 12-15 данадан дайындайды.

Ресурстар

Ағаш ыдысты дайындау үшін шеберлер қарағашты пайдаланады: бұл ағаш басқалардан қатты болып саналады. Өндіріске тек сапалы, бұтақтары мен жарықтары жоқ ағаш пайдаланылады. Цех электр араларымен, дрельмен, тегістеу машинасымен жабдықталған, қымбат станоктар да бар.

Авторлық құқық

Авторлық құқықтарды бекіту мақсатында Абзал әрбір бұйымға фирмалық белгіні – ежелгі қазақ ою-өрнегін «үкікөзді» ойып салады, ол бір жағынан сапа кепілі қызметін де атқарады. Оның айтуынша, ағаштың жасы үлкен болған сайын ыдыс-аяқ сапалы болады. Ағаш бұйымдары өнерінде көркем ою, дизайн, шығармашылық тәсіл, ең бастысы – зергерлік дәлдік пен шыдамдылық қажет. Кейде арнайы тапсырыс бойынша бір ағаш астауды дайындауға бір айға дейін уақыт жұмсауға тура келеді.

Бәсеке

Белгілі болғандай, қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтарын өндіру саласында бәсекелестік аз. Мысалы, еліміздің оңтүстігінде Талдықорған, Шымкент және Таразда бірнеше мамандандырылған шеберхана жұмыс істейді. Сонымен қатар, астау республиканың солтүстігінде де үлкен сұранысқа ие.

Масштабтау

Жақын арада Абзал Бегімбетов Қостанайда тағы бір цех ашып, шығарылатын бұйымдардың тізімін кеңейтуді көздеп отыр.

Қысқа уақыт ішінде кәсібиліктің арқасында Абзал өнімі өңірде сұранысқа ие және танымал болды. Сонымен қатар кәсіпкер жаңадан бастаған шеберлер мен бизнесмендердің тәлімгерлері бола білді. Ол өз кезегінде өз ісін ашқан ондаған адамды ағаштан жасалған ыдыс-аяқ шығаруға үйреткен.

Дерек көз: <https://atameken.kz/ru/projects/30638-taldykorganec-naladil-proizvodstvo-derevyanno-j-posudy><https://kazpravda.kz/articles/view/v-trende-astau-dlya-beshbarmaka>

Кейс «Балаларды бақылаудан қалай ақша табуға болады?»

Нарықтық тауаша

Балалар қауіпсіздігі үшін қосымшалар нарығы өте көп болып көрінуі мүмкін. Шынында да, ол 2015 жылдан бастап белсенді дамып келеді, бірақ көптеген өнімдер шикі және функционалы шектелген, ал пайдаланушылар сан алуандықты қалайды.

Талғат пен Асхат 2016 жылы Нұр-Сұлтанға Қостанай облысынан келіп, өз күштерін бизнесте сынап көрмек болды. Сол кезде Аграрлық университеттің «Есеп және аудит» мамандығының түлегі Талғат Аяпов құрылыс компаниясында, ал қаржыгер Ашаманов Асхат – банк саласында жұмыс істеген. Бірінші жоба аграрлық сектормен байланысты болды: достар Астанада 200 шақырым жерде қаз фермасын ашты. Арада бір жыл өткенде шығындарын ақтағаннан соң, ферманы сатуды жөн көрді, себебі ауылдық жерде елордадағы негізгі жұмысымен қатар алып жүру оңайға түспеді. Балалардың GPS-сағаттарын сату табыстырақ болды. Талғат, Асхат және олардың бизнес-әріптесі Бауыржан Көшербаев Қытайда өндірушіні тауып, сауда желілерімен жеткізуге келісім-шарт жасап, GPS-технологиялар саласындағы маман Илья Юрасовты командаға алды. Ол «Сириус» қосымшасын әзірлеп және ол

қазақстандық ата-аналарға бастапқыда орнатылған қытай баламасына қарағанда көбірек ұнады. Бірақ көп ұзамай жастар тығырыққа тірелгенін түсінді: отандық нарық көлемінің шектеулі болуына байланысты Қазақстанда өсудің үлкен болашағы болған жоқ, ал мұндай тауармен шетел нарықтарына шығу мағынасы болмады.

Идея

Бизнесмендер ата-аналарға олардың балаларының қайда екенін білу маңызды екенін түсінді. Өздері жас әкелер бола отырып, балалар мен ата-аналар үшін нағыз сапалы өнім жасағысы келді. Мобильді қосымшаны әзірлеу шешімі қисынды болып көрінді, себебі қазір смартфондар іс жүзінде әрбір оқушыда бар. Сол GPS-сағатқа қарағанда, мұндай өнімді масштабтау оңай, сондай-ақ отбасылық бюджет үшін қосымшаға ай сайынғы жазылым төлеу гаджетті сатып алуға қарағанда тиімдірек болды.

Жобаны қаржыландыру

Достар корпоративтік саланы тастап, жобаны 2018 жылдың қараша айында жүзеге асыруға кірісті. Олар GPS-сағат сатылымында тапқан 12 млн. теңге өз қаражатын стартапқа инвестициялады. 2019 жылы шілдеде жоба 3 млн. теңге көлемінде Нұр-Сұлтан әкімдігінің грантын жеңіп алды. Kid Security StartUp Kazakhstan бағдарламасы акселерациясының үшінші кезеңінен өтті және GVA Fund тарапынан 20 мың доллар қаржыландыру алды. 2019 жылдың қазан айында Kid Security Astana Hub Battle байқауын жеңіп және жүлделі 15 мың доллар сыйақы алды.

Жобаның «Ұтымды жақтары»

Әзірлеушілерге баланың қызығушылығын тудыратын «ұтымды жақтарды» табу керек болды.

Балалар қауіпсіздігі бойынша қосымшалар шамамен бірдей функциялармен жабдықталған: ата-аналар баланың қозғалысын көре алады, сабақтан кейін оқушы дыбыссыз режимді өшіруді ұмытып қалса, дабыл батырмасы бар. Қазіргі заманғы балаларға ересектер тарапынан көп көңіл бөлінбейтіндіктен, олар өздерін бақылағанды ұнатпайды және 90% жағдайда бақылау қосымшаларын алып тастайды. Жас кәсіпкерлер өз жобасына психологты шақырып және Kid Security қосымшасынан бас тарту көрсеткішін төмендете алды.

Ең кішкентай, 1-2 сынып оқушыларына виртуалды үй жануарларына қамқорлық жасау қосымшасын ұсынады, ол қосымшаны пайдалана отырып, оқудағы жетістіктері немесе үйдегі көмегі үшін ата-анасынан мақтау алады. Үлкен балалар үшін сыйлықтарға ауыстыруға болатын виртуалды монеталар жүйесін ойлап тапты. Бала өзінің жетістіктер туралы есеп беріп, ата-анасының мақұлдауын ала алады. Kid Security әзірлеушілері елордалық мектептердің бірінде эксперимент жүргізді, оқушылардың 98%-ы бұл идеяны ұнатты. *Мақсатты аудиторияның ерекшеліктері:*

Ата-аналардың қосымшада қандай міндеттерді жүзеге асыруды көргісі келетінін түсіну оңайға соққан жоқ. Kid Security қосымшасының мақсатты аудиториясы – аналар, ал олар өз тілектеріне тұрақты емес немесе өздеріне не

ұнамайтынын тікелей айта алмайды. Сондықтан стартапер пайдаланушылардың көпшілігі қалаған ұқсас тілектерді байқаған кезде және ұтымды жақтарын түсінген кезде ғана әзірлемеге қандай да бір функциясын қосып отырды.

Қосымшаның функциялары

Қосымша арқылы ересектер онлайн режимінде карта бойынша баланың орналасқан жерін бақылап, оның айналасында болып жатқан оқиғаларды ести алады, гаджеттерге қанша уақыт арнайтынын және қандай қосымшаларды пайдаланатынын қадағалай алады. Егер сабақтан кейін оқушы дыбыссыз режимді өшіруді ұмытып кетсе, ата-ана бұл туралы еске салатын сигнал-қосымша динамикті қашықтықтан енгізе алады. Егер баланың құрылғысында батарея қуаты отырса, ата-аналар хабарлама алады және смартфонды зарядтау уақытын еске сала алады. Дегенмен, арнайы алгоритм телефон қуатын сақтайды. Шұғыл жағдайда ересектер SOS батырмасын басу туралы хабарлама алады. Kid Security егер бала байланыссыз қалса, сондай-ақ сигнал жоғалар алдында бала болған ауданды картада көрсетіп хабарлайды.

Қызметтер құны

Ең маңызды функциялары – ол баламен чатта сөйлесу, «дабыл батырмасы» және орналасқан жерін бақылау, анимация және ынталандыру жүйесі тегін режимде қол жетімді. Ай сайынғы кеңейтілген нұсқаға жазылу қазақстандықтарға 990 теңгені құрайды. Әзірлеушілер басқа елдердің қолданушылары үшін бағаларды өмір сүру деңгейіне қарай белгілеген, мысалы, америкалықтар қосымшаны пайдаланғаны үшін 6 доллар төлеу керек. Бүгінде Kid Security қосымшасын 30 мыңға жуық пайдаланушы жүктеп алған. Ақылы жазылымды пайдаланушылардың 7% -ы сатып алады, бұл жобаның негізін қалаушылардың айтуынша, жақсы көрсеткіш болып табылады: балаларды бақылау жөніндегі қосымшаларды орнататын пайдаланушылардың орташа есеппен 3-4% - ы тегін функционалмен шектелмейді.

Масштабтау

Жүктемелердің 80 % - дан астамы басқа елдердің пайдаланушыларының үлесіне тиесілі. Пайдалану географиясы кең: Ресей, Ұлыбритания, Хорватия мен Израильден АҚШ-қа дейін.

Басқа елдің тілдеріне аударма жасау арқылы Kid Security-ге ұқсас өнімді масштабтау оңай болып көрінуі мүмкін. Бірақ іс жүзінде бәрі оңай емес. Менталитеттің ерекшеліктерін білмей, басқа нарықтарға бейімделуді жүргізу мүмкін емес. Қазақстанда үйреншікті заттар АҚШ-та түсініксіз немесе жарамсыз болуы мүмкін. Бұл тұрғыда қосымшаның негізін қалаушыларға әртүрлі елдерде тұратын бәсекелестердің тәжірибесін зерттеу және сол елдерде тұратын отбасылық достардың кеңестері көмектесті.

Аяпов пен Ашаманов үлкен деректер базасы бар мобильді операторлармен әріптестік мүмкіндігін қарастырады. Компаниялар абоненттермен қосымша туралы ақпаратпен бөлісе алады, ал әзірлеушілер түсімнің пайызымен бөліседі.

Серіктестер Kid Security қосымшасының балалар бақылауымен шектелмейтін отбасылық платформа деңгейіне дейін дамытуды жоспарлап

отыр. Қолданба көмегімен ересек балалар қарт ата-аналардың орын ауыстыруын және көңіл-күйін бақылай алады. Ерлі-зайыптылар осы қосымша арқылы дүкенге бірге бару немесе балаларды секцияға сабақтарға апару қажет болған кезде өз қозғалыстарын келісе алады.

Сондай-ақ, әзірлеушілер Facebook немесе Google компанияларына Kid Security қосымшаларын сатуды жоспарлап отыр.

Дере көз: https://m.forbes.kz/made_in_kz/chudo_odobreniya_1577198030/

Кейс «Ауылда миллион теңгеге пайдалы бизнесті қалай ашуға болады»

Мақсаты:

- оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дамыту;
- отандық өнімдерді жасауға ынталандыру.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылының тұрғыны Мейрамкүл Романқұлова ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының қолдауымен көрпе мен киіз үй тігетін цех ашты.

Идея

Бұрын ауыл тұрғындары мал жүнін қырқып қоқысқа тастағанда немесе өртеп жібергенде, Мейрамкүл әрқашан оның дұрыс емес екенін ойлайтын, өйткені жүн – бұл көптеген пайдалы заттарды өндіруге арналған шикізат екенін түсінген болатын. Егер ол өз ісін ашса, жүнді кез келген ауылда еш қиындықсыз және арзан бағамен сатып алуға болатынын түсінді.

Ресурстар

Жүн өңдеу цехының жұмысын ұйымдастыру бойынша жоспар жасап, Мейрамкүл «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы миллион теңге несие алды.

Алматы облысында Мейрамкүл жүнді өңдеуге арналған станок сатып алды, себебі қол еңбегімен жүнді өңдеу жұмысы қиын әрі баяу жүретін процесс, ал станок сағатына 20 килограммға дейін жүнді өңдейді. Ал цех жұмысшыларын Мейрамкүл жұмыспен қамту бағдарламасы аясында алды және ол тиімді болатын.

Өнім

Қазір Жаңаталап ауылының жаңа цехында сапалы жылы көрпелер, киіз үйге арналған бұйымдар сұранысқа ие. Бұл өңірде шикі жүнмен Мейрамкүлден басқа ешкім айналыспайды.

Масштабтау

Есебі мықты кәсіпкердің алдағы жоспарлары да бар - ол механикаландырылған тоқыма цех ашуды жоспарлауда. Түрлі модификациялы өнімдерді тоқуға арналған тоқыма мәшинелері өте көп. Цех иесі атап өткендей, цехта жүн жетерлік, оны бояу, одан тоқылған бұйымдарды жасау, оларды нарыққа шығару қиын болмайды.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша Мейрамкүл Романкүлова 600 мың теңге көлемінде екінші грант алды, бұл дегеніміз Мейрамкүлдің кәсіпорынында қосымша тағы жұмыс орындары ашылады деген сөз.

Соңғы он жылда жуылған жүн мен шикі тұздалған терілерді өндіру іс жүзінде тоқтап қалған, ал бұл, әрине, Ресейде, Түркия мен Қытайда оларға деген үлкен сұраныс аясында бұл тауашалар, ұтымды қолданылса, кәсіпкер үшін зор мүмкіндік болуы мүмкін.

Дереккөз: https://baigenews.kz/analysis/reviews/kak_za_million_tenge_otkrit_vigodnii_biznes_na_sele/

Кейс «Ауылда қалай ақша табуға болады?»

Мақсаты:

- Еңбек әрекетін дамыта отырып, оқушылардың туған еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Түркістан облысының Қоғам ауылының тұрғыны Азат Құрманбектің әулеті ерте заманнан түйе бағумен айналысады. Малдың бұл түрін бағумен әкесі, ата-бабасы да айналысқан. Сегіз жыл бұрын, әкесі қайтыс болғаннан кейін Азат отбасылық бизнесті өз қолына алды. Сол кезде қорасында барлығы 10 бас болды, бірақ микрокредит арқылы ол мал басын бес есеге арттырды. Түйе сүтін шаруа Түркістан қаласының қонақ үйлері мен киелі жерлерге зиярат жасауға келген туристерге сатады.

Азат Құрманбеков Түркістан облысының өлшемі бойынша бақуатты фермер болып есептеледі. Елу бас түйенің келесі (түйелер тобын келе деп атайды) бар, олардың әрқайсысы миллион теңгеден, он бес гектар егістік жері мен өзінің үлкен үйі бар. Осыған қарамастан, әрбір таңның атысынан кеш батқанға дейін Азат атқа отырады да, өз түйелерін бағып, суғаруға апарады, ал кешке отбасымен бірге түйе сүтін (шұбат) дайындау үшін малдарды сауады.

Түйе өсіру — тынымсыз және қиын шаруа. Бірақ Құрманбековтер отбасысы «шөлді кемелер» өсірудің барлық қырларын біледі. Үй шаруашылығында түйе 30-40 жасқа дейін өмір сүреді. Оларға әр түрлі аурулардан екпе жасап, ашық жерде жаюды қамтамасыз етуі керек. Бұл қарапайым жануар, кез-келген шөп азығымен қоректенеді, жем-шөпті іздеп түйелер үйден ондаған шақырымға кетуі мүмкін. Ересек түйелер қасқырлардан қорықпайды және қасқырларға қарсы тұра алады. Осал жері – түйелер екі жылда бір рет қана төлдейді.

Аналық түйе 12 ай бойы төлдейді, босанар алдында адамнан алыс кетуге тырысады. Жаңа туылған ботақан өте әлсіз болады. Егер қараусыз иең далада туылса - тоңып өліп кетуі немесе қасқырға олжа болуы мүмкін, сондықтан мұндай кезеңдерде бақташы шаруаға күні бойы түйелердің жанында болу керек.

Өнім

Түйені көбіне жүніне бола өсіреді, бірақ негізінен шұбат та алады. Ересек түйе күніне 12 литр сүт береді, барлығы 35 ересек аналықтан 400 литрден артық сүт алынады.

Облыс бойынша шұбаттың орташа бағасы – 400 теңге, бірақ Азат шипажай мен жеке сатып алушыларға 350 теңгеден арзан бағамен сатады.

Мақсатты аудитория

Мал өсіруші сапаға жұмыс істейді, сондықтан сатып алушылар көп, фермерге сүтті арзан және үлкен көлемде сату тиімді. Осының арқасында тұрақты тапсырыс берушілер саны өсуде. Жақында Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне және облыстың басқа да көрікті жерлеріне баратын шетелдік туристердің сұранысы пайда болды.

Қаржыландыру

Осыдан сегіз жыл бұрын Құрманбековтер отбасында тек он түйе болған. Сүт көрші ауыл мен көршілерге сату үшін ғана жеткілікті болған. Бірақ Азат өндіріс көлемін ұлғайтқысы келді, себебі бес баланы өсіру үшін біршама қаражат керек. Бірақ табиғи өсімнің көмегімен мал басының айтарлықтай өсуіне көптеген жылдар қажет болар еді. Екінші тәсіл - жас аналықтарды сатып алу, олардың әрқайсысын 250-ден 750 мың теңгеге дейін сатып алуға фермерде ақша болған жоқ. Мәселе шешімін КМФ микроқаржылық ұйымы тауып берді, сол ұйымнан 2009 жылы Құрманбеков төлді сатып алуға кредит алды.

Ол көрші шаруашылықтарға барып, 1-2 бастан түйенің боталарын сатып ала бастады. Оларда сүт беретін ерекше тұқымдық белгілері бар. Мұндай ерекшеліктерді шаруа тәжірибелі көзбен көріп, ажыратып ала алады.

Осы уақыттан бері Азат 11 рет микронесиелерге жүгініп, әр жолы мал басы мен қарыз сомасын көбейтіп отырды. Бүгінде Азат Құрманбеков Отырар ауданындағы ірі түйе шаруашылығымен ғана емес, агроном қызметімен де айналысатын болды. Сүт сатудан түскен қаражатқа 15 гектар жер сатып алып, онда жүгері мен жоңышқа мал азығын өсіреді.

Оның отбасылық бизнесі әйел мен балалардың қажырлы еңбегі мен көмегінің арқасында өсіп келеді. Түйелерді өсіру өнерінің құпияларын Құрманбеков өз балаларына үйретеді: үш ұл және екі қызы шаруашылық бойынша әкесіне белсенді көмек көрсетіп, бұл істің мұрагерлікке өздеріне өтетінін біледі.

Дерек көз: <https://kapital.kz/business/63255/millioner-iz-aula.html>

2.5. Оқу процесінде геймификация әдісін қолдану ерекшеліктері

Геймификация – бұл салыстырмалы түрде жаңа әдіс, сондықтан ол жеткіліксіз зерделенген, сонымен бірге кең білім беру әлеуетіне ие. Ол адам өмірінің әртүрлі салаларына қатысуы мүмкін, бірақ соңғы онжылдықта ол орта мектепте сабақ өткізудің ең перспективалы инновациялық тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Геймификация – бұл ойын емес контексте ойын элементтері мен ойын принциптерін қолдану.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығында 10-сынып үшін «Көбелек эффектісі», «Egg drop», «Жоба үшін шайқас», «Инжу сату» және т.б. сияқты бірқатар ойындар ұсынылған. Мұғалім белгілі бір тақырыптарды түсіндіруде жаңа дағдыларды меңгерту үшін, сыни ойлауды, жаңа тәсілдемелерді оқыту әдісінің практикалық бағытын қолдана алады.

Б.З. Зельдовичтің пікірінше, ойындар жаңа материалды игерудің және оқушылардың өзіне рефлексия жасаудың тиімді құралы бола алады.[15].

Белгілі бір өндірістік жағдайларға қатысуды модельдеуде ойын әрекеті оқушыларды ойлауға, алған білімдерін біріктіруге, шындыққа жақын белсенді оқу-ізденіс жұмыстарына итермелейді. Осылайша, бизнес-ойындарын қолдану теориялық және практикалық ережелердің зерттеу тәсілдемесін меңгеруді қалыптастыруға ықпал етеді. Іскерлік ойынға қатысушылардың ойын рөліне байланысты әртүрлі қызығушылықтары туындайды. Мысалы, біреуі бөлім маманы, ал екіншісі – бас директор. Келесі іскерлік ойында біреуі несие беруші, екіншісі несие алушы және т.б. рөлінде әрекет етеді, нәтижесінде қатысушылардың әрқайсысы бірдей іскерлік мәселелерді өзінің жеке позициясынан шешеді.

Сонымен бірге, адамдардың тұрмыстық іс-әрекетті алдын-ала анықтайтын объективті экономикалық заңдылықтардың әсерінен олар бір шешімге келіп, мәмлеге келуге мәжбүр. Мұның бәрі экономикалық пәндерді оқытудың кез-келген басқа әдістемелерге қарағанда оқушыларға экономикалық өзгерістердің мәнін түсінуге көмектеседі, тұрмыстық іс-әрекеттің оңтайлы экономикалық нұсқасын таңдауға бағытталған практикалық әрекеттерді жасауға ықпал етеді. 11- сынып тапсырмаларында бизнес-ойындар көрсетілмейді. Алайда, егер сабақ материалын бекіту үшін бизнес-ойын өткізу қажет болған жағдайда төменде келтірілген бизнес ойындарын пайдалануға болады.

Ойындардың ұзақтығы әртүрлі: кейбіреулері бүкіл сабақ бойы созылады, ал, енді кейбіреулері бес минуттан да аспайды, сондықтан мұғалім оларды өз қалауы бойынша сабаққа ойын әрекетін ендіре алады немесе сыныптың дайындығына және оқушылардың санына байланысты ойын жүргізушіні, ойынның орны мен уақытын таңдауға немесе оқушыларға өз еркімен ойнауды ұсына алады.

Ұсынылған бизнес-ойындар «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқыту процесінде мұғалімге әдістемелік көмек бола алады.

Мысалы, 10-сынып оқулығынан «Barter Puzzle» ойынын қарастыруға болады.

Ойынның мақсаты:

- ойын барысында бәсекелестіктің қызмет ету механизмін түсіну;
- әр түрлі бәсекелестік стратегияларды сынап көру.

Ойын барысында оқушылар бәсекелестік стратегия – бұл өз мақсаттарына жетуге көмектесетін оңтайлы шешім іздеу екенін түсінеді.

Сонымен қатар, бұл бәсекелестік қатынастардың барлық қатысушылары үшін өзара тиімді процесс – демпингілеу (бәсекелестерді ығыстырып шығару)

және әділетсіз ойнау барысында оқушылар бәсекелестердің дамуына кедергі келтіреді, сонымен бірге олар өздерін де дамыта алмайды.

Ойын ережелері:

Ойын барысында оқушылар суреттердің бөліктерін (пазлдар жинауы керек. Әр команданың пазлдарының бір бөлігі басқа командалардың қолында болады. оқушылар оларды басқа командалармен бәсекеге қабілетті қарым-қатынас жасау, алмасу, сауда және т.б. арқылы алуы керек. Өз суреттерін (пазлдарын) тезірек жинайтын команда жеңіске жетеді. Қажетті жетіспейтін пазл бөліктерін сатып алу үшін қарсы командалардың қатысушылары оларға жаңа тапсырмалар ойлап табуы керек.

Командалар: әрқайсысында 4-5 адам.

Әр команда үшін ресурстар: бөліктерге бөлінген түрлі-түсті суреттер (пазлдар). Суреттер саны ойынға қатысатын командалар санына сәйкес келеді.

Ойын барысы:

1. оқушыларды командаларға бөлу – 5 минут.

2. суреттер ретінде түрлі-түсті А4 парағында басып шығаруды қолдануға болады;

Әр командаға тапсырма суреті көрсетіліп, не жазылғанды есте сақтау керек. Қайшыны пайдаланып, әр суретті 20 бөлікке кесіңіз – пазлдар (көлденеңінен 4 сызық, тігінен 5)

3. Әр командаға суретті жинайтын бөліктердің бірдей санын (20 пазл) беріңіз. Жетіспейтін пазлдар сәйкесінше басқа командалардың қолында. Әр команданың қолында саны бірдей пазлдар бар екеніне көз жеткізіңіз – 5 минут.

4. Енді оқушылар жетіспейтін бөліктерді алу үшін басқа командалармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыруы керек. Алмасу мен сауда-саттыққа араласпаңыз, тек кейде оқушыларды бағыттап, оларға өздері шеше алмайтын жағдайларда қақтығыстарды шешуге көмектесіңіз. Егер ойын тез аяқталса, оны жаңа раундта қайталауға болады – 20 минут.

5. *Сабақты қорытындылау*-10 минут.

Ойын «Команда қалыптастыру»

Мақсаты: команданы қалыптастыруды және команда мүшелерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауды үйрену.

Қатысушылар саны: 7-9 адамнан құралған командалар.

Ресурстар: ойыншылар санына қарай толтыруға арналған кестелер үлгісі

Ойын ережесі: сынып 7-9 адамнан тұратын топтарға бөлінеді.

Бос орынға үміткерлердің барлығы шеңбер жасап отырады. Командаларда жұмыс берушіні (жобаның негізін қалаушыны) таңдайды, оған карточкада оның атқаратын міндеті сипатталады: әрбір үміткерден өзін таныстыруды, өзі туралы әңгімелеуді және бос жұмыс орны несімен ұнайтынын (кез келген жұмыс орнын жүргізушінің өзі таңдайды), осы лауазымда және осы компанияда неге жұмыс істегісі келетінін түсіндіруді сұраңыз.

Уақыты 2-3 - минут. Жүргізуші қатысушыларды таныстырмас бұрын жоба негізін қалаушыдан (жұмыс берушіден) мұқият қадағалап парақтағы әрбір

үміткердің тұсына белгі салуды сұрайды, себебі бұл қатысушыларды бөлу кезінде пайдалы болады. Одан әрі компанияның иесі былай дейді:

«Енді сіздің әрқайсыңыз бланкідегі кестенің сол бағанында басшы/менеджер/бухгалтер/дизайнер және т.с.с. жұмысына қажетті 5-7 жеке тұлғалық қасиеттерін жазуы тиіс». Барлығы 2-3 минут жазады. «Енді оң жақ бағанада сіздердің барлықтарыңыз ортақ пікірге келіп, барлық топ келісетін жеке тұлғалық қасиеттерді жазуыңыз керек. Дауыс беруге тыйым салынады, яғни барлығыңыз ортақ келісімге келуіңіз керек». Әрі қарай компания иесі «осылай болсын...» деп кім айтатынын, кімді тыңдайтынын (көшбасшылық) қадағалау керек. Талқылау 7-8 минутқа созылады. Содан кейін компанияның негізін қалаушы: «Біреуіңіз шығып, барлығыңыз бірге жасаған қасиеттердің тізімін оқып шығыңыз», - дейді де, кім жауапкершілікті алып ортаға шыққанын бақылайды. «Ал енді әркім сіз бірге жасаған қасиеттердің контекстінде өзіңіз туралы айтып беріңізші, мысалы: *«мен жауапты адаммын, өйткені..., бұл мынадан көрінеді..., оған мысал ретінде... келтірсем болады.»* Компанияның негізін қалаушы кім сенімді айтып отырғандығын байқауға тиіс. Әдетте, егер қандай да бір қасиет әлсіз ашылған болса, кандидатқа ештеңе айтудың қажеті жоқ, ол мысалдар да келтіре алмайды.

Үміткерлердің сөздерін тыңдап, компанияның негізін қалаушы (егер уақыт мүмкіндік берсе) келесі мәселені шешуді ұсына алады: «1,5 күн ішінде 1,5 тауық 1,5 жұмыртқа туды. 3 күн ішінде 3 тауық қанша жұмыртқа туады» (Жауабы: 6-ға тең). Шешімге 3-4 минут беріледі. Содан кейін әрқайсысы кезек бойынша өз жауабын айту керек. Жауаптар әртүрлі болады: 3, 6, 9, шешім жоқ. «Есеп таза математикалық болғандықтан, оның бір ғана дұрыс шешімі болады. Сіз 5 минут ішінде ортақ пікірге келу керек», - деп айтуыңыз керек. Егер ортақ шешімге келмесе (бәрі өз пікірінде қалса), онда жауабы 6-ға тең деп айтыңыз. «Енді 6 деген жауабы барлар, басқа жауаптары бар адамдарға қалайша 6 шығатынын түсіндіреді». Қатысушылардың түсініктемелері мен реакцияларын қадағалап және үміткерлердің бос жұмыс орнына кім келетіні туралы дәлелді қорытынды жасау керек. Әр адамға бос жұмыс орнына неге бас тартылғанын немесе келісімнің берілгенін түсіндіру керек.

Ойынның қатысушыларынан ойын кезінде өз эмоцияларын айтып, қандай қорытынды жасағандарын сұраңыз. Жұмыс беруші қандай қорытынды жасады? Ол үміткерлерді іріктеу кезінде не нәрсеге назар аударатын болады? Қатысушыларға ойын несімен пайдалы болды?

Дерек көз: <https://hrhelpline.ru/30-igr-dlya-sozdaniya-komandy-igra-vozmozh/>

Ойын «Компанияның ұжымдық құрылымын модельдеу»

Мақсаты: ағымдағы ұйымдық құрылым мен бөлімшелер арасындағы өзара іс-әрекет процестерін бірлесіп ұғыну. Ұйымның қалай жұмыс істейтінін жалпы түсіну және жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Ойын ережесі: қатысушылардың әр тобының міндеті – кез келген қолда бар заттарды: телефондар, кілттер, визиткалар – ой-қиялыңыз жеткеннің барлығын пайдалана отырып, олардың бөлімшелерінің ұйымдастыру құрылымын және өзара іс-қимыл сызбасын құру болып табылады. Ұзақтығы:

10-15 мин. Әр команданың 5-10 минут аралығында жасаған шығармашылық нәтижелерін ұсынуын сұраңыз.

Барлық презентациялар аяқталғаннан кейін қатысушыларға келесі сұрақтарды талқылауды ұсыныңыз: барлық қатысушыларда ұйым туралы ортақ түсінігі бар ма? Келіспеушіліктер қайда жатыр? Қандай проблемалы аймақтар бар? Жұмыс тиімділігін жетілдірудің қандай нұсқаларын қарастыруға болады?

Дерек көз: <https://hrhelpline.ru/poleznye-materialy-na-temu-kadrovogo-upravleniya-i-liderstva/page/14/>

Ойын «Жеке коммуникацияның тиімділігі»

Мақсаты: басқаларды тыңдау және өз көзқарасының әділдігіне сендіру, тиімді қарым-қатынастың жеке тәсілдерін қалыптастыру.

Қатысушылар саны: 5 адамнан құралған топтар.

Ойын ережесі: сынып 5 адамнан құралған топтарға бөлінеді.

Әр топта ешқандай жазбалар мен белгілер жасамай, бір-біріне есіне қалғаны бойынша берілетін мәтін оқылатыны хабарланады. Осыдан кейін шеңберде бес адамның біреуі қалады, ал төртеуі есік сыртына шығады. Оған келесі мәтін оқылады:

«Бір күні Жиренше ханның үйінде отырғанда бір адам ханға сыйға бір піскен қаздың етін алып келген екен. Сонда хан Жиреншеге:

— Сен сөзге де шеберсің және әр нәрсенің бәріне де шебер шығарсың, мына қаздың етін мен, ханым, екі ханзада, екі қаныкей, өзіңмен жеті адамға бірдей қылып бөлші, - депті.

Сонда Жиренше ойланбай, пышағын қынынан суырып алып, әуелі қаздың басын кесіп алып:

— Міне, сіз әрі хансыз, әрі халықтың басысыз, бұл басты сіз тұрғанда кім жейді? — деп, басты ханға беріпті. Екі аяғын кесіп алып, екі ханзадаға: «Сіздер атаңыздың ізін басып, хан боларсыздар», - деп, екі ханзадаға береді. Екі қанатын кесіп алып: «Сіздер жатжұртқа барсаңыздар, осы екі қанатпен ұшып барарсыздар», - деп, екі қанатын екі қаныкейге береді. Қаздың құйрық жағын кесіп, бәйбішеге: «Сіз әрі ханымсыз, әрі бәйбішесіз, бұл – қаздың жаясы. Бұл жаяны сіз тұрғанда, кім жейді?» - деп, ханымға береді.

— Мен бас жейтін хан емеспін, жая жейтін ханым емеспін, аяқ жейтін ханзада емеспін, қанат алатын қаныкей емеспін, маған қаздың ортасы да жарайды, - деп, қаздың бар етін алып, үйіне жүріп кетіпті».

Содан кейін екінші қатысушы шақырылады, біріншісі оған есте қалғандардың барлығын хабарлайды. Үшінші қатысушы шақырылады және т.с.с. Ойын шарты бойынша мәтін барлық бес қатысушы қайталанғанша жалғасады.

Содан кейін әр түрлі топтардан басқаларды тыңдап болған соңғы қатысушыларға, өз мәтінін басқалармен бөлісуді сұраңыз және топтың барлық қатысушыларына мәтіннің түпнұсқасын ұсыныңыз немесе оқыңыз, оқушылар соңғы мәтінді түпнұсқамен салыстырсын. Қатысушыларға өз әсерлерімен, ойынның қай тұсы пайдалы екендігі туралы қорытындыларымен, ақпаратты беру және табысты коммуникация туралы қандай тұжырымдар жасауға

болатындығы туралы пікірлерімен бөлісуді ұсыныңыз. Топтарда қатысушылар осындай жағдайлардағы табысты қарым-қатынас ережелерін құрастырсын және топтар арасында өз ойларымен бөліссін. Бұл дағдының қай жерде қолданылуы пайдалы болатынын сұраңыз және жұмыста тапсырманың мәнін түсініп, өз ойын тұжырымдап жеткізу маңызды екеніне мән беріңіз.

Ақпаратты қабылдауда қателер пайда болады, себебі қатысушыларға ұсақ-түйектерге тым көп көңіл бөлуіне, ақпаратты жүйелеуге қабілеттілігіне, берілген ақпаратқа өз түсіндірмелерін енгізуі кедергі келтіреді. Нәтижесінде, біз ойлаған нәрсе, біз айтып отырған нәрселерге сәйкес келмейді. Ал тыңдап отырған әңгімелесуші еститін нәрсе оның түсінетінімен және біз ойлаған және айтқанымен сәйкес келмейді. Оқушылар жетіспейтін ақпаратты өздері толықтырады, түсінбеген жерлерін алып тастайды.

Дерек көз: <https://moluch.ru/archive/102/22416/> Упражнение «Слепое слушание»
<https://bilim-all.kz/article/3979>

Ойын «Мүмкіндіктер»

Мақсаты: - дизайн-ойлау әдістемесінің дағдыларын қолдану арқылы стартап идеяларды қалыптастыру.

Қатысушылардың саны: шағын топтар (5-10 адам).

Ресурстар: матадан және қағаздан жасалған майлықтар.

Сурет 1



Ойын ережесі: 5-тен 10 адамға дейінгі құралған әр топқа бір бірден майлықты таратыңыз. Кезек бойынша әрбір қатысушы майлықты дастарханда қалай безендіріп, пайдалану керектігін көрсетуі тиіс.

- 1) көрсетушіге сөйлеуге болмайды.
- 2) ол тұрып көрсетуі керек.
- 3) демонстрация шынайы сипатта болуы тиіс.

Қүтілетін нәтиже: қатысушылар майлықтарды пайдалану мүмкіндіктерінің шексіз санының тәжірибесін алмасады, бұл оларға проблемаларды шешудің, ресурстарды пайдалану, команданы ынталандыру тәсілдері және т. б. шексіз жолдары бар екенін ұғынуға мүмкіндік береді.

Дерек көз: <https://hrhelpline.ru/30-igr-dlya-sozdaniya-komandy-igra-vozmozh/>

Ойын «Жарнамалық акция»

Мақсаты: қарым-қатынастың белсенді стилін меңгеру және топта бәсекелестік қарым-қатынасты және сонымен қатар әріптестікті дамыту; дербестікті, шығармашылық тәсілді дамыту; жарнамалау, көз жеткізу қабілеттеріне жаттығу.

Ресурстар: қағаз парақтары, фломастерлер.

Ойын ережесі: ойыншылардың алдында жаңа өнімнің - «ЭХОПеН» қаламдарының жарнамалық науқанын өткізу міндеті қойылған. «ЭХОПеН» қаламы, онымен жазылған барлық нәрселерді есте сақтайды. Одан әрі бұл ақпарат дербес компьютерге жазылуы мүмкін. Өнім енді нарыққа шығады, сондықтан әлеуетті сатып алушылар ол өнімді біле бермейді.

Оқушыларды 5 топқа-фирмаға бөліңіз. Әр фирма өзінің атауын, ұранын және т.б. ойлап табуы тиіс. Оқушылар топтың ішінде рөлдерді бөлуі тиіс: біреуі баспадан шығатын жарнама дизайнын (парақшалар, плакаттар) дайындау керек; екіншісі – радио немесе теледидар үшін жарнама; үшіншісі Instagram-да жарық көретін осы тауар туралы пост дайындау керек. Әр рөлді бірнеше қатысушы да орындай алады, содан кейін олар дизайн, жарнама және пост мәтінін бірге дайындайды.

Дайындық аяқталғаннан кейін топ өзінің тауарын таныстыруды ұсынуға тиіс. Сынып үздік таныстырылымға дауыс береді.

Әр топтың таныстырылымын тыңдамаса бұрын барлық оқушылардан жобаны табысты таныстыру критерийлерін еске түсіруді, сондай-ақ стартап-жобаның кезеңдерін және осы тақырып бойынша өткеннің барлығын еске түсіруді сұраңыз. Табысты презентация критерийлерінің кестесін және балл есептеу жүйесін құрыңыз. Командалардың таныстырылымы аяқталғаннан кейін қорытындыларды талқылаңыз. Неге олардың ойынша, басқа емес дәл осы команда жеңді деп санайды. Олар қандай қорытынды жасай алады?

Дерек көз: http://storage.elib.mgup.ru/8/Zeldovich_11.pdf. С. 185-186

Ойын «Креативті ойлауды қалыптастыру»

Мақсаты: өткен тәжірибелерден бас тартуға мүмкіндік беретін рефрейминг әдістемесін тәжірибеде игеру және зерттеу пәнін жаңаша, әр түрлі белгілер бойынша көруге, ойыншыларға ішкі кедергілерді, басқа адамдардың алдында қорқыныш пен сенімсіздікті жеңуге көмектесу, ойын барысында әр түрлі адамдардың бір мәселеге қатысты өздеріне тән тәсілдерінің айырмашылықтарын көрсету, проблеманы шешудің қазіргі әдістері мен тәсілдерін қарастыру.

Ойыншылардың саны: сынып екіге бөлінеді.

Ресурстар: ватман парақтары, бояулар, қарындаштар, фломастерлер, түрлі-түсті мата кесінділері, париктер және басқа да қарапайым театр атрибуттары.

Ойын ережесі: оқушыларға «рефрейминг» деген не екенін түсіндіріңіз. «Рефрейминг» - бұл басқа мән беру үшін жағдайға көзқарасты өзгерту. Рефреймингтің мәні - түрлі перспективалардан немесе түрлі контекстерден заттарды көру. Рефрейминг - шығармашылық ойлаудың ажырамас бөлігі. Басқа адамдардың шынайылығын түсіну үшін әлемге олардың көзімен қарауға үйрену керек — онсыз тиімді қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Белгілі бір

сенсорлық сезімталдықпен үйлескен сұхбаттасушыға ашық көзқарас оның мінез-құлқының негізінде жатқан біздің дұрыс, немесе дұрыс емес деген пікірлерімізбен сәйкес келе бермейтін түсініктерді анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген мінез-құлық, жағдай немесе оқиға рефреймингке ұшырауы мүмкін. Оқиғаның мәнмәтінін өзгерту арқылы оған жаңа мағына беруге болады.

Топтарды жұптарға немесе 3 адамнан бөліңіз. Әрбір шағын топта серіктестер 10 минут ішінде бір-бірімен өзі туралы ақпаратпен алмасып сөйлескен кезде адамның өзіне жағымсыз, кедергі келтіретін әдет не мінез-құлқын айтуы тиіс. Содан кейін 10 минут ішінде жұптың әрбір қатысушысы сол қасиеттерді жақсы жағынан көрсететін өз көзқарасын дайындау қажет болады. Мысалы:

- баяу қимылдау терең ойлану және материалды асықпай жан-жақты зерделеуге негізделген; батыллықтың жетіспеуі - өзін-өзі қорғаудың белгісі, авантюризмнің болмауы;

- жан-жақтылық ол өмірге деген қызығушылықтың көрінісі, білім мен біліктіліктің әмбебаптығына ұмтылу;

- идеал, туындыны ойлап табу немесе нәрселерді жасап шығарушы болуды білдіреді.

Топтар тағы 15 адамнан бірігуі керек және жиналған қасиеттер мен олардың жағымды жақтарын талқылауы керек. Содан кейін олар қайта ойластырылып өзгерген қасиеттерді екінші топқа ән, театр қойылымы, монолог, сурет, комикс және т.б. түрінде максималды жақындатып көрсетуі тиіс. Рефреймингтік төңкеріс күшті болған сайын және серіктеске қатысты тапсырма эмпатиялық болған сайын, ойынның нәтижесі де соғұрлым табысты болады.

Оқушылармен мәселенің қаншалықты жаңа қырынан көрінгенін талқылаңыз. Олар бұрын-соңды осындай өзін-өзі бағалау мүмкіндіктері бары туралы ойланды ма? Олар көрген нәрселеріне қалай қарайды? Тапсырма оларға несімен ұнады? Оның қиын тұсы қай жерде болды? Олар серіктеспен жұмыс істеу барысында және жолдасынан алынған материалдан өзіне не алды?

Дерек көз: http://storage.elib.mgup.ru/8/Zeldovich_11.pdf. 207-209 б

Ойын «Инжу-маржан сату»

Сабақ мақсаты:

- тәжірибе жүзінде сұраныс пен ұсыныс заңымен танысу;
- ойын түрінде сату техникасы мен тауар бағасын қалыптастыру білімін

қолдану.

Ойын барысы: тәжірибе жүзінде сұраныс пен ұсыныс заңымен таныстыру. Ол үшін командаларға бөлінген 4 раундтан тұратын сатушылар мен сатып алушылар ретінде ойынға қатысу қажет болады. Бүгінгі саудадағы сіздің тауарыңыз қымбат және сирек кездесетін інжу-маржандар болады.

Ойын ережесі:

Сатып алушылар мен сатушылардың тең топтарға бөліне отырып, сіз мұғалімнен інжу-маржанды сатушылар үшін ұсынылған сату құнын (сіз осы

құннан төмен тауарды сатуға тиіс емессіз) және інжу-маржан сатып алушылар үшін ұсынылған сатып алу құнын (сіз осы көрсетілген құннан жоғары сатып ала алмайсыз) аласыз. Қысқа уақыт ішінде сатушылар командасының әрбір мүшесі сатып алушылар командасының мүшесімен сату бағасы туралы уағдаласу қажет. Әрбір сатып алушы тек 1 інжу-маржанды сата алады, әрбір сатушы тек 1 інжу-маржанды сатуы керек. Сатушы інжу-маржанды сатып алушыға берген кезде, ал сатып алушы сатушыға құны көрсетілген қағаз берген кезде мәміле аяқталған болып есептеледі. Мәміле уақыты аяқталғаннан кейін мұғалімге келісілген сауда құнын айтуы қажет. Екінші, үшінші және төртінші раундты өткізу туралы ақпаратты сабақ кезінде оқытушы өзі жариялайды.

Командалар:

Топта бірдей оқушылар санымен бөлінген сатушылар тобы мен сатып алушылар тобы. Команданың әр қатысушысында әр түрлі құзыреттіліктері бар топтарды қалыптастыруға тырысыңыз.

Әр команда үшін ресурстар:

Мәміле бағасын белгілеу үшін карточкалар, виртуалды інжу-маржан

Бекіту сұрақтары: Сіз ойыннан не түсіндіңіз?

- неге сатушылар өз тауарларын барынша жоғары бағамен сатқысы келеді, ал сатып алушылар барынша төмен бағамен сатып алғысы келеді?

- сұраныс пен ұсыныстың 3-ші және 4-ші раундта қалай жылжитынын ойланып жауап беріңіз?

- ойын барысында командаға қатысушылардың әрқайсысы қандай құзыреттілікке ие болғанын ойлаңыз. Ойын кезінде командадағы рөлдерді неге өзгерттіңіз? Осыдан қандай қорытынды жасадыңыз?

- сабақ қорытындысын шығарыңыз: тапсырмадан қандай қорытынды жасадыңыз?

- алынған қорытындыларды одан әрі пайдалана аласыз ба? Қалай?

Ойын «Идеялар матрицасы»

Мақсаты:

- бизнес үшін жаңа идея ойлап табу және оны сыныпқа ұсыну;
- өз мүмкіндіктерімен бизнес үшін идеяны салыстыру.

«Идеялар матрицасы» ойыны – шығармашылық қоқыстарға арналған керемет тазалағыш құрал. Ол оқушыларды берілген тапсырмаға шығармашылық тұрғыда қарауға, тривиал емес (таптаурын емес) қадам жасауға үйретеді. Бизнесменнің бизнес жасауға ынтасы болып, бірақ қандай өнімді немесе қызмет түрін ұсыну туралы идеясының болмауы жиі кездеседі.

Бүгінгі «Идеялар матрицасы» ойынында болашақ кәсіпкерлер жасампаз болуды және берілген тапсырмаға тривиал емес қадам жасауды үйрене алады. Ойын ережесі оқушылар командаға бөлінеді. Олар қарапайым сөздер жазылып, алдын-ала дайындап қойған екі карточканы бірнеше карточкалардың ішінен (арасынан суырып алса болады) алады. Әр команда сабақ үстінде, бес минуттың ішінде карточкада жазылған сөзге қатысты бизнес-идея ойлап тауып,

оны жан-жақты ойластырғаннан кейін сыныпқа таныстырады. Мұғалім осы идеялар бойынша нақтылайтын өлшем шарттармен тағы екі кезең өткізеді. Соңғы презентация нәтижесі бойынша сыныптастарының ең көп дауыс жинаған команда жеңіске жетеді. Ресурстар ішкі жағына қарапайым сөздер жазылып, алдын-ала дайындалып шығарылған карточкалар ұсынуға болады.

Кесте 2

бәтеңке	жүк көлігі	магнитофон	кілем	дәптер
сақина	сиыр	телефон	картон	банан
бояу	кесе	пернетақта	таблетка	автомобиль
ас үй	сағаттар	пакет	фотоаппарат	сүлгі

Өз сөздеріңізді де жазсаңыз болады. Ең бастысы, ол қандай да бір затты білдіретін зат есім болу керек.

Команда құрамы

Оқушылар саны тең 3-4 команда. Бір командада ең дұрысы 3-5 адам болу керек. Команда құрамын тәжірибесі әртүрлі оқушылардан құруға тырысыңыз. Команда құру үшін оқушыларды командаға бөлудің кез келген әдісін қолдануға болады.

Ойын барысы

Оқушыларды командаға бөлу – 3 минут. Екі оқушы барлық карточканың арасынан кездейсоқ бір карточканы алады. Карточкада жазылған сөзді оқып, оны тақтаға жазыңыз. Сөздер бір-бірімен мағынасы жағынан немесе қасиеті жағынан мүлдем байланысты болмауы керек. Әр команданың тапсырмасы – 3-5 минутта карточкада көрсетілген, бір-бірімен байланыспайтын заттардың сипатын немесе қасиетін пайдаланып жаңа бизнес-идея ойлап табу. Әр идеяны бір минутқа жеткізбей айтып шығуларын сұраңыз. Барлық презентация аяқталғаннан кейін оқушылардан егер жеткілікті ресурс (ақша, білім, тәжірибе, дағдылар, таныстар) болса осы командамен бірігіп осы идеяны ертең-ақ жүзеге асыра аласындар ма деп сұраңыз.

Бастапқы идеялары туралы қайта ойлану үшін әр командаға қосымша 3-5 минут беріңіз. Командалық жұмысты тағы бір рет өткізіп, алғашқы идеяларын ертеңнен бастап кететіндей қайта қараңдар деп тапсырма беріңіз.

Әр идеяны бір минутқа жеткізбей түсіндіріп беруі керек. Қызықты бизнес-идеяны табу – өте қиын. Оқушылар нұсқаулықтың алғашқы төрт қадамын орындау кезінде ғана оған қол жеткізе алды. Енді командалар идеяларын шынайы өмірде жүзеге асырған кезде қандай қиындықтарға тап болатынын елестетіп, оны энергия және ресурс шығыны тұрғысынан сараптауға талпынды. «Нұсқаулықтың алтыншы қадамын орындау кезінде идея қалай өзгерді?», «Не үшін деп ойлайсындар?» деген сұрақтар қойыңыз.

Талқылау аяқталғаннан кейін ойынның осы кезеңіндегі бизнес-идеяны өмірімнің алдағы 20 жылында айналысатын ісім деп елестетіп көруді ұсыеныңыз. «Бұған дайынсындар ма?», «Идеяда тағы нені қайта қарау керек?», «Оны тағы қалай жақсартуға немесе өзгертуге болады?» деп сұраңыз.

Оқушылардың осындай сұрақтардан кейін идеяларын толықтай қайта қарауға қызығушылықтары оянады. Осы идеялар туралы қайта ойланып көру үшін әр

командаға қосымша 3-5 минут беріңіз. Бұл бизнес алдағы 20 жылда айналысатын істерің болады деген шартпен осы идеяны қайта қарап шығындар деп, командалық жұмысты тағы бір жүргізіңіз. Әр идеяны бір минутқа жеткізбей айтып шығуларын сұраңыз. Соңғы кезеңді орындау кезінде идеяның қалай өзгергені туралы сұрақ қойыңыз. Әр команданың соңғы идеясын талқылап, ең үздік идеяға дауыс беріп, жеңімпаз команданы анықтаңыз.

Қорытындылау:

Оқушылар ойын нәтижесінде әрқайсы 3 минутта бір-бірімен байланыспайтын екі сөзге сүйеніп бизнеске арналған жаңа идея таба алғандарын ұғыну керек. Осы арқылы жаңа бизнес-идеяны жасау кез келген креативті ойлана алатын адамның қолынан келетін іс екенін түсінеді. Оқушылар идея ойластыру кезінде командалық жұмыстың артықшылықтарын да бағалай алуы керек. Оқушыларға екі сөз арқылы бизнес-идея ойлап табу керек деген тапсырма берген кезде ол айтарлықтай инновациялы әрі күрделі болып көрінеді.

Шарт күрделеніп, команда идеяны жүзеге қалай асыру керегі жайлы ойланған кезде бастапқы идея өзгеріп, жеңілдей түсті. Бизнес-идеяны өздеріне, өз мүмкіндіктеріне шақтау керек болғанда оқушылар оған көбірек өзгеріс енгізуге тырысу керек. Басында идея туындаған сәттен бастап оны біржола жүзеге асырғанға дейін кәсіпкер дәл осындай жолдан өтеді. Енді сіздерде көптеген әртүрлі факторларды есепке ала отырып бизнес-идеяны түрлендіру тәжірибесі, сондай-ақ бизнес-сарапшылар тәжірибесі бар. Ойынның бірінші кезеңінде «таблетка» + «пернетақта» сөздерімен берілген тапсырманың мүмкін болатын жауаптарын түсінуге мысалдар беріледі.

1-мысал. Таңдалған сөзден команда бизнес-өнім, яғни әр перне басқан кезде саусақтарды тері құрылымын нығайтатын дәрумен мөлшері бөлініп шығатын микросаңылаулармен жабдықталған перне-таблеткалардан жасалған пернетақта ойлап табуы мүмкін.

2-мысал. Екінші команда таблеткаларды қабылдау ретін есіне сақтай алмайтын адамдарға арналған пернетатқа пернесінің пішініндегі таблеткалар ойлап табуы мүмкін. Дәрігер сырқатқа «сауығып кетіңіз» пішініндегі таблеткалар жазып береді. Сырқат бірінші күні «С» әрпін, екінші күні «А» әрпін, т.с.с. ішіп тұрады.

Сабақ соңында келесі сұрақтар қойыңыз:

1. Өз идеяңыздың бірінші нұсқасын соңғы нұсқамен салыстыруға тырысыңыз, ең маңызды айырмашылықтар неде? Сіздің бизнес идеяңызды раундтан раундқа қалай өзгертуге болады?

2. Сабақтың қорытындысын шығарыңыз: тапсырмадан қандай тұжырымдар жасадыңыз?

3. Алынған қорытындыларды одан әрі пайдалана аласыз ба? Қалай? Командалардың барлық кезеңде әр топ үшін әртүрлі немесе әр кезең үшін жаңа сөздер емес, барлық кезеңде ортақ болатын екі сөзді пайдаланғаны өте маңызды.

Қорытынды

Ойын оқушыларға бәсекелестік қарым-қатынас стратегиясын құрудың қаншалықты маңызды екенін, команданың көшбасшысы қандай рөл атқаратынын және өз командасын жетістікке жету үшін қандай қасиеттерге ие болу керектігін көрсетуі керек. Сондай-ақ, олар проблемаларды шешу процесі қаншалықты оңай болмайтынына және командалық жұмыс пен бәсекелестердің іс-қимыл логикасын түсіну маңызды рөл атқаратынына көз жеткізе алды.

Сонымен қатар, командадағы басқа ойыншыларға, бәсекелестер мен серіктестерге қатысты келіссөздер, қарым-қатынас және эмпатия дағдыларының маңыздылығы негізгі қорытынды бола алады.

Ойындар және жазғаяттарды модельдеу

Дидактикалық ойын – тартымды, өйткені онда оқыту, тәрбие және ойын элементтері бар. Оқыту кезінде геймификацияны пайдалану педагогикада ертеде қабылданған және қазір ол кеңейе түсуде. Ойындар адам әрекетін шынайы өмірде сәтті қолданылатын белгілі жағдай рөлімен модельдеуге мүмкіндік береді. Симуляциялық ойындар ойын жаттығуларына назар аударуға мүмкіндік беретін шындық моделінің кейбір аспектілерін жасайды. Мысалы, екінші тоқсанда компанияны тіркеу процесін зерттей отырып, ойыншылар әртүрлі аспектілерден абстракцияланады, ал ойын барысында құжаттаманы дайындаудың және белсенді тіркеу әрекеттерін жүргізудің мұқияттығы, қателерді анықтауға дайын болу, қайта тіркеуді түзету, тіркеуші орган мен кәсіпкердің қарым-қатынасын талдау туралы түсінік күшейтілуі тиіс.

Рөлдік ойын нақты бір жағдайда қандай да бір тұлғаның бейнесін және мінезін өлшеп көруге және өзі қалайтын немесе жобалайтын мінез-құлық үлгісін қабылдауға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын кейбір өмірлік тәжірибенің кескіні болатынына қарамастан, көп жағдайда импровизациялау элементі байқалады. Рөлдік ойынның басты мақсаты қатысушыларға бұрын кездеспеген жаңа өмірлік жағдайда немесе уақиғада өздерін кескендеу.

Рөлдік ойындар жағдайды түсіну, эмпатия сезімін тәрбиелеуге, яғни процеске жұмылдырылған басқа адамдардың сезімдерін түсінуді жақсартуға ықпал етеді. Рөлдік ойын симуляциялық сияқты қысқа қойылымдардан тұрады. Олардың ерекшелігі қатаң жазылған сценарийдің жоқтығы және жоғары деңгейдегі импровизацияның болуында. Рөлдік ойындардың пайдалылығы ол барлығы тез, әрі болжамсыз шынайы өмірдегідей болады. Олар жауап беруде жеңіл болмайтын сұрақтар қояды. Мысалы, қызметкердің жүріс-тұрысының дұрыстығын бағалайтын аспектілермен байланысты. Қатысушылардың рөлдермен алмасуы жағдайды кешенді объективті түсіну үшін жақсы әсер етеді. Қатысушыларды ақпаратты үнемі және сыни түрде қайта ойлау қажеттілігін түсінуге бағыттау керек.

Жазғаятты симуляциялауды (модельдеу) барлық қатысушылар қатысатын кеңейтілген рөлдік ойын ретінде елестетуге болады. Бұл өзінді қауіпсіз оқу жағдайында қиын жағдайда сынап көру мүмкіндігі. Симуляция әдетте элемент ретінде эмоционалды еліктіруден тұрады. Оқу процесінде ақыл,

жүрек, қол тұтастықта, бірлікте қызмет арқарады. Барлық жоғарыда аталған әдістемелерде және осы әдістемеде қорытынды шығарылады. Ол - дебрифинг деп аталады.

Бұл жаттығу барысындағы қатысушылар алған сезімдерін түсіну, әрекеттерді және оның себептерін талқылау, қабылданған шешімдердің дұрыстығын бағалайды. Мұғалімнің міндеті оқушылар өз өмірінен өткізген тәжірибелерді және заманауи өмірдегі шынайы жағдайлармен параллель жүргізе алатын кеңістік пен уақытты ұйымдастыру.

Рөлдік ойындар және жағдаяттарды модельдеудің (симуляциялау) мақсаты - кәсіпкерлік қызмет жолындағы қиындықтарды жеңу. Модельдеу шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен байланысты жаттығулар және ойындарды орындай отырып, оқушылар ішкі сезімдер және эмоциялармен жұмыс істеуді үйренеді, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын табу мен өздеріне бақылау шаралар жасаудан қорықпайды. [16]

Мысалы, бір нарықта ұқсас тауарлар сататын басқа кәсіпорындармен бәсекелестік жағдайын модельдеу арқылы немесе бизнес менеджментінің барлық аспектілеріне қатысты шешімге жауапкершілік қабылдау немесе бизнесті жүргізуді модельдеуде, оқушы күйзеліс жағдайына түседі, ол ойлау тиімділігін немесе топ мүшелері арасындағы коммуникацияны тоқтатады. Бұл шешімдер маркетингтік және өндірістік қызметке және т.б. қатысты өнім шығару және маркетинг бизнесті қаржыландыруға немесе шығындарға қатысты болуы мүмкін және процесс барысында оқушы кенеттен ойлаудың тиімділігін немесе топ мүшелері арасындағы коммуникацияны тежейтін кейбір стрессті сезінеді. Мұғалімнің міндеті ойын/модельдеу/симуляция өткізу үшін қолайлы жағдайлар туғызу, *дебрифинг* шеңберінде жаттығуларды орындау кезінде болған барлық болған жайтты талқылау, мәселені түсінуге және бірге шешім қабылдауға жетелеу.

2.6 Кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәнін оқытуда STEM - білім беру

STEM - білім беру дегеніміз оқытудың біріктірілген тәсілі. Бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұл тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам және бүкіл әлем арасында STEM сауаттылықты дамытуға және әлемдік эконономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEM - білім берудің біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі.

Қазақстанда білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контексінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту белсенді дами бастады. STEM - білім беру оқу мен мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды.

STEM-білім берудің артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру, командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықтарын арттыру, жобаларға креативті және жаңаша көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

STEM- білім берудің негізгі мақсаты – оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер, тәжірибелік форматтарда көрсету. STEM - білім беру оқушыларды алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді.

STEM- білім беруде күтілетін нәтиже – оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділік. STEM білімі беру – STEM сыныбында немесе кез-келген пәнге жеке енгізілуі мүмкін. Жаратылыстану математикалық бағытындағы пән сабақтарында STEM білім беруді тікелей жүзеге асыра алады. Ал, жалпы гуманитарлық бағыттағы пән сабақтарында оқушылар өздерінің әлеуметтік зерттеулерінің құрастыру желісін жобалай алады [17].

Кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәнінен оқушылар өз туындылары мен өнертабыстарын ойлау, зерттеу процестері арқылы жүзеге асыра алады. Мысалы: әлемдік деңгейде робототехника, құрастыру, бағдарламалау, үлгілеу, 3D-жобалау және тағы басқа – бұның бәрі қазіргі оқушыларды қызықтырады. Бұл қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін неғұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттерді дамыту қажет. Қазір оқушының білуі мен істеуі ғана емес, сонымен қатар зерттеу және жаңаны ойлап шығаруы маңызды. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады

2.7 Ойлау дизайны және кәсіпкерліктегі SWOT-талдау әдісінің сипаттамасы

Дизайн ойлау- кейінгі уақытта қоғамда жаппай қолдана бастаған жаңа бағыт. Алайда, практикада бұл әдістің қолдануына 50 жылдан астам уақыт болды. Бұл әдістің ерекшелігі - әртүрлі салалардағы мамандарға пайдаланушылардың қажеттіліктерін түсінуге және олар үшін креативті шешімдерді ойлап табуға көмектесетін әмбебап құрал болып табылады.

Дизайн ойлау технологиясының прототипі 1950-1960 жылдары дамыған шығармашылық әдіс. Дизайн туралы ойлау тәсілі ретінде Герберт Саймон 1969 жылы алғаш рет «The Sciences of the Artificial» кітабында жазған. Дизайн ойлау әдісі 1980 жылдары тұжырымдалды. Кейінірек IDEO негізін қалаушы Дэвид Келли дизайн ойлау әдісін бизнес қажеттіліктеріне бейімдей бастады. [18]

Дизайн ойлау – бұл жаңа өнімдер мен шешімдерді құрудың ерекше тәсілі. Оның аясында болашақ пайдаланушылардың сұраныстары мен

қажеттіліктеріне көп көңіл бөлінеді. Жаңаны ойлап табу және дизайн ойлаудың негізгі принциптері:

- адамдардың тәжірибесін толық зерттеу;
- мәселеге біржақты қарау шеңберінен шығуға ұмтылу;
- әр түрлі мінез-құлық сценарийлерін және жаңа өніммен өзара

әрекеттесуді есепке алу.

Дизайн ойлауды қолдану салалары

Бүгінгі таңда дизайнмен айналысатын мамандар бұл дизайн ойлау әдісін – эмбебап құрал деп баға береді. Оны барлық жерде – мобильді қосымшалар жасаудан бастап қоғамдық кеңістікті жоспарлауға дейін қолдануға болады.

Дизайн-ойлау әдісі бойынша жұмыс кезеңдері:

Эмпатия. («Эмпатия» сөзі ол психологияда жанашырлық сезім, яғни өзге адамдардың көңіл-күйін өз жанындай сезіне білу деген мағынаны білдіреді.) Алдымен сіз адамдарды не мазалайтынын түсінуіңіз керек. Олардың әлеміне ену, олардың қажеттіліктерін, қиындықтары мен мінез-құлқын анықтау маңызды. Бұл пайдаланушыларды бақылауға, олармен сөйлесуге және тәжірибе жасауға көмектеседі, оның аясында сіз олардың орнына өзіңізді қойып немесе тәжірибе алмасуға тырысасыз.

Фокустау. Ең маңызды мәселелерді шешу үшін жиналған ақпаратты өңдеп, талдау керек.

Идея тудыру. Мүмкіндігінше көп идеялар ұсыну және таңғажайып ұсыныстарды қарастырудан қорықпау маңызды. Жеткілікті бірнеше нұсқа түрлерін жинағаннан кейін, олардың әрқайсысын мұқият бағалап, ең қолайлы түрін таңдауға көшу керек.

Прототиптеу. Прототип идеяңыздың қаншалықты жақсы екенін түсінуіңізді тексеру үшін қажет. Оның физикалық көрінісін жасау арқылы (бұл макет, сценарий, презентация болуы мүмкін) сіз күшті және әлсіз жақтарды көре аласыз.

Тестілеу. Дизайн ойлауының соңғы кезеңінде пайдаланушылар прототиптерді тестілеп, кері байланысқа түсе алады. Адамдардың пікірлері сіздің таңдаған нұсқаңыздың қаншалықты олардың мәселелерін шешуге көмектесе алатындығын көрсетеді. Сонымен қатар олар шешімдерді жақсартуға мүмкіндік береді.

Қажет болған жағдайда бұл қадамдарды бірнеше рет қайталауға немесе тапсырмаларды шешуге ең қолайлысын ғана қолдануға болады

Дизайн ойлау жұмысындағы кемшіліктер

Дизайн ойлау эмбебап, проблема тудырмайтын құрал болып көрінуі мүмкін. Алайда бұл олай емес, кейде әдісті жұмысқа енгізу сәтсіз аяқталып жатады. Wonderful зертханасының негізін қалаушы және серіктесі Мария Стащенко Medium.com мақаласында кейде әдісті жұмысқа енгізу сәтсіз аяқталады деп жазады. Бұның бірнеше себептері бар:

1. Команда пайдаланушылардың мәселелеріне біржақты қарап, шешім

шығаруды ойдайды. Бұған жол бермеу үшін түрлі саладағы мамандарды (дизайнерлер, аналитиктер мен) дизайн ойлау әдісімен жұмыс істеуге тарту керек.

2. . Өзінің мәселелерін фактілермен растамай-ақ әдісті үстірт қолдану.

Команда пайдаланушылардың мәселелерін фактілермен растамай-ақ бағалайды. Осыған байланысты финалда мақсатты аудиторияға қажет емес өнім алынады. Мұны мүмкіндігінше нақты зерттеу әдістерін қолдану арқылы шешуге болады.

3. Генерация кезеңіндегі идеяларды сынау. Бұл шығармашылық процесті баяулатады және көптеген жақсы идеялар жоғалады. Мәселені шешу үшін, брейнстормды бастамас бұрын, сынға тыйым салынады деп келісіп, оны қатаң қадағалау керек [19].

Сонымен қатар «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінен оқу процесінде тапсырмалар мен жаттығуларды орындауда қосымша әдістемелерін ұсынуға болады.

Графикалық әдістер

Графикалық ұйымдастырушыларды қолдану техникасы ақпарат пен идеяларды қабылдаудың визуалды арнасының аудио рецептормен (сіздің сөйлеуіңіз) бірге қолдануды қарастырады. Бақылауларға сәйкес, көрнекіліктер адамдардың жалпы санының үштен бірін құрайды. Идеяларды бекіту, ақпаратты ұйымдастыру, қатынастарды құру үшін графикалық әдістерді қолдану түсіну процесін едәуір жеңілдетеді.

Графикалар. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттеу кезінде, түрлі формалар мен жағдайларды қарама-қарсы қою және салыстыру үшін, қандай да бір мәселенің бірқатар аспектісін зерттеу үшін бірнеше салыстырмалы кестелер көмектеседі.

Менталды карта (mind maps) - бұл түйін сөздерді пайдалану арқылы визуализациялау әдісі. Сондай-ақ әртүрлі түстерді, ассоциациялы суреттерді пайдалануға болады. Бұл формат идея тудыруға және оны табуға, олардың арасында байланыс орнатуға арналған. Логикалық ойлау бейнелі форматқа ауысады, оқушылардың тақырып туралы не білетіні мен ойлайтыны туралы тұтас көрініс қалыптастырады. Кез-келген менталды картада «түйін сөздердің тармақтарын» пайдаланады, алайда әртүрлі түстер мен суреттер қосу арқылы оны есте сақтау құралына айналдыруға болады [20].

Кәсіпкерліктегі SWOT-талдау

SWOT-талдау – қысқарған Strengths (күшті жақтары), Weaknesses (әлсіз жақтары), Opportunities (мүмкіндіктер) және Threats (қатер) ағылшын сөздерінің бас әріптерінен құралған.

SWOT- талдаудың көмегімен бір уақытта белгілі заттың немесе шешімнің әртүрлі сипаттары зерттеледі: қызмет бағытын және сәйкес келетін стратегияларын анықтауға көмектесе отырып, мүмкіндік және қауіп-қатермен бірге күшті және әлсіз жақтар шешім қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін. Күшті және әлсіз жақтары талданатын мәселенің ішкі аспектілеріне жатады, ал мүмкіндіктер және қауіп-қатер сыртқы факторларға жатады. SWOT-талдау – амал, тәсіл/техника, оның көмегімен күшті және әлсіз жақтары анықталады

және бизнес-жоспар, нақты әрекет немесе бизнес-идеяның мүмкіндіктері және қауіпі қарастырылады.

Сондай-ақ ол тұрақтылықты сақтау элементі ретінде де қолданыла алады. SWOT- талдаудың негізгі мақсаты әр маңызды факторды табу және оны келесі төрт категорияның біріне жатқызу: кәсіпорындағы жағдай туралы объективті көрініске ие болу үшін күшті жақтарды, әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер және қауіптерге жатқызу.

SWOT- талдау тиімді шешімдер немесе бизнес-стратегияларды дамыту кезінде пайдалы құрал болып табылады.

SWOT талдау өздігінен жасалмайды, ол әрқашан қандай да бір заттың басқа бір затқа қатысы кезінде қолданылады. (мысалы, өнімнің жаңа нарыққа қатысы бойынша жинақ талдау, тұлғаның басқарушы лауазымына қатысты жинақ талдау және т.с.с.)

Мысалы: SWOT –талдау

Зерттеу аясында алдын ала компанияның жинақ-талдауы өткізілді. SWOT – талдаудың көмегімен, қазіргі уақытта компания қандай күйде, қандай мүмкіндіктерге ие және компанияның даму барысында қандай қауіп-қатер төніп тұрғанын анықтау.

Кесте 3

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
<ul style="list-style-type: none"> - тұрақты клиенттік база; - қаржы жағдайы орнықты; - компанияның беделі жақсы; - несиелік тарихы жақсы. 	<ul style="list-style-type: none"> - филиалдық желі жеткіліксіз дамыған; - ақпараттық жүйені қолдануда артта қалушылық.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауіп-қатер</i>
<ul style="list-style-type: none"> - клиенттердің жаңа тобына қызмет көрсету; - компания беделінің орнығуы; - бәсекелестердің нарықтағы үлесін жаулап алуының жаңа мүмкіндіктері. 	<ul style="list-style-type: none"> - нарықтың дамуының баяулауы; - жаңа бәсекелестердің нарыққа шығу қаупі; - компаниялар арасында бәсекелестіктің күшеюі.

3. «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНЕН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ «ЕСЕПТЕЛІНДІ/ЕСЕПТЕЛІНГЕН ЖОҚ» ҚОЮ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

3.1. Қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарларын әзірлеу барысында мұғалім сабақтың негізгі кезеңдері мен құрылымын ұйымдастыра отырып, оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді қолдануды басшылыққа алады.

Тікелей оқыту әдісін оқу процесінде зерделелей отырып, зерттеу ерекшеліктерін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынуға болады.

Тікелей оқыту және жаңа материалды ұсыну – сабақ мазмұнын дәйекті және нақты түсіндіретін оқытушы белсенді рөл атқаратын оқытудың классикалық базалық әдістері. Осы әдіс аясында жаңа және бұрын алынған білім арасында байланыс орнатылып, жаңа жағдайларда қолдану жобаланады. Сұрақтар шағын «бөліктермен» ашылады, материалды түсіну мезгіл-мезгіл тексеріледі, күрделі сәттер қосымша түсіндіріледі, жаңа жағдайларда білімді қолдану дағдылары мен техникасы дамиды.

Тікелей оқыту тақырыпқа енгізуден, талқылауға арналған сұрақтарды анықтаудан, жаңа материалдар мен ақпарат беруден тұрады. Жаңа материал мазмұны жағынан қызықты болуы мүмкін, алайда тыңдаушыларды мезгіл-мезгіл қатыстырып, сұрақтар қойып немесе пікірталастар тудырған жағдайда ғана қатысушылардың шоғырлануын сақтауға болады. Осылайша, мұғалімнің монологынан диалогқа көшу жүзеге асырылады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқытудағы әдістердің бірі-экономикалық мәтінді талдау. Әлемнің белгілі бір бейнесін қалыптастыру үшін оқушылар жаңа тақырыпқа қатысты қосымша мәтіндер алуы керек. Осы мақсатта оқулықтан, осы материалды арнайы көрсететін әдістемеден материалдар, көрнекті экономистердің жұмыстарынан өздігінен таңдалған үзінділер, танымал отандық (кейде батыстық) кәсіпкерлер туралы ақпарат (соның ішінде көркем шығармалар түрінде) пайдаланылуы мүмкін. Оқыту-процесіндегі бұл әдістеме тыңдаушыларға идеяларды түсіну үшін белсенді, «ақылды» оқу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл кейде пассивті қабылдау мен есте сақтауға бағытталған оқуды алмастырады. Оқушыларға экономикалық мәтін идеяларын қабылдауға және жағдаятты қолдануға үйрету үшін үнемі сыни талдау мен оқылымды түсіндіру қажет, сонымен қатар жинақталған идеяларды проблемалау керек. Нәтижесінде мәтіннің идеяларын логикалық талдау, сипаттау және өзара байланыстыру, өз көзқарасымызды/пікірімізді қалыптастыру қабілетіне қол жеткізуіміз керек.

Сонымен қатар, өз пікіріңізді әріптестердің немесе мұғалімнің ұстанымымен салыстыра аласыз, алайда оның ресми беделіне байланысты

мұғалімнің позициясын қабылдау қаупі бар. Егер оқушыларға мәтінді өз бетіңізше оқып және талдауға тапсырма берсеңіз, авторлар, жұмыс атаулары, терминдердің мағыналары туралы ұсыныстар беруіңіз керек.

Мәтінді оқығаннан кейін ойлар мен идеяларды бекіту үшін тыңдаушыларға түсініксіз сәттер туралы сұрақтар жазуға ұсыныс беру керек. Сұрақтарға сүйене отырып, топтарда талқылауды ұйымдастыра аласыз, онда олар өздері сұрақтар қойып, бірге жауап іздеуге тырысады.

Ұсынылған әдістердің бірі – тақырыпты пазлдар қағидасы(puzzle) бойынша бөліктерге бөлу және онда бір тақырыптың әр бөлігі бірнеше қимақағаздарға жазылады. Шағын топтар қимақағаздарды қолданып және олардың логикалық тәртібін талдай отырып, қарастырылып отырған мәселе бойынша өз көзқарастарының белгілі бір мәтінін жасай алады. Жұмыстың нәтижесі –ұжымдық талқылау аясында жасалған дәлелдері бар презентация болып табылады.

Бұл жұмысты алмастыруға болады. Мысалы, жаңа тақырып үшін сұрақтар және жауаптар көрсетілген қимақағаздар жасалады: қимақағаздардың бір жинағында сұрақтар және екінші жинағында дұрыс жауаптар. Барлық қимақағаздарды кездейсоқ өзара араластыру арқылы топқа сәйкес келетін жұптарын табуға мүмкіндік бере аласыз.

Қарқынды/белсенді оқыту. Аудиторияда берілетін ақпарат көлемінің аздығына байланысты теориялық бағыттағы дәрістер ойлау процесінің пассивтілігіне ықпал етеді. Қосымша маркерлер немесе стимуляторлар болмаған кезде есте сақтау қиынға соғады. Белсенді оқыту форматы тақырыпқа тереңірек үңілуге, ол туралы ойлауға және оны объективті түсіндіруге көмектеседі. Белсенді оқыту зерттеу, түсіндіру немесе ойлау арқылы білімді шоғырландырудағы кемшіліктерді ішінара жояды. Белсенді оқыту бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Түсіну кезеңі – сабақтың басында тыңдаушыларды жаңа материалға шоғырландыру үшін белгілі бір мәселе бойынша алған білімдерін еске түсіруді ұсыну. Оқушылардан кейбір тапсырмаларды орындауға тапсырма беру, мысалы: алдағы тақырыпқа қатысты белгілі бірнеше идеяларды, жалпы ұғымдарды тұжырымдау, мұғалім қойған мәселені жұпта немесе шағын топтарда талқылау немесе мұғалім ұсынған идеялар мен тұжырымдамалар арасындағы мүмкін болатын байланыстарды ашу. Егер уақыт болса, оқушылар тақтада өз еркімен идеялармен бөлісетін процесті ұйымдастыруға болады.

Түсіну кезеңі– бұл дәрістің презентациясы тікелей түсіну мен сұрау кезеңдерінің ауысуымен өтетін кезең. Идеялар 10-15 минут ішінде айтылады, содан кейін оларды бастапқы идеялармен салыстыру ұсынылады. Дәріс бойынша берілген сұрақтарға жауап беруге немесе дәрістің келесі бөлігінде не талқыланатынын болжауға тырысу үшін уақыт беріледі және т.б. мұндай дәйектілік сабақ бойы қайталанатын.

2. Ойлану кезеңі– оқушылар белгілі бір жаттығуды орындау немесе материалда шоғырлануға бағытталған сұраққа жауап береді (жеке/жұпта/шағын топтарда); сабақ барысында айтылған идеяларды жинақтай отырып, 5

минуттық эссе құрастыру; тақырып бойынша кемінде бір сұрақ тұжырымдау немесе осы тақырып бойынша қысқаша түсініктеме жасау. Эссе жаңа ақпаратты түсіну деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін кері байланыстың маңызды элементі (feedback) болып табылады.

3.2 «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарлардың үлгілері

Сабақ жоспары

Кесте 4

Бөлім: «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Кәсіпкерлікке кіріспе	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10.1.1.1 «жеке кәсіпкер», «бизнесмен», «қажеттілік», «игілік» түсініктерін түсінеді; 10.1.1.2 кәсіпкерліктің пәнін, мақсаттары мен міндеттерін түсінеді.	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - «жеке кәсіпкер», «бизнесмен», «қажеттілік», «игілік» түсініктерімен танысады; - кәсіпкерліктің пәні, мақсаттары және міндеттерімен танысады 	
Бағалау критерийі (Күтілетін деңгейлік нәтижелер)	<p>Барлық оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпкерлік ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, кәсіпкер мен бизнесменнің айырмашылығын, кәсіпкерліктің пәнін, мақсаттары және міндеттерін түсінеді; - Кәсіпкерлер үшін жоспарлаудың маңыздылығын түсінеді. <p>Оқушылардың көбісі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бизнесмендер мен кәсіпкерлер қандай кәсіп түрлерімен айналысатынын түсіндіре алады; - Табысты кәсіпкердің ерекше сипаттарын көрсете алады; - Табысты бизнесменнің ерекше сипаттарын көрсете алады; - Кәсіпкерлік қызметпен айналысудың 5 артықшылығы мен кемшіліктерін көрсете алады; - SMART – мақсаттар әдістемесі шеңберіне өз мақсаттарын қалыптастыра біледі: бір аптаға; бір айға; жыл соңына дейін; келесі 5 жылға; келесі 10 жылға. <p>Оқушылардың кейбіреуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өзінің және өз достарының бизнес әлемі туралы көзқарасын салыстыра алады. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді; 	

	- Кәсіпкерлік қызметпен айналысу арқылы өз мақсатына қалай жетуге болатынын көрсете алады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар жұмыс барысында қысқа мазмұнды жазбалар жасап отырады (ауызекі тіл және жазбаша тіл, тыңдай білу дағдылары) Пәнге сәйкес келетін лексика және терминология: кәсіпкерлік, кәсіпкерлік ойлау қабілеті, жеке кәсіпкер, бизнесмен, бейімделгіштік, ұтқырлық, SMART-мақсаттар, қажеттіліктер, игіліктер. Диалог және жазба жасауға арналған сөйлем жинағы: Менің ойымша.....; мен; келісемін, мен.....келіспеймін.
Құндылықтарға баулу	Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі барлық құндылықтар – сыйластық, достық, толеранттылық, махаббат және өзара көмек, көмек беріге дайындылық
Пән аралық байланыс	Экономика. Риторика. Математика
Алдыңғы білім	Кәсіпкерлік ойлау қабілеті, жоспарлау

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс –әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин.	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - оқу процесінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. <p>«Жетістіктер ағашы» ойыны.</p> <p>Балалар, жетістіктер ағашына көңіл аудардарды (тақтада жапырақтарысыз ағаш бейнеленген ватман ілінген). Оқушыларға түрлі түсті жапырақтар бөіледі. Оқушылар жапырақтарды таңдап, жетістіктер ағашын түрті-түсті жапырақтармен безендіру ұсынылады (әр оқушы өзіне ұнаған түстегі жапырақты таңдап, ағашқа бекітеді).</p> <p>Оқушылар жапырақтарды бекіткеннен кейін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жасыл түсті жапырақтарды таңдағандарыңызға, бүгінгі сабақ табысты болады деп күтеміз. <p>Кызыл түсті жапырақ таңдағандар – қарым-қатынас орнатқысы келеді.</p> <p>Сары түсті жапырақ таңдағандар – белсенділік танытады.</p> <p>Көк түсті жапырақ таңдағандар – табандылық танытады.</p> <p>Жетістік ағашының әдемі безендірілуі сіздердің сабақтан не күтетіндеріңіз бен және</p>	<p>«Жетістіктер ағашы» ойыны.</p> <p>Флипчарт немесе ватман (Жапырақтарсыз ағаш суретін салыңыз). Әр түрлі түстегі жапырақтар. Сабақ презентациясы</p>

<p>Сабақтық ортасы</p> <p>20 минут</p>	<p>ұмтылыстарыңызға білдіреді.</p> <p>Осылайша, сабақтың жақсы өтуі және тапсырмалардың жақсы орындалуы да сіздерге байланысты.</p> <p>Бүгінгі сабақта барысында сіздер табандылық, белсенділік танытып, бір – біріңізбен жақсы қарым-қатынаста болсаңыздар, сабақ табысты деңгейде өтеді деп үміттенемін!</p> <p>Сабақ басында мұғалім оқушыларды оқыту процесінің аспектілерімен таныстырады.</p> <p><i>Оқушыларға:</i></p> <p>1) «<i>atameken.co</i>» порталына қалай тіркелу керектігін көрсету керек;</p> <p>2) <i>тоқсанды ұйымдастыру: қандай бөлімдер мен тақырыптар оқытылатындығына шолу жасау.</i></p> <p>2. Сабақтың мақсаты мен тақырыбын анықтау</p> <p>Кәсіпкерлік және бизнес негіздері бойынша алғашқы сабағымызға қош келдіңіздер! Сіздердің жаңа пәннен қандай да бір нәтижелер күтетініңіз белгілі, яғни кәсіпкер болу үшін не қажет екенін түсіну, ол сізге қаншалықты қажет екенін анықтау, өз бизнесіңізді жүргізу мен ұйымдастыру әдістері мен жолдарын үйрену және т. б. сияқты күрделі сұрақтарға жауап алғыңыз келетіні сөзсіз. Ал кәсіпкерлікке тікелей байланысты мұндай сұрақтарға жауапты сіз ұсынылып отырған пәнді оқу барысында қажетті білімді міндетті түрде ала аласыз.</p> <p><i>Келесі сұрақтарды қоя отырып, сыныпта оқушылармен талқылаңыздар:</i></p> <p>Кәсіпкер деген кім? Бизнесмен деген кім? Кәсіпкер болуы үшін не қажет? Олардың басқа адамдардан қандай айырмашылығы бар?</p> <p>Кәсіпкерлер өз алдарына қандай мақсаттар қояды? Біз бүгінгі сабақты ең қарапайым нәрселерден бастаймыз: кәсіпкер мен бизнесменнің кім екенін, олардың басқа адамдардан қандай ерекшелігі бар екенін, алдына қандай мақсаттар қоятынын талқылаймыз.</p> <p>Біз пәнімізді кәсіпкердің сөздікте берілген анықтамасынан емес, оның басқа адамдардан несімен ерекшеленетінінен бастаймыз. Басқаша айтқанда, біз кәсіпкерлік ойлауды қоршаған әлемде болып жатқан жағдаяттар мен оның ресурстарына тек тұтынушы ретінде емес, керісінше жасампаз әрі әлемді өзгертуші қабілет тұрғысынан қарастырамыз.</p> <p>Содан кейін мұғалім сыныпқа кәсіпкерлік ойдың ерекшеліктері, кәсіпкер мен бизнесменнің айырмашылығы, кәсіпкерліктің тақырыбы,</p>	<p>«Ми шабуылы».</p> <p>Сабақ презентациясы</p> <p>10 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы.</p> <p>Авторлары; Е.С. Дуйсеханов, С.А. Щеглов, Д.Ханин, А.А. Сейтенова.</p> <p>1-бөлім</p>
--	--	---

	<p>мақсаттары және тапсырмалары туралы түсіндіреді.</p> <p>Бағалау формасы «Лайк» (👍)</p> <p>Оқулық бойынша жаттығулармен жұмыс жасау.</p> <p><i>1 -тапсырма</i>, (оқулықтың 8,9 беті)</p> <p>Өзіңіздің елді мекеніңізден шыққан кәсіпкерге мысал келтіріңіз.</p> <p>Қазақстанда ең беделді кәсіпкер ретінде кімді санауға болады? Неге олай санайтыңызды түсіндіріңіз.</p> <p>Табысты кәсіпкердің, бизнесменнің ерекше сипаттарын келтіріңіз.</p> <p><i>2 –тапсырма</i> (оқулықтың 9 беті)</p> <p>Кәсіпкерлік қызметпен айналысудың 5 артықшылығы мен кемшіліктерін көрсетіңіз.</p> <p>Артықшылықтар (мысалы: шығармашылық еркіндігі);</p> <p>Кемшіліктер (мысалы, мөлшерленбейтін жұмыс кестесі):</p> <p><i>1 және 2-тапсырмаларды орындау кезінде оқушыларға өз ауылдарында, қалаларында және елінде тұрып, жұмыс істейтін кәсіпкерлердің шынайы өмірінен мысалдар келтіріп, еске түсіруге мүмкіндік беру керек. Егер мүмкіндік болса «Атамекен» ҰКП-ның (Кәсіпкерлер палатасы) өкілдерін шақырып, кәсіпкерлер, олардың кәсіби қалыптасуының қызықты оқиғалары туралы фильм көрсеткен дұрыс.</i></p> <p><i>3-тапсырма</i> (оқулықтың 9 беті)</p> <p>Өз мақсатыңызды құрыңыз және көрсетіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • бір аптаға: • бір айға: • 1 жылға • алдағы 5 жылға: • алдағы 10 жылға: <p>3-тапсырманың сұрақтарын талдау кезінде мұғалім жоспарлау дағдысын дамытудың қажет екенін атап өтеді. Жоспарлау дағдысының табысты және үйлесімді тұлғаны дамытуға қалай көмектесетіні туралы мысалдар келтіру керек.</p> <p>Мысалы, Бенджамин Франклинді еске алуға болады (ол туралы мына сілтемеден оқуға болады: https://4brain.ru/blog/пирамида-франклина/).</p> <p>Сонымен қатар оқушылар SMART-мақсаттар әдістемесі аясында төмендегі жаттығуларды орындау ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - S (specific) — мақсат нақты болу керек, мысалы, оқушылар ҰБТ-дан дәл қанша балл алғылары келетінін, мансап жолында қанша жыл жүретіндерін, еңбек ақыларының қанша болатынын және т.б. елестетіп көрулері керек; - M (measurable) — мақсат өлшеулі болу керек, 	<p>Фильм «Социальная сеть» немесе «Империя соблазна», «Основатель»</p>
--	--	--

	<p>оқушылар емтихан нәтижесінің немесе қалаған кіріс мөлшерінің сандық мәліметтерін көрсетіп қана қоймай, оларды нақты дәлелдермен бекітулері керек;</p> <ul style="list-style-type: none"> - A (achievable) — қол жеткізе алатын мақсаттар идеясы. Егер оқушылар үшін ол мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес сияқты көрінсе, онда оларға аралық мақсат қоюға кеңес беріңіз; - R (realistic/relevant) — шынайы, релевант мақсат: мақсат қою кезінде оқушы оның мәнін, қажеттілігін түсіну керек: ол басқа өмірлік мақсаттарға қарама-қайшы болмауы қажет; - T (time bound) — мақсат қою кезінде нақты мерзімді көрсету керек. Уақыт мерзімін қою әртүрлі процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді. <p><i>4 тапсырма</i> (оқулықтың 9 беті). Өзіңіздің және өз достарыңыздың бизнес әлемі туралы көзқарасыңызды салыстырыңыз. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетіңіз. <i>5 тапсырма</i> (оқулықтың 9 беті). Кәсіпкерлік қызметпен айналысу арқылы өз мақсатыңызға қалай жетуге болатынын көрсетіңіз. <i>4 және 5-тапсырмалардың материалдары күрделі ситуацияларды шешу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.</i></p>	<p>https://4brain.ru/blog/nipami-da-franklina/</p>
<p>Сабақтың соңы 10 мин</p>	<p>Өткен тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға «Кәсіпкерлік ойлау қабілеті дегіміз не?» тақырыбына викторина сабағын немесе сынақ сабағын өткізіп жіберуге болады</p>	
<p>Рефлексия</p>	<p>Фильмді көріп болғаннан кейін «Не ұнады?», «Қандай кәсіпкерге ұқсағың келеді?», «Фильмді көргеннен кейін қандай ойлар келді, қандай сезімде болдың?» деген сияқты сұрақтармен кері байланыс қалыптастыруға болады.</p> <p>Көңіл-күй және эмоционалды жағдайдың рефлексиясы:</p> <p>Парталас көршіңізге арналған үш сөйлемнің біреуін таңдаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - -Жарайсың; - -Бүгінгі сабақтағы жұмысың мені қанағаттандырды; - -Өзіңді бүгінгі сабақта жақсы көрсетуіңе болар еді. 	
<p>Саралау- Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау - оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникаларын қадағалау</p>
<p>1. Диалог құра отырып оқыту 2. Топтардағы жұмыс 3. Жаңа ақпарат көздерімен</p>	<p>Бағалау формасы «Қол шапалақтау» әдісі, «Лайк» әдісі (👍).</p>	<p>Денсаулық сақтаушы технологиялар.</p>

жұмыс жасау бойынша саралау жаңа материалды игеру кезеңінде жүргізіледі. 4. Әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды оқушыларға ұсынылатын сабақты бекіту кезеңінде саралау жүргізіледі. Топтарда әр оқушыға рөл беру, топ ішінде әр оқушының белсенділік танытуын, өзара көмек және өзара қолдау жасауға дайындығын болжайды	Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, ұжымдық бағалау	Физминуттар қолдану. Белсенді іс-әрекет түрлері. Қауіпсіздік техникасы тәртібі.
--	--	---

Сабақ жоспары

Бөлім: «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Көбелек әсері» ойыны	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	10.1.2.1 Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің тарихын талдай біледі; 10.1.2.2 экономикадағы кәсіпкерліктің мағынасын түсінеді; 10.1.2.3 микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылықты түсінеді	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Командамен өзара қарым-қатынас дағдысын дамыту; - Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің тарихына талдау жасау; - Қазақстан экономикасына тарихи шолу жасау; - Уақыт контекстінде қолжетімді ресурстардың құндылығын анықтау 	
Бағалау критерийі (күтілетін деңгейлік нәтижелер)	<p>Барлық оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі Қазақстанның экономикалық дамуының ерекшеліктерін түсіне алады; - әр тарихи кезеңнің конъюнктурасын ескере отырып уақыт кеңістігінде саяхат жасауға арналған ең қажетті ресурстарды таңдай алады; - дәуір және орын контекстіне байланысты, біз үшін үйреншікті заттардың құндылықтары қалайша өзгертінін түсіне алады. - Оқушылардың көбісі: - не себепті қарапайым және үйреншікті заттар басқа тарихи кезеңде өз құндылығын арттыратынын түсіндіре алады; - не себепті біз үшін маңызды гаджеттер басқа уақыт кезеңінде аз құндылыққа ие болуы мүмкін екендігін түсіндіре алады; - уақыт контекстіне қарамастан өз маңыздылығын жоғалтпайтын 	

	<p>эмбебап заттар бар екендігін және оларды не біріктіретінін түсіндіре алады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылардың кейбіреуі: - ойынның барлық раундтары бойынша өз пікірлерін айта алады; - алдыңғы кезеңдегі басқа командалардың әрекеті уақыт ағысына қалай әсер ететінін, физикалық заттардың гипотезалық ауысуы Қазақстанның қалыптасуына қандай ықпал жасауы мүмкін екенін бағалай алады.
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар жұмыс барысында қысқа мазмұнды жазбалар жасап отырады (ауызекі тіл және жазбаша тіл, тыңдай білу дағдылары), Өз ойларын еркін жеткізе біледі</p> <p>Пәнге сәйкес келетін лексика және терминология: Көбелек әсері Диалог және жазба жасауға арналған сөйлем жинағы: Менің ойымша.....; мен келісемін; мен.....келіспеймін.</p>
Құндылықтарға баулу	<p>«Рухани жанғыру» ұлттық идеясына негізделген құндылықтар: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, бәсекелестіктің дамуы, ұлттық бірегейлікті, сәйкестікті сақтау және білім алуға ұмытылу.</p> <p>Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі барлық құндылықтар – сыйластық, достық, толеранттылық, махаббат және өзара көмек, көмек беруге дайындылық</p>
Пән аралық байланыстар	Экономика. Риторика. Математика, География, Тарих, Әдебиет
Алдыңғы білім	Экономика, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), микроэкономика және макроэкономика, ақша жүйесі, инфляция, жұмыссыздық, сыртқы сауда, экономикалық өсу.

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс –әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин.	<p>3. Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - оқу үрдісінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. <p>«Көңіл - күй неге ұқсас» ойыны.</p> <p>Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл - күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін айтып береді. «Менің қазіргі көңіл - күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?». Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді. Ойынның соңында жауаптар қорытындыланады, бүгінгі шеңберіміздегі балалардың көңіл - күйі қандай екен: қайғылы, көңілді, күлкілі, ашулы т. б. Жауаптардың қорытындысын шығарған кезде, жағымсыз ауа райы, суық, жанбыр, түнерген аспан сияқты элементтер агрессивті, қобалжу күйлердің көрсеткіштеріне назар</p>	«Көңіл - күй неге ұқсас» ойыны

Сабақтың ортасы
20 минут

аударыңыз.

1. Сабақтың мақсаты мен тақырыбын анықтау
«Көбелек әсері» ойыны

Ойын барысында оқушылар сыни тұрғыда кеңінен ойлануына ықпал ететін және зерттеліп отырған уақыт контекстіне витуалды тереңдеу арқылы тарихи дәуірді сараптауға мүмкіндік беретін тапсырмаларды орындап, Қазақстанның әр кезеңдегі даму ерекшелігін түсіне алады.

Ойын ережесі

Оқушылар командаға бөлініп, бір ғана уақыт кезеңі көрсетіліп, алдын-ала дайындалған карточкаларды таратып алады. Оқушылар сол кезеңге белгісіз бір мезетке виртуалды түрде өтеді. Жақсылап ойланғаннан кейін өз шешімдерін түсіндіріп, презентация жасауға бір минут уақыт беріледі. Басқа командалар олардың жауабына қарап 10 балдық шкала бойынша бағалайды. Нәтижелерді арнайы бағалау парағына жазып отыру керек. Үш кезеңде ең көп балл жинаған команда жеңіске жетеді.

Ресурстар

Әр команда үшін алдын ала басып шығарылған бағалау парағы, бағалау нәтижелерін жазатын қалам, әр команда үшін уақыт кезеңдері көрсетілген карточкалар ұсынылады.

X-команда			
1-команда	2-команда	3-команда	4-команда
1-кезең			
2-кезең			
3-кезең			

Әр командаға арналған бағалау парағының үлгісі

1-карточка	2-карточка	3-карточка	4-карточка
Орны: Қазақстан территориясы Уақыты: жібек жолының «Алтын ғасыры»	Орны: КСРО Уақыты: 1961жыл (адамзаттың ғарышқа алғаш ұшуы)	Орны: Қазақстан Республикасы Уақыты: -5 жыл	Орны: Қазақстан Республикасы Уақыты: +50 жыл

Уақыт кезеңдері көрсетілген карточкалар. Карточкадағы уақыт контекстін қалауыңызша өзгертіп, өз ауданыңыздағы қандай да бір маңызды оқиғаларды барынша толықтырып қоса аласыз. Карточкалардағы мәліметтерді өзгерте отырып контрастар ойыны керек екенін ұмытпаңыз – материалдарды жақсы меңгеру үшін оқушыларға болашаққа және өткен шаққа бірге саяхат жасайтын команда керек.

Команда құрамы

Құрамындағы оқушылар саны бірдей 4 команда. Команданы білімі мен тәжірибесі әртүрлі деңгейдегі

Сабақ презентациясы

10 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы.
Авторлары;
Е.С. Дуйсеханов,
С.А. Щеглов,
Д.Ханин, А.А. Сейтенова.
1-бөлім

Ресурстар Әр команда үшін алдын ала басып шығарылған бағалау парағы, бағалау нәтижелерін жазатын қаламсап, әр команда үшін уақыт кезеңдері көрсетілген карточкалар.

оқушылардан құруға тырысыңыз. Команда құру үшін оқушыларды командаға кездейсоқ бөлудің кез келген әдісін пайдалануға болады.

Ойын барысы

1. Әр команданың өкіліне уақыт кезеңін көрсететін төрт кездейсоқ картаның біреуін таңдауға мүмкіндік беріңіз.

2. Оқушылардың назарын аудартып, бірінші раунд ережелерін түсіндіріңіз.

Үш минут ішінде оқушылардың әр тобы гипотетикалық уақыт машинасын қолдана отырып, өздерімен бірге ала алатын үш материалдық пәнді анықтауы керек. Барлық үш зат оқушылардың стандартты мектеп сөмкесіне сыйып кетуі керек, сонымен қатар командаға, атап айтқанда, оқушылардың әрқайсысына келесі дәйреге өтуі тиіс уақыт аралығында барынша пайда әкелуі керек.

3. Үш минуттан кейін әр команданың өкіліне таңдаған үш затын қорғауға және затты таңдау себептерін түсіндіруге мүмкіндік беріңіз.

4. Әр команданың жұмысын 10 балдық шкала бойынша бағалауды сұраңыз.

5. Бағалау процедуралары аяқталғаннан кейін барлық спикерлерге алғыс білдіріп, екінші раундтың басталғаны туралы хабарлаңыз.

6. Оқушылардың назарын аударта отырып, бірінші раунд ережелерін түсіндіріңіз.

Үш минут ішінде оқушылардың әр тобы карточкада көрсетілген уақыттан бастап гипотетикалық уақыт машинасын қолдана отырып, өздерімен бірге ала кететін үш материалдық затты анықтауы керек. Барлық үш зат оқушылардың стандартты мектеп сөмкесіне сыйып кетуі керек, сонымен қатар ол зат командаға, атап айтқанда, қазіргі кезеңдегі оқушылардың әрқайсысына барынша пайда әкелуі керек.


7 Үш минуттан кейін әр команданың өкіліне таңдаған үш затты қорғауға және сол затты таңдау себептерін түсіндіруге мүмкіндік беріңіз.

8. Әр команданың жұмысын 10 балдық шкала бойынша бағалауды ұсыныңыз.

9. Бағалау процедуралары аяқталғаннан кейін барлық спикерлерге алғыс білдіріп, үшінші раундтың басталғаны туралы хабарлаңыз.

10. Үшінші раундтың шарттарын айтпас бұрын, оқушыларға «Көбелектің әсері» туралы айтып беріңіз. Көбелектің әсері – кейбір хаотикалық жүйелердің қасиеттерін білдіретін жаратылыстану ғылымдарындағы термин: жүйеге шамалы әсер ету үлкен және болжанбайтын салдарға әкелуі мүмкін. Сонымен, оқушылардың үш затпен байланысты әрекеттері гипотетикалық түрде кеңістік-уақыт

	<p>континуумын өзгертіп, қазіргі жағдайымызды өзгерте алады.</p> <p>11. Назар аударыңыз және бірінші раунд ережелерін айтыңыз. Үш минут ішінде оқушылардың әр командасы алдыңғы раундтардағы команданың іс-әрекеті уақыт барысына қалай әсер еткенін, физикалық объектілердің гипотетикалық ауысуы Қазақстанның қалыптасуына қалай әсер еткенін бағалауы қажет.</p> <p>12. Үш минуттан кейін әр команданың өкіліне үшінші раундта өз пікірлерін ұсынуға мүмкіндік беріңіз.</p> <p>13. Әр команданың жұмысын 10 балдық шкала бойынша бағалауды сұраңыз.</p> <p>14. Бағалау процедуралары аяқталғаннан кейін, барлық спикерлерге алғыс білдіріңіз және әр раунд үшін команданың өз презентациясына қойған бағаларын есепке алмай алдымен жалпы бағалауды дауыс беру арқылы қорытындылаңыз.</p> <p>15. Жеңімпаз жарияланғаннан кейін қалған уақытты ойынды талқылауға арнаңыз.</p>	
<p>Сабақтың соңы 10 мин</p>	<p><i>Қорытындылау</i></p> <p>Ойыннан кейін сіз оқушыларды экономикалық процестерге байланысты уақыт өте келе нақты ресурстар мен олардың мәні өзгереді деген ойға жетелей аласыз. Ресурстардың дұрыс жиынтығын таңдауды тек пәнаралық байланыстар мен ойлау бағытын қолдана отырып жүзеге асыруға болады, онда сол дәуірдің тұрғындарын эмпатикалық сезіну, оларды түсіне білу, ести білу керек. Өзін және өзінің жеке қажеттіліктерін таңдалған дәуірдің жағдайымен салыстырады. Шешім қабылдау және талдау үшін оқушылар тобына география, тарих, әдебиет және өз тәжірибесінен алынған білім қажет.</p> <p>Үш ресурспен ғана шектелген шартпен әрекет ету оқушыларға ақпарат/зияткерлік ресурстары санмен және мектеп сөмкесінің өлшемімен шектелмейтіні, уақыт бойынша саяхат жасау кезінде өздерімен алып жүретін білім мен дағдының ең құнды ресурс екені туралы ой тудыруы қажет.</p> <p>Жауаптардың жалпы мәнін аңғара отырып, оқушыларға таңдаудың дұрыстығын және сыни ойлаудың қажеттігін түсіндіретін сұрақтар қоюға болады. Мысалы, егер талқылау кезінде гаджеттердің қажеттігі туралы мәселе көтерілсе, онда соған сәйкес «Оны қуаттайтын құралы немесе оны қуаттайтын сымы керек пе? Онда біз таңдаған осы үш заттың қажеттігі бар ма? Бұлар сол дәуірлерде жұмыс істей ала ма?» деген сұрақтар қоюыңызға болады.</p> <p>Оқушыларға оқулықтан сұрақтар қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - неліктен қазіргі уақытта біз үшін маңызды емес және таныс заттар басқа тарихи кезеңде 	

	<p>олардың құндылығын арттырады деп ойлайсыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> - неліктен біз үшін маңызды гаджеттер басқа дәуірде құндылығы төмен болуы мүмкін? - Уақытша контекстке қарамастан маңыздылығын жоғалтпайтын әмбебап заттар бар ма? Оларды не біріктіреді? - Сабақты қорытындылау: берілген тапсырмадан қандай қорытынды жасадыңыз? - Сіз одан әрі алынған қорытындыларды пайдалана аласыз ба? Қалай? 	
Рефлексия	<p style="text-align: center;">Рефлексия</p> <p style="text-align: center;">«Шабадан, ет тартқыш, себет»</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Шабадан - болашақта қажет болатын ақпараттар Ет тартқыш - ақпаратты өңдеудемін Себет - барлығын себетке тастаймын</p> <p>Сабақта алынған ақпараттарды қалай қолданатыныңды таңда</p> <p>«Алақан» әдісі арқылы Бас бармақ – керемет әрі қызықты болды, себебі... Екінші бармақ – осыған көңіл бөлу керек... Ортаңғы бармақ – менің ұсыныстарым... Төртінші бармақ – мен білімімді кеңейттім... Кішкентай бармақ – маған әлі де жеткіліксіз...</p>	
Саралау- Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникаларын қадағалау
1. Топтық жұмыс 2. Топтарда әр оқушыға рөл беру, топ ішінде әр оқушының белсенділік танытуын, өзара көмек және өзара қолдау жасауға дайындығын болжайды	Бағалау формасы «Ду қол шапалақ», «Лайк» (👍). Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, ұжымдық бағалау Белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау. Оқушыларды ынталандыру.	Денсаулық сақтаушы технологиялар. Физминуттар қолдану. Белсенді іс-әрекет түрлері. Қауіпсіздік техникасы тәртібі.

Сабақ жоспары

Бөлім. «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатысқандар саны:

Сабақтың тақырыбы	«Идеялар матрицасы» ойыны
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	10.1.3.1 кәсіпкерлікті жеке мотивация мен өзін-өзі іске асыру формасы ретінде қарастырады; 10.1.3.2 кәсіпкер біліктілігі ретінде идеяның қалыптасу маңызын бағалайды; 10.1.3.3 бизнес-идеяны қалыптастыру құралын қолданады
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Бизнес үшін жаңа идея ойлап табу және оны сыныпқа ұсыну - Бизнеске арналған идеяны өз мүмкіндіктерімен сәйкестендіру
Бағалау критерийі (Күтілетін деңгейлік нәтижелер)	<p>Барлық оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпкердің бойында қандай қасиеттер болу керектігін, мотивация мен өзін-өзі танытуды түсіндіре алады; - тақырыпты зертеу арқылы түсініктер қалыптасады, тақырыпты түсініп оқуға, ойын жеткізе білуге, ойын тиянақтай білуге дағдыланады, топпен бірге жұмыс істеуге үйренеді. <p>Оқушылардың көбісі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бизнес үшін жаңа идея ойлап табу және оны сыныпқа ұсына алады; - бизнеске арналған идеяны өз мүмкіндіктерімен сәйкестендіре алады; - құрастыру, іздену, ойлау дағдылары дамиды. <p>Оқушылардың кейбірі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бизнес идеяларды қалыптастыруға арналған құралдарды талдай алады; - Оқушылар сыни тұрғыдан ойлайды, өз бетінше ізденеді, өз-өздерін ретке келтіре отырып бағалайды, білімдерін тәжірибеде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар жұмыс барысында қысқа мазмұнды жазбалар жасап отырады (ауызекі тіл және жазбаша тіл, тыңдай білу дағдылары)</p> <p>Пәнге сәйкес келетін лексика және терминология: Кәсіпкерлік, кәсіпкерлік ойлау қабілеті, өзін-өзі дамыту, жүзеге асыру, мотивация, бизнес идея.</p> <p>Диалог және жазба жасауға арналған сөйлем жинағы: Менің ойымша.....; мен.....келісемін; мен.....келіспеймін.</p>
Құндылықтарға баулу	Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі барлық құндылықтар – сыйластық, достық, толеранттылық, махаббат және өзара көмек, көмек беріге дайындылық
Пән аралық байланыстар	Экономика. Риторика. Математика
Алдыңғы білім	Өзін-өзі жүзеге асыру, мотивация, кәсіпкерлік құзыреттілік

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс –әрекеттер	Ресурстар
------------------------------	--------------------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы 6 мин.</p>	<p>4. Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - Оқу үрдісінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. <p>«Кім, нені жақсы көреді?» жаттығуы.</p> <p>Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орнынан тұрсын...Кім өзін батырмын деп есептейді?... Кім сары түсті жақсы көреді?... Кім көп тамақ жегенді жақсы көреді?... Кім айнаға қарағанды жақсы көреді? т. б. сұрақтар қоюға болады.</p>	<p>«Кім, нені жақсы көреді?» жаттығуы</p>																				
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>5. Сабақтың мақсаты мен тақырыбын ашу</p> <p>«Идеялар матрицасы» ойыны –шығармашылық коқыстарға арналған керемет тазалағыш құрал. Ол оқушыларды берілген тапсырмаға шығармашылық тұрғыда қарауға, тривиал емес (таптаурын емес) қадам жасауға үйретеді. Бизнесменнің бизнес жасауға ынтасы болып, бірақ қандай өнімді немесе қызмет түрін ұсыну туралы идеясының болмауы жиі кездеседі. Бүгінгі «Идеялар матрицасы» ойынында болашақ кәсіпкерлер жасампаз болуды және берілген тапсырмаға тривиал емес қадам жасауды үйрене алады.</p> <p><i>Ойын ережесі</i></p> <p>Оқушылар командаға бөлінеді. Олар қарапайым сөздер жазылып, алдын-ала дайындап қойған екі карточканы көп карточкалардың ішінен (арасынан суырып алса болады) алады. Әр команда сабақ үстінде, бес минуттың ішінде карточкада жазылған сөзге қатысты бизнес-идея ойлап тауып, оны жан-жақты ойластырғаннан кейін сыныпқа таныстырады.</p> <p>Мұғалім осы идеялар бойынша нақтылайтын өлшем шарттармен тағы екі кезең өткізеді. Соңғы презентация нәтижесі бойынша сыныптастарының ең көп дауысын жинаған команда жеңіске жетеді.</p> <p><i>Карталар мысалы</i></p> <table border="1" data-bbox="437 1592 1166 1834"> <tr> <td>бәтеңке</td> <td>жүк көлігі</td> <td>магнитофон</td> <td>кілем</td> <td>дәптер</td> </tr> <tr> <td>сақина</td> <td>сиыр</td> <td>телефон</td> <td>картон</td> <td>банан</td> </tr> <tr> <td>бояу</td> <td>кесе</td> <td>пернетақта</td> <td>таблетка</td> <td>автомобиль</td> </tr> <tr> <td>Ас үй</td> <td>сағат</td> <td>пакет</td> <td>фотоаппарат</td> <td>сүлг</td> </tr> </table> <p><i>Сөздерді өзіңіз де ойлап жазуыңызға болады. Ең бастысы, ол қандай да бір затты білдіретін зат есім болу керек</i></p> <p>Команда құрамы</p> <p>Оқушылар саны тең бөлінген 3-4 команда. Бір командада ең дұрысы 3-5 адам болу керек. Команда</p>	бәтеңке	жүк көлігі	магнитофон	кілем	дәптер	сақина	сиыр	телефон	картон	банан	бояу	кесе	пернетақта	таблетка	автомобиль	Ас үй	сағат	пакет	фотоаппарат	сүлг	<p>«Идеялар матрицасы» ойынының презентациясы</p> <p>Ішкі жағына қарапайым сөздер жазылып, алдын-ала дайындалып шығарылған карточкалар</p>
бәтеңке	жүк көлігі	магнитофон	кілем	дәптер																		
сақина	сиыр	телефон	картон	банан																		
бояу	кесе	пернетақта	таблетка	автомобиль																		
Ас үй	сағат	пакет	фотоаппарат	сүлг																		

құрамын білімі мен тәжірибесі әртүрлі оқушылардан құруға тырысыңыз. Команда құру үшін оқушыларды командаға бөлудің кез келген әдісін қолдануға болады

Ойын барысы

Оқушыларды командаға бөлу – 3 минут.

Екі оқушыға карточкалардың арасынан кездейсоқ бір карточканы алу ұсынылады.. Карточкада жазылған сөзді оқып, оны тақтаға жазыңыз.

Сөздер бір бірімен мағынасы жағынан немесе басқа қасиеттері жағынан мүлдем байланысты болмауы керек.

Әр команданың тапсырмасы – 3-5 минутта карточкада көрсетілген, бір-бірімен байланыспайтын заттардың сипатын немесе қасиетін пайдаланып жаңа бизнес-идея ойлап табу.

Әр идеяны бір минутқа жеткізбей айтып шығуларын сұраңыз.

Барлық презентация аяқталғаннан кейін оқушылардан егер жеткілікті ресурс (ақша, білім, тәжірибе, дағдылар) болса осы командамен бірігіп осы идеяны ертең-ақ жүзеге асыра алар ма едіңіздер деген сұрақ қойыңыз.

Бастапқы идеялары туралы қайта ойлану үшін әр командаға қосымша 3-5 минут беріңіз. Командалық жұмысты тағы бір рет өткізіп, алғашқы идеяларын ертеңгі күні жүзеге асырып кететіндей қайта қарауға тапсырма беріңіз. Оқушылар әр идеяны бір минутқа жеткізбей түсіндіріп беруі керек.


Қызықты бизнес-идеяны табу – өте қиын. Оқушылар нұсқаулықтың алғашқы төрт қадамын орындау кезінде ғана оған қол жеткізе алды. Енді командалар идеяларын шынайы өмірде жүзеге асырған кезде қандай қиындықтарға тап болатынын елестетіп, оны энергия және ресурс шығыны тұрғысынан сараптауға талпынды.

«Нұсқаулықтың алтыншы қадамын орындау кезінде идея қалай өзгерді?», «Не үшін деп ойлайсыңдар?» деген сұрақтар қою арқылы ынталандырыңыз.

Талқылау аяқталғаннан кейін ойынның осы кезеңіндегі бизнес-идеяны өмірдің алдағы 20 жылында айналысатын ісім деп елестетіп көріңдер деп айтыңыз. «Бұған дайынсыңдар ма?», «Идеяда тағы нені қайта қарау керек?», «Оны тағы қалай жақсартуға немесе өзгертуге болады?» деп сұраңыз. Оқушылар осы сұрақтардан кейін идеяларын толықтыруы мүмкін.

Осы идеялар туралы қайта ойланып көру үшін әр командаға қосымша 3-5 минут беріңіз. Бұл бизнес алдағы 20 жылда айналысатын істерің болады деген

	<p>шартпен осы идеяны қайта қарап шығындар деп, командалық жұмысты тағы бір жүргізіңіз.</p> <p>Әр идеяны бір минутқа жеткізбей айтып шығуларын сұраңыз. Соңғы кезеңді орындау кезінде идеяның қалай өзгергені туралы сұрақ қойыңыз.</p> <p>Әр команданың соңғы идеясын талқылап, ең үздік идеяға дауыс беріп, жеңімпаз команданы анықтаңыз.</p>	
<p>Сабақтың соңы 10 ин</p>	<p>Қорытындылау</p> <p>Оқушылар ойын нәтижесінде әрқайсы 3-минутта бір-бірімен байланыспайтын екі сөзге сүйеніп бизнеске арналған жаңа идея табаалғандарын ұғыну керек. Осы арқылы жаңа бизнес-идеяны жасау кез келген креативті ойлана алатын адамның қолынан келетін іс екенін түсінеді. Оқушылар идея ойластыру кезінде командалық жұмыстың артықшылықтарын да бағалай алуы керек.</p> <p>Оқушыларға екі сөз арқылы бизнес-идея ойлап табу керек деген тапсырма берілген кезде ол айтарлықтай инновациялы әрі күрделі болып көрінді емес пе? Шарт күрделеніп, команда идеяны жүзеге қалай асыру керектігі жайлы ойланған кезде бастапқы идея өзгеріп, жеңілдей түседі.</p> <p>Бизнес-идеяны өздеріне, өз мүмкіндіктеріне шақтау керек болғанда оқушылар оған көбірек өзгеріс енгізуге тырысады. Басында идея туындаған сәттен бастап оны біржола жүзеге асырғанға дейін кәсіпкер дәл осындай жолдан өтеді. Енді сіздер де көптеген әртүрлі факторларды есепке ала отырып бизнес-идеяны түрлендіру тәжірибесі, сондай-ақ бизнес-сарапшылар тәжірибесі бар.</p> <p>Ойынның бірінші кезеңіндегі «таблетка» +«пернетақта» сөздерімен берілген тапсырманың болжамды жауаптарына мысалдар ұсынуға болады.</p> <p><i>1-мысал</i></p> <p>Тандалған сөздерден команда бизнес-өнім, яғни әр перне басқан кезде саусақтардың тері құрылымын нығайтатын, дәрумен мөлшері бөлініп шығатын, микросаңылаулармен жабдықталған пернетаблеткалардан жасалған пернетақта ойлап табуы мүмкін.</p> <p><i>2-мысал</i></p> <p>Екінші команда таблеткаларды қабылдау ретін есіне сақтай алмайтын адамдарға арналған пернетатқа пернесінің пішініндегі таблеткалар ойлап табуы мүмкін. Дәрігер сырқатқа «сауығып кетіңіз» пішініндегі таблеткалар жазып береді. Сырқат бірінші күні «С»әрпін, екінші күні «А» әріпін, т.с.с. ішіп тұрады</p> <p>Сабақ соңында келесі сұрақтарды қойсаңыз болады:</p> <p>1. Өз идеяңыздың бірінші нұсқасын соңғы</p>	

	<p>нұсқамен салыстыруға тырысыңыз, ең маңызды айырмашылықтар неде? Сіздің бизнес идеяңызды раундтан раундқа қалай өзгертуге болады?</p> <p>2. Сабақтың қорытындысын шығарыңыз: тапсырмадан қандай тұжырымдар жасадыңыз?</p> <p>3. Алынған қорытындыларды одан әрі пайдалана аласыз ба? Қалай?</p>	
Рефлексия	<p style="text-align: center;">Рефлексия «Шабадан, ет тартқыш, себет»</p>  <p>Шабадан - болашақта қажет болатын ақпараттар Ет тартқыш - ақпаратты өңдеудемін Себет - барлығын себетке тастаймын</p> <p><small>Сабақта алынған ақпараттарды қалай қолданатынындай таңда</small></p>	
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникаларын қадағалау
<p>1. Диалог құра отырып оқыту</p> <p>2. Топтардағы жұмыс</p> <p>3. Жаңа ақпарат көздерімен жұмыс жасау бойынша саралау жаңа материалды игеру кезеңінде жүргізіледі.</p> <p>4. Әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды оқушыларға ұсынылатын сабақты бекіту кезеңінде саралау жүргізіледі.</p> <p>Топтарда әр оқушыға рөл беру, топ ішінде әр оқушының белсенділік танытуын, өзара көмек және өзара қолдау жасауға дайындығын болжайды</p>	<p>Бағалау формасы «Ду қол шапалақ», «Лайк» (👍).</p> <p>Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, ұжымдық бағалау</p> <p>Белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау. Оқушыларды ынталандыру.</p>	<p>Денсаулық сақтаушы технологиясы</p> <p>Физминуттар қолдану.</p> <p>Белсенді іс-әрекет түрлері.</p> <p>Қауіпсіздік техникасы тәртібі.</p>


Сабақ жоспары

Бөлім: «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатысқандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Rocket Study» кейсі	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына	<p>10.1.3.1 кәсіпкерлікті жеке мотивация мен өзін-өзі жүзеге асыру формасы ретінде қарастырады;</p> <p>10.1.3.2 кәсіпкер біліктілігі ретінде идеяның қалыптасу маңызын бағалайды;</p>	

сілтеме)	10.1.3.3 бизнес-идеяны қалыптастыру құралын қолданады
Сабақтың мақсаты	- кәсіпкерлік бастаманың табыстылығы мен идеяның ерекшелігі қалай байланысатынын түсіну.
Бағалау критерийі (Күтілетін деңгейлік нәтижелер)	Барлық оқушы: <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпкерлік тәсілдеме түсінігін түсіне алады. - кәсіпкерде қандай қабілеттер мен қасиеттер болуы қажет екендігін және мотивация мен өзін-өзі жзеге асыруды анықтай біледі; - Оқушылардың көбісі: - дамытуға деген инициативті және үздіксіз талпыныстың маңыздығын түсіндіре алады. - мінез-құлық сипатын, интеллектуалды қабілеттерін бағалай алады. - меңгерілген білім және біліктілікті талдай біледі. - Оқушылардың кейбірі: - өзінің және өз достарының бизнес әлемі туралы көзқарасын салыстыра алады. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді; - кәсіпкерлік қызметпен айналысу арқылы өз мақсатына қалай жетуге болатынын көрсете алады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар жұмыс барысында қысқа мазмұнды жазбалар жасап отырады (ауызекі тіл және жазбаша тіл, тыңдай білу дағдылары), Өз ойларын еркін жеткізе біледі Диалог және жазба жасауға арналған сөйлем жинағы: Менің ойымша....; мен.....келісемін, мен.....келіспеймін. Пәнге сәйкес келетін лексика және терминология: leanstartup, құзіреттілік, өзін-қөзі жүзеге асыру, мотивация
Құндылықтарға баулу	Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі барлық құндылықтар – сыйластық, достық, толеранттылық, махаббат және өзара көмек, көмек беруге дайындылық
Пән аралық байланыстар	Экономика. Риторика. География
Алдыңғы білім	Өзін-өзі жүзеге асыру, мотивация, кәсіпкерлік құзыреттілік

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс –әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 7 мин.	6. Ұйымдастыру кезеңі: <ul style="list-style-type: none"> - мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - оқу процесінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. 7. Ұйымдастыру кезеңі: <ul style="list-style-type: none"> - мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - оқу процесінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. 	Ватман немесе флипчарт . жасыл түсті жапырақтар

<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<p>«Мақсаттар ағашы»</p> <p>Ватман (флипчарт) бетінде ағаш бейнеленген</p> <p>Әрбір оқушы жасыл түсті жапырақтарды оналастырады. Жапырақтың бір жағына өзінің жеке мақсатын жазады (нені білгім келеді, нені түсінгім келеді, осы тақырып бойынша қандай ақпараттарды алуға болады)</p>  <p>2. Сабақтың мақсаты мен тақырыбын анықтау</p> <p>Бизнес-кейсті талдау кезіндегі тапсырма – талқылау және өзара байланыс үшін оны 5 адамнан тұратын шағын топта ұйымдастыру. Кей проблемасын шешу ерекше болуы керек деп ескертіңіз.</p> <p>Бұл тапсырмада шешімнің көп нұсқасы беріліп және сабақ барысын дәтүрден тыс өткізуге болады. Оқушыларда пікірталас ұйымдастыру үшін пайдаланатын қарама-қарсы көзқарастар туындауы мүмкін.</p> <p>Әртүрлі көзқарасқа жол бере отырып, олардың пікірлерін ашық айтқандары үшін алғыс айтып отыруыңыз маңызды. Бұл істің мәні – оқушыларда алған барлық ақпараттарын пайдалана отырып проблемаға қатысты өз ойларын қалыптастыру. Сабақ барысында кейіпкер жөнінде видео көрсетуге болады.</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=jpJuS-POKDY</p> <p><i>1-тапсырма</i></p> <p>Өз орталығын ашу үшін Арсланда қандай ресурстар болғандығы туралы ойланып жауап беріңіз.</p> <p><i>Жауабы: Арсланның ресурстары – ағылшын тілін білуі, өз сынынан өткен емтиханға дайындалу әдістемесі және 70000 теңге алғашқы капитал</i></p> <p><i>2-тапсырма</i></p> <p>Қолда бар ресурстарға ие бола отырып, Арслан қалайша аталған мәселелерді (ғимарат, жабдық, жарнама) шеше алды?</p> <p><i>3-тапсырма</i></p> <p>Арслан осы кезеңде өз бизнесін дамытуды қалай жалғастыруы мүмкін. Ол тағы не істей алады?</p> <p><i>2 және 3-тапсырмаларға жауап беру кезінде оқушылардың креативтілік танытып, өз идеяларын ортаға салуға мүмкіндік беріңіз. Бұл идеялар шынайы көрінбесе де өздеріңді шектемеңдер деп ынталандырып отырыңыз. Олар неғұрлым көбірек идеяларды айтса, соғұрлым жақсы.</i></p>	<p>https://rockets.tudy.kz</p> <p>https://www.instagram.com/rocketstudykz/</p> <p>https://www.instagram.com/rocketmankz/</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=jpJuS-POKDY</p>
-------------------------------------	--	---

	<p><i>4-тапсырма</i></p> <p>Төмендегі төрт мәселеге қандай шешім ұсына алатындарыңды ойланыңдар.</p> <p><i>1-мәселе.</i> Мұндай оқушылар үшін Rocket Study-да жеке сабақ өту, үйде немесе кеңседе отырып Skype арқылы үйрену, білім алу бағдарламасын кесте бойынша емес, оқушының белгілі бір тақырыпқа қажеттілігіне қарай жасау мүмкіндіктері қарастырылған.</p> <p><i>2-мәселе.</i> Rocket Study оқытушылары өздерінің тілді білу деңгейін растау үшін жиі-жиі халықаралық сынақтар тапсырып тұрады және практикада оқушыларының алдынан шығатын проблемалармен бетпе-бет келеді.</p> <p><i>3-мәселе.</i> Мұндай оқушылар үшін Rocket Study-де дайындықтың жедел курстары ашылған: сабақ аптасына 5 рет өтеді, сенбілік Speaking Club және жексенбідегі сынама тестер.</p> <p><i>4-мәселе.</i> Жалықтырып жібермес үшін Rocket Study оқушыларын шынайы тілдік ситуацияларға өздерін қоюға болатын, ағылшын тілінде көрініс қояды, мобилді телефондарға арналған қосымшаларды пайдаланады, видеолар көреді, бірінші кезекте – сөйлесу, содан кейін – грамматика.</p> <p><i>5-тапсырма</i></p> <p>Қалай ойлайсыңдар, Арслан жеткен жетістігімен тоқтап қалды ма? Қазіргі сәтте бизнесін кеңейту үшін ол не істей алар еді?</p> <p><i>Мүмкін болатын жауаптар: жалдамалы жұмысшыларды тарту, жаңа мектептер ашу, франшиза бойынша жұмыс істеу. Өзіміз көргендей, Арслан өзінің IT-платформасын жасады. Соған қарамастан, оқушыларда бизнестің көлемін ұлғайту туралы басқа идеялар болуы мүмкін. Оларға өз ойларын айтуға мүмкіндік беріп, барлық идеяларын қолдап, ынталандырыңыз.</i></p>	<p>«Ми шабуылы».</p> <p>Сабақ презентациясы</p> <p>10 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы.</p> <p>Авторлары; Е.С. Дуйсеханов, С.А. Щеглов, Д.Ханин, А.А. Сейтенова.</p> <p>1-бөлім</p>
<p>Сабақтың соңы 10 мин</p>	<p><i>6-тапсырма</i></p> <p>- Rocket Study кейсінен қандай бизнес-сабақ ала алатындарың туралы ойланыңдар. Арсланның жобасы сендерге ұнады ма? Неліктен ұнады (немесе ұнамады)?</p> <p><i>Оқушылар табысты бизнестің кепілі – алғашқы капиталдың көп болуы маңызды емес, қызықты бизнес-идея және қолда бар ресурстарды, яғни белгілі бір тәжірибелерді дұрыс пайдалану қабілетінің болуы деген тұжырымға келу керек. Сабақ соңында кәсіпкерлік тәсілі түсінігін, ынта мен дамуға үздіксіз талпынудың мәнін тағы бір рет талқылаңыздар</i></p>	
<p>Рефлексия</p>	<p>Сабақтың соңында оқушылар өзінің мақсатына толық немесе жартылай жеткен, жетпегендігі жөнінде жазады.</p>	<p>Ватман немесе флипчарт .</p>

		жасыл түсті жапырақтар
Саралау- Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникаларын қадағалау
1. Диалог құра отырып оқыту 2. Топтардағы жұмыс 3. Жаңа ақпарат көздерімен жұмыс жасау бойынша саралау жаңа материалды игеру кезеңінде жүргізіледі. 4. Әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды оқушыларға ұсынылатын сабақты бекіту кезеңінде саралау жүргізіледі. Топтарда әр оқушыға рөл беру, топ ішінде әр оқушының белсенділік танытуын, өзара көмек және өзара қолдау жасауға дайындығын болжайды	Бағалау формасы «Ду қол шапалақ», «Лайк» (👍). Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, ұжымдық бағалау Белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау. Оқушыларды ынталандыру.	Денсаулық сақтаушы технологиялар. Физминуттар қолдану. Белсенді іс-әрекет түрлері. Қауіпсіздік техникасы тәртібі.

Сабақ жоспары

Бөлім «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Egg Drop» ойыны	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	10.1.4.1 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторларды біледі; 10.1.4.2 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлар арасындағы айырмашылықты түсінеді.	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - табысқа әкелетін ресурстар мен факторлар арасындағы өзара байланысты қадағалау; - ресурстарды дұрыс таңдауды және оларды тиімді пайдалануды үйрену. 	
Бағалау критерийі (Күтілетін деңгейлік нәтижелер)	Барлық оқушы: <ul style="list-style-type: none"> - ресурстарды дұрыс пайдаланудың қаншалықты маңызды екенінін түсіне алады; Ойын барысында пайда болған дағдылар: <ul style="list-style-type: none"> - командамен жұмыс істей алу, ұжымдық межелер 	

	<p>белгілеу, мәмілеге келе білу және ортақ шешім қабылдауы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - жетекшілік, өз көзқарасын мойындата білу; - маңызды ресурстарды дәйектей алу, адами капитал – ең маңызды ресурстың бірі екенін түсіну; - креативтік және айрықша ойлану қабілеттілігі.
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар жұмыс барысында қысқа мазмұнды жазбалар жасап отырады (ауызекі тіл және жазбаша тіл, тыңдай білу дағдылары), Өз ойларын еркін жеткізе біледі</p> <p>Пәнге сәйкес келетін лексика және терминология: Өндіріс ресурстары (табиғи, материалдық, еңбек, ақпараттық, қаржылық), өндіріс факторлары (жер, капитал, еңбек, кәсіпкерлік қабілет, ақпарат)</p> <p>Диалог және жазба жасауға арналған сөйлем жинағы: Менің ойымша....., мен келісемін, мен.....келіспеймін.</p>
Құндылықтарға баулу	<p>Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі барлық құндылықтар – сыйластық, достық, толеранттылық, махаббат және өзара көмек, көмек беруге дайындылық.</p>
Пән аралық байланыстар	<p>Экономика. Риторика. Математика, География, Тарих</p>
Алдыңғы білім	<p>Өндіріс ресурстары (табиғи, материалдық, еңбек, ақпараттық, қаржылық), өндіріс факторлары (жер, капитал, еңбек, кәсіпкерлік қабілет, ақпарат)</p>

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс – әрекеттер	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 2 мин.</p>	<p>8. Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - оқу үрдісінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. <p>«Көңіл - күй неге ұқсас» ойыны</p> <p>Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл - күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін айтып береді. «Менің қазіргі көңіл - күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?».</p> <p>Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді. Ойынның сонында жауаптар қорытындыланады, бүгінгі шеңберіміздегі балалардың көңіл - күйі қандай екен: қайғылы, көңілді, күлкілі, ашулы т. б. Жауаптардың қорытындысын шығарған кезде, жағымсыз ауа райы, суық, жанбыр, түнерген аспан сияқты элементтері агрессивті, қобалжу күйлердің көрсеткіштеріне назар аударыңыз.</p> <p>Сабақтың мақсаты мен тақырыбын анықтау</p> <p>«Egg Drop» ойыны</p> <p>Ойын барысында оқушылар ресурстарды дұрыс пайдаланудың қаншалықты маңызды</p>	<p>«Көңіл - күй неге ұқсас» ойыны</p>

<p>Сабақтың ортасы 30 минут</p>	<p>екенін түсінеді. Ойынды бастау сәті кезінде олардың жетістікке жету мүмкіндіктері бірдей болады. Олардың өздеріне тиесілі материалдық және адами ресурстарды дұрыс пайдалана білуі ғана олардың тапсырманы қаншалықты сәтті орындай алатындығын көрсетеді</p> <p><i>Ойын ережесі</i></p> <p>Оқушылар өздерінде бар виртуалды ақшаны (5000 алтын) пайдалана отырып, болашақта қажет болатын ресурстарды сатып алуы керек. Сатып алынған ресурстарды пайдаланып, жұмыртқаны адам бойымен бірдей биіктіктен тастаған кезде жарылып қалмайтындай етіп құрылым жасау қажет</p> <p>Ресурстар</p> <p>Бастапқы капитал: 5000 алтын. Ресурстар бағасы: скотч 1 м – 1000 алтын, қағаз құжаттарды сақтауға арналған файл – 800 алтын, пластикалық түтікше – 300 алтын, кеңсе өшіргіші – 100 алтын және жұмыртқа.</p> <p>Топ көлемі 4-5 адамнан тұратын топтар. Команданың әр қатысушысында әртүрлі құзыреттіліктері бар топтарды қалыптастыруға тырысыңыз.</p> <p><i>Ойын барысы</i></p> <p>1. Әр командаға ресурстар сатып ала алатындай етіп қолдан салынған банкнот түріндегі виртуалды 5000 алтыннан үлестіріледі (немесе оларға жаратуға арналған 5000 алтыны бар екені туралы ауызша айтылады). Қандай ресурстар қажет болатыны жайлы кеңесу үшін 7 минут берілетінін оқушыларға түсіндіріңіз.</p> <p>2. Енді, әр команда өз құрамасының ішінен басқа командаға ауысатын бір қатысушыны таңдайды. Сол себепті әр командада жаңа ойыншы пайда болады. Сөйтіп оқушыларға кез келген өндіріс үшін ең маңызды ресурс, яғни адам капиталын қайта қарастыру үшін 3 минут уақыт беріледі.</p> <p>3. Енді оқушылар өз құрылымын жасауға кірісе алады. Құрылым жасау барысында оқушыларға көмектеспеген дұрыс. Егер оқушылар жұмыртқаны файлға салуды ұйғарса, онда ол сынып бөлмесіне шашылмайды. Ал егер олар басқа тәсілді қолданатын болса, онда сізге 10 минуттық ойынның нәтижесінде сыныптың тазалығын қалай сақтау керектігі туралы ойланғаныңыз жөн.</p> <p>4. Жұмыртқаға арналған құрылымдар дайын болған соң, сіз жұмыртқаны әр құрылымда өз бойыңызбен бірдей биіктіктен лақтырасыз – 5 минут.</p> <p>5. Өткен сабақтардың теориясына сүйене отырып қорытынды жасаңыз – 15 минут.</p>	<p>«Ми шабуылы». Сабақ презентациясы</p> <p>10 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы. Авторлары; Е.С. Дуйсеханов, С.А. Щеглов, Д.Ханин, А.А. Сейтенова. 1-бөлім</p> <p>Әр командаға арналған ресурстар: 1 жұмыртқа, 5000 алтын (виртуалды, сонымен қатар белгіленген құны көрсетілген қолдан салынған банкнот түрінде болуы да мүмкін), таңдауына қарай ресурстар, скотч, қағазқұжаттарды сақтауға арналған ашық файл, сусындарға арналған пластикалық</p>
-------------------------------------	---	---

		түтікшелер, кеңсе өшіргіштері
Сабақтың соңы 10 мин	Егер сіз тапсырманы орындай алсаңыз — сізді құттықтаймыз! Сіз – тамаша командасыз, және сіздің табысыңыз – ол сіздің ұйымшылдығыңыздың және барлық қолда бар ресурстарды шебер пайдаланудың жемісі. Егер сіздің жұмыртқаңыз жарылып қалса – көңіліңізді түсірмеңіз және қайта ойыннан қандай тұжырым алуға болатынын ойланыңыз. Сіздің қатеңіз неде болды? Сізде екінші мүмкіндік болғанда, сіз оны қалай түзетер едіңіз? Сіз командалық жұмысыңызды басқаша ұйымдастырар ма едіңіз? Оқулық бойынша оқушыларға төмендегі сұрақтарды қойыңыз: 1. Берілген жұмыртқа немесе 5000 алтын нені білдіреді? 2. Ойын барысында командаңыздағы әр ойыншының өзіндік құзыреттілігінің қаншалықты маңызды рөлі болғаны туралы ойлаңыз? Ойын барысында командалар не себепті ойыншылармен алмасты? Одан қандай қорытынды шығардыңыз? 3. Сабақты қорытындылаңыз: тапсырмадан қандай нәтиже шығардыңыз? 4. Келешекте сіз алынған нәтижелерді пайдалана аласыз ба? Қалай?	
Рефлексия	«Алақан» әдісі арқылы Бас бармақ– керемет әрі қызықты болды...! Екінші бармақ– осыған көңіл бөлуім керек.... Ортаңғы бармақ– менің ұсынысым... Төртінші бармақ– топта бірлескен жұмыс... Кішкентай бармақ– маған жеткіліксіз болды...	
Саралау- Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникаларын қадағалау
1. Диалог құра отырып оқыту 2. Топтардағы жұмыс 3. Жаңа ақпарат көздерімен жұмыс жасау бойынша саралау жаңа материалды игеру кезеңінде жүргізіледі.4.Әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды оқушыларға ұсынылатын сабақты бекіту кезеңінде саралау жүргізіледі. Топтарда әр оқушыға рөл	Бағалау формасы «Ду қол шапалақ», «Лайк» (👍). Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, ұжымдық бағалау Белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау. Оқушыларды ынталандыру.	Денсаулық сақтаушы технологиясы Физминуттар қолдану. Белсенді іс-әрекет түрлері. Қауіпсіздік техникасы тәртібі.


беру, топ ішінде әр оқушының белсенділік танытуын, өзара көмек және өзара қолдау жасауға дайындығын болжайды		
--	--	--

Сабақ жоспары

Бөлім «Әрекеттегі маркетинг»	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мақсатты аудитория, сегменттеу.	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	10.3.5.1 тұтынушыны сегменттеудің мәні мен қағидаларын түсінеді; 10.3.5.2 белгілі бір мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін анықтайды.	
Сабақтың мақсаты	- Мақсатты аудитория қажеттілігін анықтау үшін сегментация туралы алған білімдерін тәжірибеде қолдануды үйрену.	
Бағалау критерийі (Күтілетін деңгейлік нәтижелер)	<p>Барлық оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұтынушыны сегменттеудің мәні мен қағидаларын түсінеді; - белгілі бір мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін анықтай алады <p>Оқушылардың көбісі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз өнімі бойынша мақсатты тұтынушы профилін толтыра алады; - кестеден өнімді сегменттеу үшін маңызды деп санайтын критерийлерді таңдай алады, таңдауын түсіндіре алады - өнімге қолайлы сегменттеу стратегиясын таңдай алады (біріктірілген, сараланған немесе концентрацияланған). - өз өніміне сүйенетін сегментті таңдай алады, таңдалған сегменттің тартымдылығын бағалауды келесі критерийлерге сәйкес жүргізе біледі. <p>Оқушылардың кейбірі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз тұжырымдамалары мен қорытындыларын негіздей алады. 	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар жұмыс барысында қысқа мазмұнды жазбалар жасап отырады (ауызекі тіл және жазбаша тіл, тыңдай білу дағдылары)</p> <p>Пәнге сәйкес келетін лексика және терминология: Мақсатты аудитория, сегмент, сегментация, нарық сегментациясы, дискрипторлар, мұқтаждық, қажеттілік, мақсатты тұтынушы профилі</p> <p>Диалог және жазба жасауға арналған сөйлем жинағы: Менің ойымша.....; мен..... келісемін; мен.....келіспеймін.</p>	

Құндылықтарға баулу	Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі барлық құндылықтар – сыйластық, достық, толеранттылық, махаббат және өзара көмек, көмек беріге дайындылық
Пән аралық байланыстар	Экономика. Риторика. Математика, География, Тарих

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс –әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 6 мин.	<p>Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұғалім оқушыларды оқу іс-әрекетіне және жаңа білімді меңгеруге дайындайды; - оқу үрдісінде мотивация беруге жағдай қалыптастырады. <p>«Мақсаттар ағашы»</p> <p>Ватман (флипчарт) бетінде ағаш бейнеленген</p> <p>Әрбір оқушы жасыл түсті жапырақтарды оналастырады. Жапырақтың бір жағына өзінің жеке мақсатын жазады (нені білгім, нені түсінгім келеді, осы тақырып бойынша қандай ақпараттарды алуға болады).</p>  <p>Бүгінгі сабақта барысында сіздер табандылық, белсенділік танытып, бір – біріңізбен жақсы қарым-қатынаста болсаңыздар, сабақ табысты деңгейде өтеді деп үміттенемін!</p> <p>Сабақтың мақсаты мен тақырыбын анықтау</p> <p>Өткен сабақта сіздер мақсатты аудиторияның және нарықты сегменттеудің не екенін, сонымен қатар сегменттеуді қалай жүргізу керегін және ол үшін қандай стратегияларды қолдану қажеттігін біл. Осы сабақта өзіңіз таңдаған өнімге тәжірибе барысында сегмент жүргізе аласыз.</p> <p>1. Төменде келтірілген белгілерге сәйкес өзіңіздің өніміңіз бойынша мақсатты тұтынушы профилін толтырыңыз. Сонымен қатар өзіңіз маңызды деп санайтын, зерттеуіңіздің барысында анықталған белгілеріңізді де қоссаңыз болады.</p>	<p>«Мақсаттар ағашы» ойыны.</p> <p>Ватман немесе флипчарт . жасыл түсті жапырақтар</p>

<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<table border="1" data-bbox="488 174 1126 734"> <tr> <td>Мақсатты тұтынушы ПРОФИЛІ ӨНІМ _____</td> <td>ӨЗІҢІЗДІҢ КӨРГҢІЗ КЕЛЕТІН МАҚСАТТЫ ТҰТЫНУШЫҢЫЗДЫҢ БЕЙНЕСІН СИПАТТАҢЫЗ</td> </tr> <tr><td>Жынысы</td><td></td></tr> <tr><td>Жасы</td><td></td></tr> <tr><td>Отбасы</td><td></td></tr> <tr><td>Балалары</td><td></td></tr> <tr><td>Стилі / өмір сүру салты / қызығушылықтары</td><td></td></tr> <tr><td>Кірісі</td><td></td></tr> <tr><td>Тұрғылықты мекенжайы (өңір, қала, ауылдық округ)</td><td></td></tr> <tr><td>Мамандығы</td><td></td></tr> <tr><td>Сатып алу жиілігі</td><td></td></tr> <tr><td>Жеке құндылықтары</td><td></td></tr> <tr><td>Өмірлік қызығушылығы</td><td></td></tr> <tr><td>Өнімнен не күтеді</td><td></td></tr> <tr><td>Қосымша критерийлер:</td><td></td></tr> </table> <p>2. Кестеден өнімді сегменттеу үшін маңызды деп санайтын критерийлерді таңдаңыз. Таңдауыңызды түсіндіріңіз.</p> <p>3. Өнімге қолайлы сегменттеу стратегиясын таңдаңыз (біріктірілген, сараланған немесе концентрацияланған). Стратегияны таңдауыңызды дәлелдеңіз.</p> <p>4. Сонымен сіздің өніміңіз сүйенетін сегментті таңдай аласыз. Ол қандай сегмент?</p> <p>5. Таңдалған сегменттің тартымдылығын бағалауды келесі критерийлерге сәйкес жүргізіңіз.</p> <table border="1" data-bbox="488 1218 1163 1626"> <tr> <td> <p>Сыйымдылық</p> <p>1. Болашақ сатылымдарды бағалау үшін таңдалған сегментті өлшей аласыз ба? Оның мөлшерін және сату көлемін көрсетіңіз.</p> <p>2. Одан әрі өсе түсуге әлеуеті бар ма? Мұны қалай түсінесіз?</p> </td> <td></td> </tr> <tr> <td> <p>Қолжетімділік</p> <p>1. Компания таратушы арналарға (дүкен, тұтынушыларға өнімге баратын орындар және т. б.) қол жеткізе ала ма?</p> </td> <td></td> </tr> <tr> <td> <p>Тұрақтылық</p> <p>1. Таңдалған сегмент тұрақты ма? Оның артықшылықтары жылдам өзгере ме?</p> </td> <td></td> </tr> </table>	Мақсатты тұтынушы ПРОФИЛІ ӨНІМ _____	ӨЗІҢІЗДІҢ КӨРГҢІЗ КЕЛЕТІН МАҚСАТТЫ ТҰТЫНУШЫҢЫЗДЫҢ БЕЙНЕСІН СИПАТТАҢЫЗ	Жынысы		Жасы		Отбасы		Балалары		Стилі / өмір сүру салты / қызығушылықтары		Кірісі		Тұрғылықты мекенжайы (өңір, қала, ауылдық округ)		Мамандығы		Сатып алу жиілігі		Жеке құндылықтары		Өмірлік қызығушылығы		Өнімнен не күтеді		Қосымша критерийлер:		<p>Сыйымдылық</p> <p>1. Болашақ сатылымдарды бағалау үшін таңдалған сегментті өлшей аласыз ба? Оның мөлшерін және сату көлемін көрсетіңіз.</p> <p>2. Одан әрі өсе түсуге әлеуеті бар ма? Мұны қалай түсінесіз?</p>		<p>Қолжетімділік</p> <p>1. Компания таратушы арналарға (дүкен, тұтынушыларға өнімге баратын орындар және т. б.) қол жеткізе ала ма?</p>		<p>Тұрақтылық</p> <p>1. Таңдалған сегмент тұрақты ма? Оның артықшылықтары жылдам өзгере ме?</p>		<p>«Ми шабуылы».</p> <p>Сабақ презентациясы</p> <p>10 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы.</p> <p>Авторлары; Е.С. Дуйсеханов, С.А. Щеглов, Д.Ханин, А.А. Сейтенова.</p> <p>2-бөлім</p>
Мақсатты тұтынушы ПРОФИЛІ ӨНІМ _____	ӨЗІҢІЗДІҢ КӨРГҢІЗ КЕЛЕТІН МАҚСАТТЫ ТҰТЫНУШЫҢЫЗДЫҢ БЕЙНЕСІН СИПАТТАҢЫЗ																																			
Жынысы																																				
Жасы																																				
Отбасы																																				
Балалары																																				
Стилі / өмір сүру салты / қызығушылықтары																																				
Кірісі																																				
Тұрғылықты мекенжайы (өңір, қала, ауылдық округ)																																				
Мамандығы																																				
Сатып алу жиілігі																																				
Жеке құндылықтары																																				
Өмірлік қызығушылығы																																				
Өнімнен не күтеді																																				
Қосымша критерийлер:																																				
<p>Сыйымдылық</p> <p>1. Болашақ сатылымдарды бағалау үшін таңдалған сегментті өлшей аласыз ба? Оның мөлшерін және сату көлемін көрсетіңіз.</p> <p>2. Одан әрі өсе түсуге әлеуеті бар ма? Мұны қалай түсінесіз?</p>																																				
<p>Қолжетімділік</p> <p>1. Компания таратушы арналарға (дүкен, тұтынушыларға өнімге баратын орындар және т. б.) қол жеткізе ала ма?</p>																																				
<p>Тұрақтылық</p> <p>1. Таңдалған сегмент тұрақты ма? Оның артықшылықтары жылдам өзгере ме?</p>																																				
<p>Сабақтың соңы 10 мин</p>	<p>Отандық өндірушінің өнім жобасын жасауға қатысты оқушыларға аталған өнім тұтынушысының сегментациясын барынша жасау ұсынылады. Аяқталу формасы – өнім атауы және өндіруші #хэштегі жазылған ғаламтордағы пост.</p>																																			
<p>Рефлексия</p>	<p>Сабақтың соңында оқушылар өзінің мақсатына толық немесе жартылай жеткен, жетпегендігі жөнінде жазады.</p>	<p>Ватман немесе флипчарт . жасыл түсті жапырақтар</p>																																		

Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникаларын қадағалау
Материалды талқылау барысында оқушыларды бақылау. Оқушылардың толық және дәйекті жауаптарын есепке алу, үлгерімі нашар оқушылар өздерінің білімдерін және материалды түсінгендерін көрсетулері қажет, ал үлгерімі жоғары оқушылар тәуелсіз түрде толық және дәйекті жауаптар береді, сонымен қатар материалды талдау барысында көбірек дәлелдер келтіреді. Оқушылардың білімдерін кеңейтуге арналған қосымша білім көздерін пайдалануға мүмкіндік беру.	Сабақ барысында өзін-өзі бағалауды және өзара бағалауды ұйымдастыру. Оқушылар дескрипторлар бойынша бағалау жүргізеді. Мұғалім де бағалайды және кері байланыс жасайды. Сабақ соңында мұғалім оқушыларға олар сабақтың мақсатына жеткендігін, не жетпегендігін айтады	Сабақ барысында оқушылардың қауіпсіздігін бақылау.

Сабақ жоспары

Бөлім. Стартап-акселератор	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
11 сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Стартаптардағы пайда арналары	
Оқу мақсаттары	11.1.7.1 АВ-тест, пайда түсімі арналарының мәнін түсіну; 11.1.7.2 кіріс құрылымын талдау; 11.1.7.3 оқу-ойын жағдайында АВ-тестіні талдау мақсатында қолдану	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - А/Б тестілеуді үйренеді - А/Б тестілеуді өз стартапына қолданады 	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - А/Б тестілеуді біледі - А/Б тестілеуді қолдана алады 	
Тілдік мақсаттар	Лексика мен терминология: А/Б тестілеу Диалог құруға арналған сөз тіркестері: <i>А/Б тестілеу жүргізу үшін мыналар қажет...</i>	
Құндылықтарға баулу	«Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына негізделген құндылықтар: қазақстандық патриотизм	

	және азаматтық жауапкер-шілік; ұлттық сана; прагматизм; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу; бәсекелік қабілет. Сабақ барысында оқушылар бір-бірін тыңдауды және басқа оқушылардың пікірін құрметтеуді; өз бетінше тұжырым жасауды; алған білімдерін шынайы өмірмен салыстыруды үйренеді. Олар өздерінің әлсіз және күшті жақтарын айқындауды және бірін-бірі толықтыра отырып басқа адамдармен әрекеттестік жасауды үйренеді.	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет: өз пікірін жеткізе білу. Өзін-өзі тану: өзара сыйластық, лидерлік қасиеттер және т.б. таныту. Маркетинг. Дизайн-ойлау. Экономика. Қаржы.	
АКТ пайдалану	Интерактивті тақтаны және интернет ресурстарды пайдалану.	
Алдыңғы тақырыптар	Бизнес-модель канвасы, маңызды құндылықты анықтау. Бизнес-жоспардың құрылымы. Стартап-жобалардағы маркетинг. Стартап-жобалардағы коммуникация арналары. Тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік	
Сабақтың кезеңдері	Сабақтың барысы	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Мұғалім оқушылармен амандасып, осы сабақта олардың тоқсанды аяқтайтынын және тоқсан бойы өздері ментормен және топтарда пысықтаған бизнес-модель бойынша қорытынды шығаратындарын хабарлайды. Әрбір сегментке сату үшін өз идеяларын сынайтын уақыт келді. Бұған дейін біз қандай клиентке және қандай проблеманы шешу немесе қандай қызметті ұсыну релевантты болады деп болжадық. Бірақ енді клиентке «шығу» керек және одан қандай өнім қызықтырады деп тікелей сұрау керек. Осылайша, біз өз өнімдерімізді сынауға тиіспіз.	Оқулық
5 минут	Оқушылар А/Б тестілеу туралы мысалдарды талдаумен және теориялық бөліммен танысады. Олардың басты меңгеретіндері: А / Б тестілеу үлкен мүмкіндіктер ашады. Ең бастысы, ол сіздің клиенттеріңіздің талғамы мен қалауы туралы тегін білуге мүмкіндік береді. А/Б тестілеу туралы сөз болғанда, жаман нәтиже – бұл да нәтиже. Тым болмағанда тұтынушыларға «А» нұсқасы ұнамайтынын білесіз. Мүмкін, «А» және «Б» нұсқаларымен бірге – «В» нұсқасын әзірлейтін шығарсыздар немесе ешкімге қажеті жоқ тауарды немесе қызметті өндіруден бас тартып, басқа нәрсемен айналысарсыз. А/Б тестілеу жүргізу үшін 1) нақты гипотеза құру және 2) табыстың баға көрсеткіштерін таңдау қажет. Бұл жерде оқушылармен өз стартаптарына қандай көрсеткіштер ала	
		Оқулық

<p>Сабақ ортасы 10 минут</p>	<p>алатынын талқылау керек. Тестілеу қандай артықшылықтар береді? Ол неге тікелей әсер етеді?</p> <p>А/Б тестілеуді олардың стартапының операциялық қызметіндегі кез келген өзгеріске, пайдаланушылардың «дейін» және «кейін» жағдайына реакциясын салыстыру қажет болғанда қолдануға болатынын тағы да атап өту керек.</p>	
<p>20 минут</p>	<p>Бірінші тоқсанның қорытындысын мұғалім оқушылармен бірге талдап, шығарады. Ол үшін оқушыларға командаларды жинап, мына сұрақтарға жауап беруді мұғалім ұсынады:</p> <p>1) қазіргі таңда сіздің жобаңыз қандай сатыда, осы тоқсанда үшін оны іске асыруда қаншалықты алға жылжыдыңыз?</p> <p>2) сіздің жобаңыз туралы ментор сізге не деді? Оның ұсыныстарын қалай пайдаланасыз?</p> <p>3) сіз өз нәтижелеріңізге қанағаттанасыз ба? Екінші тоқсанда сіз нені өзгертер едіңіз?</p> <p>Егер басқа топтарда сұрақтар болса, барлық топтарды тыңдаңыз, пікір алмасуға мүмкіндік беріңіз.</p>	
<p>Сабақ соңы</p>	<p>2-тапсырма</p> <p>1) өз өніміңіз немесе қызметіңіз үшін MVP-дің кем дегенде екі нұсқасын әзірлеңіз.</p> <p>Егер сіз нақты өнім өндірсеңіз, кем дегенде, осы өнімнің екі түрін жасаңыз (біз талқылаған таяқшадағы және таяқшасыз мұз кәмпит). Егер сіз әзірше өнімді өзіңіз жасай алмасаңыз, Instagram-да екі шот жасаңыз немесе сіздің өніміңізді немесе қызметіңізді жарнамалайтын екі түрлі плакат жасаңыз.</p> <p>2) Сіздің стартап үшін негізгі арналар, сондай-ақ өз клиенттеріңіздің аватарлары ретінде қандай арналарды анықтағаныңызды еске түсіріңіз және осы арналар арқылы сіздің өніміңіздің екі нұсқасын көрсетіңіз.</p> <p>3) Өз өніміңіздің нұсқаларының табыстылығын немесе сәтсіздігін бағалайтын критерийлерді анықтаңыз. Мысалы, сізден «Б» өніміне қарағанда «А» өнімін көбірек сатып алды; немесе Instagram-да сіздің парақшаңызда «А» парақшасына «Б» парақшасына қарағанда көбірек лайк қойды; немесе «Б» өніміне қарағанда «А» өнімі туралы сұрау үшін көбірек хабарласты; немесе сіздің «А» плакатыңыз «Б» плакатына қарағанда пайдаланушылардың көбірек санына ұнады және т.б.</p> <p>4) Аналитикалық деректерді жинаңыз және әлеуетті клиенттеріңізге өнімнің қай нұсқасы көбірек ұнайтыны туралы қорытынды жасаңыз.</p> <p>Мұғалім 3-тармаққа назар аудартып, бір топтың өз критерийлерін айтып беруін және оның үлгісімен қалай жұмыс істейтінін тағы да бір рет түсіндіруіне болады.</p>	<p>Оқулық, толтыруға арналған шаблондар</p>

Рефлексия	<p>Оқушылар өз біліктерін мақсатқа сәйкестендіреді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мен қиналдым - Мен түсінбедім - Мен білдім, үйрендім 	
<p>Сараланған оқыту. Сіз оқушыларға қосымша қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?</p>	Бағалау	Қауіпсіздік ережесі
<p>Материалды талқылау кезін- де оқушыларды бақылау. Оқушылардың бәрі материалды білетінін, түсінетінін көрсете алуы керек, ал мотивациясы жоғары оқушылар дербес толық және дәйекті жауап береді, сондай-ақ материалды сараптау кезінде көп дәлел келтіреді. Оқушылардың білімін кеңейту мақсатында қосымша білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндігін ұсынады. Нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижеге бағытталған тапсыр- маларды таңдау жүзеге асырылады. Оқушының жеке қасиеттерін ескере отырып оқу материалы мен ресурстарын таңдауда жеке қолдау көрсетіледі (Гарднер бойынша алуан түрлі интеллекті теориясы). Дифференциация - сабақтың кез келген кезеңінде уақытты тиімді пайдалануды ескере отырып қолданылуы мүмкін..</p>	<p>Сабақ барысында өзін-өзі бағалауды және өзара бағалауды ұйымдастыру. Оқушылар дескрипторлар бойынша бағалау жүргізеді. Мұғалім де бағалайды және кері байланыс жасайды. Дескрипторлар: - табыс арнасы, АВ- тестінің мәнін түсіне алады. - кіріс құрылымын сараптай алады. - оқу-ойын ситуацияларын сараптау мақсатында АВ-тестті қолдана алады.</p>	<p>Сабақ барысында оқушылардың қауіпсіздігін бақылау. Оқушыларды тапсырма орындау барысында олардың денсаулығын сақтауға көмек болатын қарапайым шарттарға үйрету</p>
<p>Рефлексия Сабақтың мақсатына/оқу мақсаттарына жеттіңіз бе? Бүгін балалар не үйренді?</p>	<p>Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар: 1. «Презентация» дегеніміз не? 2. Презентация кезінде тыңдаушылар қандай жағдайды бастан өткереді?</p>	

<p>Оқу аясы қандай болды? Сараланған оқу болды ма? Уақытты тиімді пайдалана алдыңыз ба? Жоспарға қандай өзгерістер және неліктен енгізілді?</p>	<p>3. Презентацияға қалай дайындалу керек? Презентацияға дайындаудың қандай әдістерін білесіз? Олардың әрқайсысының ерекшелігі неде? 4. Аудиторияға қалай әсер етуге болады? 5. Бірінші тоқсанда жасаған бірінші презентациямен салыстырғанда соңғы презентация көлемі қалай өзгерді? 6. Сіз жеке өмір стратегияңызды таныстыра алдыңыз ба? Презентациядан кейін қандай қорытынды жасай аласыз?</p>
---	---

3.3 «Есептелінді/есептелінген жоқ» қою бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Формативті бағалау пәнді оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және оқу процесінде оларға қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Тоқсан мен оқу жылының соңында «есептелді» /«есептелген жоқ» қойылады.

10 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша сынақ қою талаптары: [22]

1-тоқсан. *«Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»*. Оқушылар:

- «Дара кәсіпкер», «бизнесмен», «қажеттілік», «игілік» түсініктерін түсінеді;

- Кәсіпкерлік негіздерінің пәнін, мақсаттары мен міндеттерін түсінеді;

- Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің тарихын талдай біледі;

- Экономикадағы кәсіпкерліктің мағынасын түсінеді;

- Микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылықты түсінеді;

- Кәсіпкерлікті жеке мотивация мен өзін-өзі іске асыру формасы ретінде қарастырады;

- Кәсіпкер біліктілігі ретінде идеяның қалыптасу маңызын бағалайды;

- Бизнес-идеяны қалыптастыру құралын қолданады;

- Тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторларды біледі;

- Тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлар арасындағы айырмашылықты түсінеді;

- Сұраныс пен ұсыныс заңдарын түсінеді;

- Сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін факторларды біледі;

- Нарықта тепе-теңдіктің қалыптасуы, артықшылық пен тапшылықты біледі;

- Негізгі факторлардың өзгерісіне нарықтың бейімделу үрдісі ретінде сұраныс пен ұсыныс икемділігін түсінеді.

2-тоқсан. *«Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік»*. Оқушылар:

- Экономикалық құбылыс ретінде кәсіпкерлікті талдайды;

- Заманауи жағдайларда кәсіпкерліктің даму факторларын біледі;

- Кәсіпкерлік қызмет түрлерін ажырата біледі;
- Мемлекет экономикасындағы, соның ішінде Қазақстандағы шағын және орта бизнестің рөлін түсінеді;
- Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын ажырата біледі
- Стартап түсінігін сипаттайды;
- Стартап пен жұмыс істеп тұрған бизнестің айырмашылығын біледі;
- Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуындағы географиялық-аймақтық ерекшеліктерін түсінеді;
- Қазақстандағы кәсіпкерліктің заманауи тенденцияларын танып біледі;
- Кәсіпкерліктің трендтерінің болашақ кезеңдеріндегі болжамын талдайды;
- Баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік мысалдарын сипаттайды;
- Бәсекелестік стратегиясы мен бәсекелестер түрлерін сипаттайды;
- Баға бойынша және бағалық емес бәсекені қолданудың тиімділігін бағалауды жасайды;
- Экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәнін түсінеді;
- Бағаны қалыптастырудың құрылымын сипаттайды;
- Баға саясатының мәнін түсінеді;
- Баға стратегияларын ажыратады.

3-тоқсан. *«Әрекеттегі маркетинг»*. Оқушылар:

- Маркетинг және оның қызметін түсіндіреді;
- Өнім мен кәсіпорынның маркетингілік стратегиясын ажыратады;
- 4P, 4C, маркетинг-микс құрамын түсінеді;
- 4P, 4C, қолдану форматын ажыратады;
- Кабинеттік және далалық зерттеулердің айырмашылығын біледі;
- Кабинеттік және далалық зерттеу әдістемесін қолданады;
- SWOT талдаудың тағайындалуын түсіну;
- Зерттелетін өнімнің күшті және әлсіз жақтарын бағалау кезінде SWOT-талдауды тәжірибеде қолданады;
- Тұтынушыны сегменттеудің мәні мен қағидаларын түсінеді;
- Белгілі бір мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін анықтайды;
- Брендтің негізгі құраушыларын біледі;
- Брендтің сипаттамалық және шығармашылық жағын ажыратады;
- Брендінің платформасын сипаттау үшін дағдыларды қолданады;
- ATL, BTL маркетингілік коммуникациялар кешенін ажыратады;
- ATL, BTL арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады;
- Сандық маркетингтің мәнін түсінеді;
- Сандық маркетинг арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады.

4-тоқсан. *«Ойлау дизайны»*. Оқушылар:

- Ойлау дизайнының мәнін түсінеді;

- Ойлау-дизайны қай жерде қолдануға болатынын түсінеді;
- Ойлау-дизайны тәсілдерін бизнес-идеяларды іздестіру мен бизнес-үдерістерді ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерімен салыстырғандағы артықшылықтарын салыстырады;
- Жобаға тікелей немесе жанама әсер ететін тұтынушылар тобын анықтай біледі;
- Эмпатия қағидаларын түсінеді және тәжірибеде қолдана біледі;
- Сұхбат жасай білу және ондағы сұрақтар кезектілігін дұрыс ұйымдастыра алады
- Мәселені дұрыс айқындап және сипаттай біледі;
- Сұхбаттан алынған ең маңызды тұжырымдарды анықтайды;
- Ақпараттың маңызды сәттерін бөледі және оларды ары қарай қолдану үшін тиімді рәсімдей алады;
- Сұхбат кезінде алынған ақпаратты топтайды;
- Брейнсторминг қағидалары мен қажеттілігін түсінеді;
- Брейнстормингті жүргізу ережелері мен оларды сақтап, орындай алуды біледі;
- Брейнсторминг кезеңдерін білу және кезеңдерін сақтап, айтылған идеяларды жүйелеу және солардың ішінен ең жақсысын таңдайды;
- Прототип жасауды түсінеді және қағидаларын түсіндіреді;
- Прототип жасаудың негізгі әдістерін біледі және қолдана алуды үйренеді;
- Адамға бағытталған дизайн үшін тестілеудің маңызын түсінеді;
- Шешім қабылдау кезінде кері байланыстың маңызын және эмпатияны тереңірек дамыту мүмкіндігін түсінеді;
- Тәжірибеде алынған идеяларды қолдану мүмкіндігін бағалайды;
- Жасалынған жұмыс үдерісін сипаттау үшін сторителлинг қағидаларын түсінеді;
- Ойлау-дизайнымен жұмыс жасау кезінде алынған барлық білімдерді талдау, тұжырымдар жасау және болашақта берілген қағидаларды қолдана алатындығын дәлелдейді.

11 сыныпқа арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша сынақ қоюға арналған талаптар:

1-тоқсан. «Стартап акселератор (1)». Оқушылар:

- Кәсіпкер (стартапшы) үшін питчингтің мәні мен мағынасын түсінеді;
- Оқу-ойын жағдайында өз идеяларын іске асыру үшін питчинг дағдыларын қолданады;
- Команда мүшелері арасындағы рөлдерді анықтайды;
- Оқу-ойын жағдайында командаға қажетті адамдарды тарту үшін шешендік өнер дағдыларын қолданады;
- Бизнес модель түсінігін сипаттайды;
- Канва бизнес моделінің және бизнес-жоспардың құрылымын түсінеді;
- Оқу-ойын жағдайында өз стартап идеялары үшін маңызды құндылықтарды қалыптастыру дағдыларын қолданады;

- Стартап жоба үшін маркетингтің мәнін түсінеді;
- Тұтынушылар сегменттерін мен олардың қажеттіліктерін, нарық сыйымдылығын талдайды;
- Өміршеңдігі ең төмен өнімнің (MVP) қағидаларын түсінеді;
- Өз стартапында ең аз мөлшерде өнімді сату туралы шешім қабылдайды;
- Тұтынушыға құндылық «Қалай» (қандай арналар нәтижесінде) жеткізіледі? - деген сұраққа жауап береді;
- Қандай да бір коммуникация арналарын таңдау қандай пайда әкелетінін түсіндіреді;
- «Тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік» түсінігін ажыратады;
- Коммуникация каналдары арқылы тұтынушылармен өзара қатынас стратегиясын құрады;
- АВ-тест, пайда түсімі арналарының мәнін түсінеді;
- Кіріс құрылымын талдайды;
- Оқу-ойын жағдайында АВ-тестіні талдау мақсатында қолданады.

2-тоқсан. *«Стартап акселератор (2)»*. Оқушылар:

- Стартаптарда ресурстардың мәні мен маңызын түсінеді;
- Адами, қаржылық, материалдық, интеллектуалды, бизнес ресурстарды ажыратады;
- Стартап үшін аутсорс пен серіктестіктің мәні мен мағынасын түсінеді;
- Серіктестіктің қағидаларын сипаттайды;
- Өз жобасы үшін серіктестер тізімін құру үшін дағдыларын қолданады;
- Операциялық қызметтің мәнін түсінеді;
- Өз стартапында операциялық қызметті анықтау үшін дағдыны қолданады;
- Салық және оның мемлекет үшін маңызын сипаттайды;
- Салық режимдерінің ерекшеліктерін ажырата біледі;
- Шығын құрылымын түсінеді;
- Стартап жобасында шығыс пен кіріс құрылымын талдайды;
- Стартап жобаның инвестициялық тартымдылығын түсінеді;
- Инвесторлардың назарын аудару үшін шешендік өнер (питчинг) дағдыларын қолданады.

3-тоқсан. *«Кәсіпкердің өзін-өзі жетілдіруі»*. Оқушылар:

- Актив және пассив, бюджеттің мәнін түсінеді;
- Кірістер мен шығындарды ажырата біледі;
- ҚР екі деңгейлі банктік жүйені ажыратады;
- Депозиттер мен кредиттің мәнін түсінеді;
- Кредиттік және депозиттік мөлшерлемеге әсер етуші факторы ретіндегі инфляция түсінігін түсінеді;
- Әлемдік ақша бірліктерінің жүйесін сипаттайды;
- Қолма қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ажыратады;
- Депозиттік және кредиттік пайызды есептеуде дағдыларды қолданады;

- Қор нарығының жұмыс механизмін біледі;
- Қор нарығына экономикалық циклдардың әсерін біледі;
- Құнды қағаз түрлерінің айырмашылығын анықтайды;
- Жеке бюджетті басқарудың негізін түсінеді;
- Жеке бюджетті басқару құралдарын қолданады;
- Өзін-өзі алға жылжыту мәні мен оның құрамын және жеке брендингті түсінеді;
- Құзыреттілік пен біліктіліктің айырмашылығын анықтайды;
- Өз түйіндемесін құру дағдыларын қолданады;
- Оқу-ойын жағдайында жұмысқа орналасуда өзін-өзі дамыту дағдыларын қолданады;
- Адамдармен сенімді және ұзақ мерзімді қатынастың маңызы және өзара көмектесу қажеттігін түсінеді;
- Өз мәселесін шешу үшін екі жақты іс-әрекеттің кәсіби потенциалын пайдалану мүмкіндігін өз көзқарасымен суреттейді;
- Кәсіпкер үшін келіссөздердің маңызын түсінеді;
- Оқу-ойын жағдайы шеңберінде оқушылардың өзара қатынасындағы келіссөз дағдыларын қолданады;
- Эмоционалды интеллект мәні мен мағынасын түсінеді;
- Эмоционалды интеллектіні басқарудың көмегімен өз мақсаттарына жету мүмкіндіктерін зерттейді;
- Тайм-менеджментінің мәні мен мағынасын түсінеді;
- Өз тиімділігін арттыру мақсатында уақытты басқару дағдыларын қолданады.

4-тоқсан. *«Даму стратегиясы»*. Оқушылар:

- Бизнестің ауқымын кеңейту және оның мәнін түсінеді;
- Нарық дамуының болжамын талдайды;
- Дамудың базалық стратегияларының мәнін түсінеді;
- Экономикалық өсу, ЖҰӨ, ЖІӨ мәнін түсінеді;
- Бизнес дамуының қарқынды және экстенсивті тәсілдерін танып біледі;
- Сапаны басқару құрамын және оның мәнін түсінеді;
- Кайдзен қағидасын сипаттайды;
- Халықаралық бизнестің мәні мен мағынасын түсінеді;
- Ойындық түрде халықаралық нарыққа Қазақстан өнімдерін шығарудың стратегиясын құруда өзіндік көзқарасты қалыптастыру үшін халықаралық бизнестің аясынан факторларды синтездейді;
- Тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар жиынтығымен танысады;
- Тұтынушылардың құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі;
- Оқу-ойын жағдайында тұтынушылардың құқығын қорғау дағдыларын қолданады;
- Кәсіпкерлердің құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар кешенімен танысады;
- Кәсіпкерлердің құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі;

- Кәсіпкерлік пен бизнес қолдау институттарын сипаттайды;
- ШОБ-ты мемлекеттік қолдау түрлерін түсінеді;
- Оқу-ойын жағдайында кәсіпкерлердің құқығын қорғау дадыларын қолданады;
- Кәсіпкерлердің экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық жауапкершілік түрлерін танып біледі;
- Мақсатты қоя білудің мәнін түсінеді;
- Мақсатты тиімді қою үшін мақсатты болжау құралын қолданады;
- Дұрыс мақсат қою арқылы жеке мансап стратегиясын құрады;
- Жеке өмір стратегиясын қорғау кезінде шешендік өнер дағдыларын қолданады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқушыларға білім берумен қатар, жеке тұлғаны мамандыққа бағдарлау, жылдам өзгеріп отырған қоғамдық өмірге бейімдеу маңызды екені белгілі.

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің міндеті оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру және ойлау, идея туындата білу, шынайы өмірдегі нақты жағдаяттарды шеше алу, өзіне, отбасына, қоғамға пайдасын тигізе алатын тұлға даярлап шығу мәселесі тұр. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік қызметтің негізгі ұғымдарымен таныстыруды, оқушының бойында кәсіби құзіреттіліктерді дамытуды, сондай-ақ келешекте өз бизнесін құра білу және оны тиімді басқара білуді қарастырады.

Пәнді оқыту барысында кәсіпкерлікке баулудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдану тиімді.

Әдістемелік ұсынымдаманың бірінші «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері тарауында шетелдің бірқатар елдеріндегі, Ресейдегі кәсіпкерліктің дамуы мен жастарды кәсіпкерлікке баулу мәселелерін және олардың мектептеріндегі кәсіпкерлікке оқыту бағдарламаларын зерттей келе, Қазақстандағы отандық кәсіпкерліктің дамуына шолу жасалды. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бағдарламасының ерекшелігі қарастырылды. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бағдарламасында оқу процесі нақты тәжірибеге бағдарланған.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері тарауында мұғалімнің оқу процесінде қолдана алатын әдістемелік ұсынымдар берілген. Шынайы өмірлік жағдаяттарды талдап, шеше білуге жетелейтін оқыту технологиялары, тапсырмалар, жаттығулар, ойындар мен кейстер оқушылардың белсенділігі мен өмірге деген құлшынысын арттырады. Ұсынылған кейстер шынайы өмірден алынған және олардың шешу жолдарына оқушыларды креативті ойлауға жетелейтін сұрақтар берілді. Осы тарауда берілген геймификация әдісі, жоба әдісі, STEM білім беру мен TAMC әдістерін кеңінен қолдану материалды түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, сондай-ақ шынайы жағдаяттарды шешуде оқушылардың бойында өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бейімдейді.

Әдістемелік ұсынымдаманың үшінші тарауында берілген қысқа мерзімді сабақ жоспарлар мен сынақ қою талаптары мұғалімдерге тікелей әдістемелік көмек ретінде ұсынылған. Аталған әдістемелік ұсынымдамада мұғалімдерге «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні мазмұнының ерекшеліктері және оқушыларды болашақта кәсіби бағдарлануға жетелеуге бағыттайтын кейстерді шешу жолдары, геймификация әдісі арқылы нақты шынайы іс-әрекеттерді ұйымдастыруда басшылыққа алатын ұсыныстар берілген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хизрич Р. Предпринимательство, или Как завести собственное дело и добиться успеха. – Предприниматель и предпринимательство. – М.: Прогресс, 1991 ж.
2. «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01 қыркүйек 2020 ж.
3. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері: 11-сынып. Әдістемелік құрал Е. С. Дуйсенханов, С. А. Щеглов– Алматы:«Көкжиек-Горизонт», 2020 г.- 267 б.;
4. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері: 10 сыныпқа арналған оқулық. 1-2 бөлім/Е. С. Дуйсенханов, С. А. Щеглов, Д. Ханин, А. А. Сейтенова. – Алматы:«Көкжиек-Горизонт», 2019 ж.- 1бөлім - 144 с., 2-бөлім – 192 б.
5. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері: Әдістемелік құрал 10-сынып. /Е. С. Дуйсенханов, С. А. Щеглов, Д. Ханин, А. А. Сейтенова. – Алматы:«Көкжиек-Горизонт», 2019 г.- 192 б.
6. Урванцева С.Е., Александрова И.С.Обучение основам предпринимательства в зарубежных школах // - М:Мектептегі экономика 2008 ж.
7. ДонниЭбенштейн. «Силаэмпатии». «Designers — think big!».Тим Браун на TED Talks.«Virtual crash course» от d.school Стэнфордского университета. 2014 ж.
8. Д.В.Акимов., О.В.Дичева. - Экономика дәрістері: Профильный уровень. М.: 2008 ж.
9. Максимов В.П. Учебно-предпринимательская деятельность школьников // пед.наука Дисс–Брянск, 2004 ж.
- 10.Котлер Ф. Триас де Без Ф. Новые маркетинговые технологии. – СПб.: Нева, 2004. 192 б.
- 11.Основы предпринимательства и бизнеса: учебник для 11 класса. 1-2 часть/Е. С. Дуйсенханов, С. А. Щеглов, Д. Ханин, А. А. Гуляева. – Алматы: «Көкжиек-Горизонт», 2020 г.-1 часть-181 с., 2-часть-252 б.
- 12.Остервальдер А. Построение бизнес-моделей. Настольная книга стратега и новатора. – М.: Альпина Паблишер, 2017. – 290 б.
- 13.Мартин Томич. «Придумай. Сделай. Сломай. Повтори. Настольная книга приемов и методов дизайн-мышления». М: Изд.Манн, Иванов и Фербер, 2019 ж.
- 14.Бланк С., Дорф Б. Стартап. Настольная книга основателя. – М.: Альпина Паблишер, 2019. – 615 б.
- 15.Б. З. Зельдович. Әдістемелік құрал «Деловые игры в управлении полиграфическими и издательскими процессами», МГУП, 2011ж
- 16.Галло К. Презентация. Уроки убеждения от лидера Apple Стива Джобса. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2010. – 225 б.
- 17.«СТЕМ-білім берудің әлемде және Қазақстанда дамуы» «Білімді ел» №20 (57), 25.10.2016 ж.
- 18.Тим Браун. «Дизайн-мышление в бизнесе». Жанна Лидтка, Тим Огилви.

«Думай как дизайнер. Дизайн-мышление для менеджеров». М: Изд. Манн, Иванов и Фербер, 2014 ж.

19.Кови С. Семь навыков высокоэффективных людей: Мощные инструменты развития личности. – М.: Альпина Паблишер, 2019. – 375 б.

20.Трейси Б. Выйди из зоны личного комфорта. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. 144 б.

21.Гений А. Высокоэффективный тайм-менеджмент по Матрице Эйзенхауэра. – М.: АСТ, 2016. – 320 б.

22.Қазақстан республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан 2021 ж

23.Оксана Мороз «Дизайн-мышление.». Лаборатория Wonderfull. «Пост Наука» 2019 ж

24.Вэнс Э., Илон М. Tesla, SpaceX и дорога в будущее. – М.: Олимп-Бизнес, 2018. – 480 б.

25.Гений А. Высокоэффективный тайм-менеджмент по Матрице Эйзенхауэра. – М.: АСТ, 2016. – 320 б.

26.Гильбо К. Стартап за \$100. – М.: Миф, Манн, Иванов и Фербер, 2012. – 241 б.

27.Дотлих Д. Тёмная сторона силы. Модели поведения руководителей, которые могут стоять карьеры и бизнеса. – М.: Альпина Паблишер, 2012. – 192 б.

28.Кавасаки Г. Стартап. – М.: Альпина бизнес Букс, 2010. – 350 б.

29.Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және жүйе туралы 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV қаулысымен бекітілген Кодексі

30. «Салықтар және басқа да міндеттер туралы» бюджетке төлемдер Қазақстан Республикасының (Салық кодексі) » 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Кодексі.

31.Кэтлин К., Мэтьюс Дж. Управление стартапом. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2011. 173 б.

32.Михайловиц М. Стартап без бюджета. – М: Манн, Иванов и Фербер, 2011. – 200 б.

33.Остервальдер А. Построение бизнес-моделей. Настольная книга стратега и новатора. – М.: Альпина Паблишер, 2017. – 290 б.

34.Солодар М. Воронка продаж в интернете. Инструмент автоматизации продаж и повышения среднего чека в бизнесе. – М.: Эксмо, 2018. – 180 б.

35. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі №375-V ҚРЗ.

ҚОСЫМША

«Атамекен» ҰКП жобалық тобы «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің жетекші мұғалімдеріне ақпараттық-әдіснамалық қолдау көрсетуде. Оқытушыларды қолдау бойынша кері байланыс (жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар) орнату мақсатында өңірлік WhatsApp чаттары, телеграмм-чат және телеграмм-арна құрылды. Табысты кәсіпкерлермен мұғалімдерге арналған вебинарлар мен қонақтарға арналған дәрістер үнемі өткізіліп тұрады.

Болашақ кәсіпкерлерге тегін білім беру мақсатында Atameken Academy білім беру платформасы құрылды. «Atameken» онлайн платформасында оқушылар мен мұғалімдер үшін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша бейнесабақтар мен қосымша материалдар әзірленді, сондай-ақ «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша 10-сыныпқа және 11-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі барлық сабақтар бойынша қысқа мерзімді жоспарлар әзірленіп, *atameken.co* сайтына орналастырылды.

BilimLand білім беру платформасында 10-11 сыныптарға арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша контент пен тапсырмалар әзірленуде(*onlinemekter.org*).

2020 жылдың 15 наурызынан 30 сәуіріне дейін «Atameken Academy» білім беру платформасында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқитын оқушылар үшін «Атамекен» ҰКП ұйымдастырған «*atamekenstars*» республикалық стартаптар байқауы өткізілді. Қатысушылар оқушыларға арналған кәсіпкерліктің негіздері бойынша интерактивті бейне-сабақтардың онлайн-курстарынан өтіп, «*Atameken Academy*» қауымдастығына өздерінің бизнес-идеяларын таныстырды. «*atameken.co*» сайтында конкурс нәтижелері бойынша берілген 500 жобаның ішіндегі *ТОП-3* ең үздік жобаға ақшалай сыйлықтары бар жүлделі орындар берілді:

Қарағанды облысы Теміртау қаласының №9 лицейінің оқушылары Жунисова Айдана мен Айтбаева Роза «Мектеп ауласындағы жылыжай» топтық жобасы 1 – орынды иеленіп, 150 000 теңге жүлде алды.

«RebellionStreetwear жастар киімінің бренді» топтық жобасымен №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінің оқушысы Байшурин Нұрбахыт, №73 физика-техникалық лицейінің оқушысы Тлеутаев Бексұлтан және Нұр-сұлтан қаласының №3 мектеп-гимназиясының оқушысы Рамазан Рамазан»; 2-орын, 100 000 теңге жүлдеге ие болды.

Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласы, Бөрлі ауданындағы №6 лицей мектебінің оқушысы Балбердинов Азамат «Tiramisu еуропалық стильдегі үй кондитерлік өнімдері» жобасымен 3 – орынмен марапатталып, 50 000 теңге сыйақы алды.

Сондай-ақ, осындай заманауи жобаларға оқушыларды қатыстырып, дайындағаны және бір мектептен бірнеше жобаларды ұсынғаны үшін ең белсенді *ТОП-3* мұғалімдер мақтау қағаздарымен және жүлделі сыйақы ноутбуктермен, сондай-ақ бірқатар мектеп мұғалімдері конкурсқа белсенді

қатысқаны үшін грамоталармен, сертификаттармен марапатталды. Байқау нәтижелерімен *atameken.co* сайтынан танысуға болады.

2020 жылдың 1 қарашасынан бастап «Atameken Academy» білім беру платформасында «Ozgeris» бизнес инкубаторы іске қосылды. Бағдарламаның мақсаты жастарды кәсіпкерлік қызметке тарту үшін ҚР аумағында онлайн бизнес инкубатор ұйымдастыру арқылы кәсіпкерлік саласындағы оқушылардың белсенділігін ынталандыру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

- мектеп оқушылары арасында кәсіпкерлік қызметті насихаттау, кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру;
- мектеп оқушылары мен мұғалімдерін кәсіпкерлік қызмет негіздерін оқуға жаппай тарту;
- перспективалы кәсіпкерлік идеяларды іріктеу;
- бейіндік оқыту, оқушылардың бизнес жүргізу дағдыларын меңгеру;
- нарыққа шығудың жоғары шығындарын еңсеруге мүмкіндік беретін тетіктерді құру (Бағдарламаға қатысушылардың бизнес-жобаларын жүзеге асыруды ресурстық қамтамасыз ету);
- ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерді қолдау.

«Ozgeris» онлайн бизнес инкубаторының қатысушылары келесі мүмкіндіктерге ие болады:

- жұмыс істеп жүрген және әлеуетті кәсіпкерлер үшін авторлық білім беру курсы бойынша оқытудан өту,
- «AtamekenAcademy» қауымдастығына (менторларға және кәсіпкерлерге) өз бизнес-идеяларыңыздың презентациясын көрсету),
- онлайн мастер-кластар мен бизнес-ойындарға қатысу, жобалардың идеядан бастап алғашқы сатылымға дейінгі инкубациясынан өту.

Бағдарламаға Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе білім алатын жоғары сынып оқушылары немесе 15-20 жас аралығындағы жас балалар қатыса алады.

«Ozgeris» онлайн бизнес инкубаторының қатысушыларына қойылатын жалпы талаптар»:

- жасы 15-тен 20 жастағы жастар мен жасөспірімдер;
- бизнес-идеяның болуы;
- ақпаратты беру құралдарының болуы (жеке электрондық пошта және ұялы байланыс, Интернетке қол жеткізу, компьютерді пайдалануға қол жеткізу);
- онлайн бизнес инкубатордың барлық кезеңдерінен өтуге дайын болу және ықылас;
- дербес деректерді өңдеуге және сақтауға келісім.

Бағдарламаға қатысушылардың нысаналы топтары яғни мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне бизнес-жоспар жасау, қаржыландыру, бизнесті тіркеу және ұйымдастыру бойынша кеңес беру болып табылады.

«Ozgeris» онлайн бизнес инкубаторына қатысу шарттары:

1. «*atameken.co*» сайтына «Бизнес идеяны қалай табуға және тексеруге болады» курсына тіркеліп, курстан өту;

2. <https://atameken.co/ru/ozgeris> сайтына бизнес инкубаторға қатысуға өтінім беру;

3. Үздік жобалар іріктеліп алынып, жабық бизнес-инкубатордың келесі кезеңіне өтеді және қаржыландыру мүмкіндігіне ие болады.

Кәсіпкерлік негіздерін оқуға деген қызығушылықты арттыру және ынталандыру үшін 2021 жылы жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған стартап-жобалардың онлайн-конкурсын, республикалық пән олимпиадасын және жазғы кәсіпкерлік лагерін өткізу жоспарлануда.

2020-2021 оқу жылында 3476 мектеп «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін енгізіп, онда 10-11 сыныптың 127 672 оқушысы оқиды. Бұдан біз пәнді оқуға деген қызығушылықтың жоғарылағанын байқауымызға болады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША (10-11-СЫНЫПТАРДА) ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	4
1.1 «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері	4
1.2 Шетелдік мектептерде кәсіпкерлік негіздеріне оқытудың ерекшеліктері	20
2. «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	32
2.1 «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқытуда оқыту технологияларын қолдану	32
2.2 Кәсіпкерлікке оқытудың қазіргі тәсілдемелері	34
2.3 Кәсіпкерлікке оқытудың кейбір қолданыстағы шетелдік бағдарламалары мен тәсілдемелер	36
2.4 Бизнес кейстер негізінде оқу сабақтарды өткізу	41
2.5 Оқу процесінде геймификация әдісін қолдану ерекшеліктері	63
